

**XX
ҒАСЫР**



ӨЛЕНДЕР

А. Қанғожин



Жазайын мына сөзді Мүтәллапка,
Тараған абройы шартарапка.
Ағашы ат байлайтын Солтүстіктің
Тапсырдым сені, қалқам, жеті аруаққа.

Таусылмас бар тілегім, бар алғысым
Әр кашан жетіп жүрсін саған құсым.
Ризамын осы сөзім білдіре алса
Сен деген аға жүрек жоралғысын.

10. 08. 92 ж. Гафу.
Қызылжар.

Риза

Мүтәллап оқушы қауымға көптеген танымалы ақын.
Оның алғашқы жинағын жұрт жылы қабылдағаны мәлім.

Мүтәллап өлеңдері өзінің жылылығымен, ойлылығымен
көңіл аударарды. Әсіресе қуанарлық жәйт—жас ақында аза-
маттық үн басым. Дала жөнінде, даланың жайсаң жанды
адамдары жөнінде барынша тсбірседі. Өз шығармасында
өлеңнің бар қаруын толық пайдалануға ұмтылады. Тенсүле-
рі қонымды, тілі шұрайлы.

М. Шағатаев

УВАЖАЕМЫЙ МУТАЛАП! И ТЕБЕ ОДНОМУ ИЗ НЕ-
МНОГИХ ЖИВУЩИХ СРЕДИ СВОИХ ГЕРОЕВ СТУКНУ-
ЛО 50. ЭТО ВОЗРАСТ ТВОРЧЕСКОЙ ЗРЕЛОСТИ ЖЕ-
ЛАЮ ТЕБЕ В ЭТОМ ВОЗРАСТЕ ТВОРИТЬ ЕЩЕ ЛУЧШЕ!
С ПРИВЕТОМ ОЛЖАС СУЛЕЙМЕНОВ.

Олжас Сулейменов




Мүтәллап
ҚАНҒОЖИН



ПЕТРОПАВЛА
1997 ж.

32048



Сіздердің назарларыңызға ұсынып отырған осы өлеңдер жинағының авторы өзіміздің жерлесіміз Мүтәллап Мұхамәдұлы Қанғожин. Мағжандай алыпты, Сәбит пен Ғабиттей сөз зергерлерін дүниеге әкелген шағын ғана облысымыз тума дарыннан ешуақыт ада болып көрген емес. Мүтәллап Қанғожиннің отыз жылдан аса шығармашылық өмірі осы ақиқатты дәлелдегендей.

Мүтәллап 1937 жылы Ленин ауданындағы Қараағаш ауылында дүниеге келген екен. Бұл ауыл ақ қайыңды ормандар арасына орналасқан. Ақынның өзінің алғашқы өлеңдер жинағына «Ақ қайыңдар аралы» деп ат қою да осыдан болар. Жалпы, біздің өмірдің табиғаты екі жол сөзді ұйқастыра білмейтін адамды да ақын еткендей: әсем, сұлу, дархан. Сол табиғат алақаны аялап өсірген Мүтәллаптың жүрегінде поэзия сазы ерте дүсір қалқаны сөзсіз.

Оны қоршаған табиғаты дархан болса да, Мүтәллап бұла болып өспеді. Олай өсуге қысаң заман, қатыгез жылдар ерік бермеді. Әкесі Мұхамәд болашақ ақынның алты жасында өмірден өтті. Есейген жалғыз ағасы Мүбәрак қан соғыста қаза тапты. Шешесі Бәтін кіші баласын тісімен тістелеп жүрiп ержеткізді. Әкесіз қалған жетімдікке оның сәби шағымен тұспа-тұс келген соғыс зұлматын қосыңыз. Қысқасы, Мүтәллап есін білер-білместе ешкімді есіркемес қатал кезеңнің жүздеген, мыңдаған өз құралшылары тап болған барлық қиындығы мен қасіретін бастан кешіріп өсті.

Менің бұл сөздерімнің басты дәлелі — ақынның өз өлеңдері. Прозаны қару еткен жазушылардың дені артына өздерінің өмірбаяндық еңбектерін қалдырған екен. Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» атты трилогиясы, Ғабит ағамыздың «Көз көргені», Ғабиден Мұстафиннің «Сарыбаласы». Ал ақындар арасында: Менің өмірім осылай өтіп еді», — деп өмірбаянын жазып қалдырғандары некен-саяқ қана. Менің пайымдауымша, мұның негізгі себебі — ақынның бар өмірбаяны, өмірде көрген — түйгені, күйініші мен сүйініші оның өлеңдерінде түгелдей дерлік өрнек табады. Егер осы сөзім шындыққа сайса, Мүтәллаптың өлеңдері — оның өмірі, өмірбаяны дер едім.

Ол өлеңге ерте мектеп қабырғасынан әуес болды. Әсіресе, Смирновтағы қазақ орта мектебінде оқыған екі жыл ішінде ол поэзияға шынымен ден қоя бастады. (Өкінішке орай, ол мектеп өзге де көптеген қазақ мектептерінің көңілсіз тағдырын құшып, жабылып қалды). «Сол мектепте жүргенде қа-

зақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген Әлі Мұсаханов деген ағамыз менің көңілімдегі өлең бұлағының әлі жабулы жатқан көзін ашқандай болып еді», — деп есіне алады Әлі ағамыз М. Қанғожин

Мүғаллап төрт өлеңдер жинағының авторы: «Ақ қайыңдар аралы» (1969), «Қызылжар» (1974), «Қосрай шалғын» (1979), «Айдың-шалқар» (1986). Міне осы жинақтардың қайсысын алып оқысаңыз да немесе бәрін қосып оқысаңыз да, менің жоғарыда айтып өткен «акынның өмірі — өлеңі» деген тұжырымыма еріксіз қол қоясыз. Мүғаллап өлеңдерінің ішінде ойдан шығарылған оқиға да, көрініс те, адамдар да, аспаннан алынған жалған сөзім мен түйсік те жоқ. Бәрі де оның өз өмірінен ойып алынған.

Қазір ғой біз бәріміз туған тілдің жанашыры болып алдық. Кез келген жерде: «Тілімізді қорлағанын ұлтымызды қорлағанын!» — деп қызылкеңірдек болып жатамыз. Өйткені оны айтуға бізге еркіндік берілді, ештеңеден қорықпаймыз. Ал бұрын ше? Айта алар ма едік осыны?! Әй, қайдам! Ал Мүғаллап болса бұл ойды сонау алпысыншы жылдары айтқан екен:

— Тілім бар — менің ақыл—ожданым бар,
Тілім бар — жүрек жылытқан өз қаным бар.
Өз тілім тербетеді, тсбірентеді,
Тіліме тіл тигізсеңдер,
Қорладыңдар!

Тап сол кезде осыны осылай деп айту үшін көзсіз ерлік керек демей-ақ қойып, бірақ нағыз ұлтжанды жүрек қажет болғаны сөзсіз!

Мүғаллап өлеңдерінің басты өзегі туған жері десем артық айтпаспын деп ойлаймын: «Өскен жер», «Туған жер», «Қара ағаш», «Төркемді», «Нөгербек», «Жолдыөзек», «Балық тым», «Жолдыөзектің ақ таңы», «Әуілдек», тағысын тағылар. Осы өлеңдердің аттары-ақ акын өскен өңірді көз алдына айқын елестеткендей. Ал ауылдастары үшін бұл өлеңдер олардың өз өмірбаяндары іспеттес.

Туған жердің шар тарабын
Бар ма ыстық көрмейтін жан, — деп
бастаған акын: Осы жерден бәйіма күш-әл тарап,
Үйренгенмін ауырлықты аркалап.
Осы жерде өксіп, мауқым басқамын,
Осы жерден көрінеді шар тарап!

—деп бар болмысымен өзі өскен өңірден кіндігі үзілмей келе жатқанын паш етеді. Паш етіп қана қоймайды, мойындайды.

да. Өйткені ол өзінің ақындығымен Қараағашына, Жолды-өзегіне, Балықтысына, Есіліне парыздар.

Жоғарыда айтып өткендей ақынның балалық шағы соғыс жылдарымен тұспа-тұс келді. Сол соғыста туған ағасы шәһит болды. Әкесі де сол тұста ауырып дүниеден өтті. Сондықтан ақын шығармашылығында соғыс тақырыбының да қомақты орын алуы өмір заңдылығынан туындайды. «Соғыс десе дір етеді. жүрегім», «Солдат қабірі», «Он жетіде едің», «Жаралы жауынгер», «Қол дңірмен», «Сарғыш хат», «Соғыс жылы болатын», «Қырық жыл қырғын біткелі», «Жеңіс күнді еске алсам», осы аталған өлендер тақырыптарынан-ақ көрініп тұрғандай, ақын жүрегінде соғыс табы ақтық демі біткенше өшпейтін із қалдырған. Сондықтан да оның

Әлі талай аналар боздағым деп,

Күңірентер даланы боздақ үн көп

Көз жасына көмілген ауылдарды

Ұмтылғамын құшақтай жаздағым кеп! — деп айтуы бізге де түсінікті болса керек. Бұл тек Мүтәллаптың ғана емес, соғыс қасіреті шарпыған барлық жүректердің айтар сөзі.

Мүтәллап Қанғожин алғашқы еңбек жолын өз ауылында трактордың тіркеушісі болып бастаған екен. Сосын мұғалім, комсомол қызметкері. Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін сырттан оқып бітірген. 1966 жылы облыстық телестудияға қатардағы редактор болып келген екен. Содан бері осы ұжымда отыз жылдай табан аудармасын қызмет етіп келеді: аға редактор, бас редактор телехабарлар директоры, қазір бірінші басшы. Қазақстан Жазушылар Одағының, Журналистер Одағының мүшесі. 1989 жылы Журналистер Одағының сыйлығына да ие болған. Одан ертеректе «КСРО телевидениесі мен радиосының озаты» атағы берілген. Осыдан бірер жыл бұрын «Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері» атанды. Осының бәрі оның мәдениет пен журналистика саласында сіңірген елсулі еңбегінің де адал бағасы іспеттес.

Жігіт ағасы болған шағында Мүкең қаламынан шыққан мынандай бір ауыз өлең бар:

Арулар кейде қарайды-ау

Көзімен арбай,

Тесіліп...

Қаңыраған кеудем — сарайда

Ойнақтар бір тай шешіліп.

Тегінде, бұл жастық шағын, албырт кезін қиғысы келмеген
ақын көңілінен шыққан ынтызар жолдар болар. Бірақ қалай
айтса да Мүтәллаптың өзін тұғырдан түскендей сезіпбейтіні
анық.

Екіндіге аума,
Тас төбедегі, оу жарық күн,
Әу баста сенен құштарлық отын алыппын
Кеудемде менің
Көкпарым толас таппасын,
Жеңуім үшін от сезім керек,

Соны ұқтым!—дейді ақын «Көкпар» деген өлеңінде. Десе
дегендей, ол әлі де өзінің өмір көкпарында жүргендігін сезі-
ніп, кеудесіндегі от сезімнің сөнбеуін қалайды. Оның сөнбе-
сіне оқырмандары сенеді. Сеніп қана қоймайды, одан әлі
де сол сезімнен жаралған жаңа жырлар күтеді.

Кеше ғана дүниеден өткен қазақтың біртума ақыны Ғафу
Қайырбеков Мүтәллап інісіне арнап бірер ауыз өлең жазып
қалдырған екен:

Жазайын мына сөзді Мүтәллапқа,
Тараған абыройы шартарапқа,
Ағашы ат байлайтын Солтүстіктің
Тапсырдым сені, қалқам, жеті аруаққа!

Оқырман, сіз қолыңызға алып отырған осы жинақ—ақын
ағасы «Солтүстіктің ат байлар ағашына» теңеген Мүтәллап
Қанғожинмен жыр белесінде кездесуіңіздің басы емес екені
қаншалықты ақиқат ~~болса~~, соны да емес екені соншалықты
шындық. Сбған шүбәсіз сеніңіз!

Мәлік МҰҚАНОВ



САРЫАРҚАМ — ОРДАМ

О, менің кербез керілген шабытты шалқар, бай далам,
Өзім туған босағам, қасиетіңнен айналам.

Кіндігімді кескенде, топырағыңа қан тамған,
Құдіретті жер самалын сіміріп келем әр таңнан.

Міндеттімін далама, борыш көп өтер мен бүгін,
Алып келе жатырмын көл-көсір оның кеңдігін.

Алдымда алып сен жатсаң, көкжиектерге қол артып,
Мен үшін ұлы мәртебе, бәрінен де сол артық.

Төсінде жүрсем, төбемде асқақтап қетер аспан да,
Бұлбұл болуға әзірмін, қойнауың шуақ шашқанда.

ЕЙ ТУҒАН ЖЕР

Ей, туған жер!

Өзіңе ұқсап жүремін деп қашанда,

Құшағымды, көкірегімді өмірге кең ашам да,

Көріңдер деп айқай салам бар дауыспен жанымды,

Шуылдаған орманым мен күлімдеген тапымды!

Қызықтандар, ей тіршілік, кеудемдегі ақ гүлді,

Қызыл гүлді, сары гүлді, жанып тұрған ақ күнді...

Ей, туған жер, адамдарға берсем деймін барымды,

Жемісімді, жеңісімді, мөлдіреген арымды!

Тынымсыз боп жаратылған жүректегі дауылды,

Толlassыз боп төгілетін өлеңімді — жауынды!

Ей, көріңдер бәрің тегіс жұлдыздарды жанымнан,

Жарқылдаған алаулы отты, күшті алапат қанымнан!

Мені қалай дең-сал етсін бойкүйездік тап-тап басып,

Асау қаным өзендей-ақ арнасынан жатты асып!

Содан ба екен еңбекшілмін, о алып жер, өзіндеймін,

Қол жұмыстан босамайтын көктемдегі кезіндеймін!

ОТАНЫМ

Отан десем, ойыма оралады өскен жер,
Қайың-талдың кекілін сипай майда ескен жел...
Такырда асық атысып, талай дауды шешкен жер,
Балак түріп балықты балдырларын кешкен көл.

Көз алдымда көлбеңден, қой күзеткен шақтар тұр,
Қошқар мініп сайысып, шаңға бөгіп жатқан қыр..
Көкіректен төгіліп бала сезім жыр болып,
Бақытымды ең алғаш жер еді ғой тапқан бұл...

Отан десем, көңілді елеңдетер ауыл да,
Балак түріп шабатын құйған жазғы жауын да...
Құрт-майларын алдыға жайып салар қауым да,
Кетіп бара жататын қыздар кешкі сауынға...

Отан десем есіме шалдар келер сөйлескен,
Отан оты сөнбесін, аман болсын ел дескен!
Отан десем, есіме сәби түсер шуылдақ,
Жігіт түсер есіме қыр төсінде белдескен.

Отан десем, есіме келеді алып қырат-қыр,
Қырат қырда қаптаған еңбек еткен трактор,
Отан десем, есіме түсер бәрі қалыспай,
Жүрегіме құйылып жылы-жылы шуақ бір...

Сен болмасаң Отаным, өмірде ұлың болмас та!
Өзің жайлы жыр басқа, өзің жайлы ән басқа!
Сүйсем мәңгі ұлы Отан...

Және іштей тілеймін, —
Дүниеде еш адам Отансыз боп қалмасқа!

ӘЛЕМДЕ ОРЫНЫ БАР, БІРІ АЛЫПТЫҢ

Ежелден тағдыр бізге нәсіп етті,
Қорлықты, бодандықты, қасіретті.
Сталин сойқанынан көрген зұлмат
Бар сұмдық, бар қырғыннан асып өтті.

Оны айтсам сөз жетпейді, тіл кесіліп,
Тіпті де шықпайды екен үн есіліп.
Көзімнен қанды жасым сорғалайды,
Домбыра боздауымен бір көсіліп.

Солқылдап өзімді-өзім тоқтата алмай,
Сыймаймын әлемге осы әсте тардай.
Кей-кейде өзіме-өзім тоқтау айтам,
Тәуелсіз елміз гоі деп аты дардай.

Көңілге сол медеу боп қуанамын,
Кеудемді айқара ашып құп аламын.
Жестерміз арманға да, кейін тастап,
Батпанды қиындықтың бұралаңын.

Үрей мендеп, шошынып тіл қатпаған,
Адамды дңірмендей ұнтақтаған.
Заман-ай, сонша қаһар болармысың,
Жалының сыртқа теуіп бұлтақтаған.

Заман-заман деймін де күрсінемін,
Түнек түтеп тұрыпты күнсіз елім.
Сар далада итиген бөрі мүжіп,
Аштық қырған қазақтың қу сүйегін.

Ұлттың гүлі өртенді не бір асыл,
Қыршынынан қиылды не қыласың.
Қазақ өзін жалмады жалмауыз боп—
Бауырын, ағайынын, тұрғыласын.

Жын болды ма білмеймін, аң болды ма,
Сығыр көзі жасаурап қан толды ма?
Өз ішінен жау іздеп, жағаласты,
Есі кетіп, бастары даң болды ма?

* Табы қалған қолында бұғалықтың,
Басынан не өтпеген бұ халықтың,
! Сорлы деуге ауызым бармай-ақ тұр,
! Әлемде орыны бар, бірі алыптың.

МЕН ТУҒАН ЖЕР

Бәрібір емес адамның қайда туғаны,
Қай жердің суы кір көйлегін жуғаны.
Балалық шақта балақ түріп жүгіріп,
Қай даланың көбелегін қуғаны.

Өзім туған топырағында даланың
Сінген ащы тер иісі бар бабаның.
Көктем сайын аңқып шыққан хош иіс,
Бұрқыраған қымызындай сабаның.

Ескен желде дауысы бар гүндердің
Сел — тасқыны басып кетер үндердің.
Дұшпандарын шаншып қалған жебелер —
Қалампырлар көкесі сан гүлдердің.

Балықты көл толқынданып, алқынған
Жағаны ұрып, құм кемерге шарық
Махабаттың отын ұрттап өртенген,
Ақан атам көз жасы ғой сарқылған.

Сыр көп жатқан қасқа жолда бұралып,
Қоңыраулы керуен өткен шұбалып.
Ерке Есіл қастарға емес, достарға
Құшақ жайған, осы жолда күп алып.

Өзім туған қырдың күміс күні бар.
Қыздарының шаштарындай түні бар.
Қызылжарда Абылайға ұсынған
Сарыарқаның жанып тұрған гүлі бар.

Аспаны ма?
Аспаны да тым алып.
Қиырына қыран жетпес қиналып,
Түс-түс жақтан түйілгенмен күркіреп,
Бұлттар оны жаба алмайды жиналып.

ТӨРЕКЕЛДІ

Армысың, ата мекенім,
Аршалы, қайың, құба тал?!

Шаттықты маған әпердің
Өмірлік бойға қуат-әл...

Самалға шешем тербеткен
Құндақтап мені шуаққа.
Қойнында өскен терекпін
Жапырақ жайып жан-жаққа.

Желпініп жасыл желскпен,
Көлінде қуың ән сапты.
Қара құр нуың күзеткен
Думаның сенің аңсатты...

Байқамай бұрын жүріппін,
Жайнаған жасыл жаннатты.
Тулатып қаның жүректің,
Көңілдің құсын сайраттын.

ЖОЛДЫӨЗЕКТІҢ АҚ ТАҢЫ

Жолдыөзектің ақ таңы атады жай,
Қимай-қимай даламды батады Ай.
Өрілмеген шашылып, сусылдаған
Толқын шашын тарақтап жатады сай.

Естілмейді мылтықтың шаңқылы да,
Жаралы қоңыр қаздың қаңқылы да.
Біздің жақта інген де боздамайды
Аспан толып аққудың саңқылына.

Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап,
Сүт пісірім таңменен ымырт тарап.
Дала, дала, тосады күнге жүзін
Сарыарқа саумалынан бір ұрттап ап.

Біздің жақта сәбилер жыламайды
Шайқалмайды, шапырақ құламайды.
Қырқаларда қырмызы гүл өссін деп,
Көлеңкелер далаға сұламайды.

НӨГЕРБЕК*

О, «Нөгербек», мен сенің тамшы қаның,
Майысып жаңа ер жеткен тал—шыңарың.
Нәр татып, жұпар жұтып таза ауаңнан
Ластықтан жанымды аршығанмын.

Шаттықтан шарап ішіп мастанбаймын,
Қайғыдан қара түнск жасқанбаймын.
Тірлікте бәрі дағы керск тегі,
Бәріне де кеудемді ашқам дәйім.

Сүйемін ұшқырлықты қарлығашша,
Сермеймін құлашымды арғымақша.
Сүйсінсін серпініме дос қуанып,
Дұшпаным басын иіп, шағым айтса.

Алшандайтын қиындық қорысынан,
Арқаның мен кәдімгі бөрісі нән.
Дегенменен біреуге көз алартып
Маған жат жұла тарту ырысынан.

Қорғаушым, қолдаушым да — адалдығым,
Белгісі адалдықтың — адамдығым.
Кешірім ешқашан да жасама сен,
Туған ел, сезілсе сәл жамандығым.

Албырттық артқа тастап балалықты,
Сыйлапты уақыт маған ағалықты.
Қайсармын, қайыспаймын, қаймықпаймын
Елім соққан құрыштан тағам мықты.

Қазықтай жерге еңсем де бел — ортамнан,
Түсірмен өмір жүгін жон арқамнан.
О, елім, қиыңа жұмса мені,
Түлекпін өз қойынында қанаттанған.

*Жер аты

БАЛЫҚТЫМ, МЕНІҢ БАЛЫҚТЫМ!

Тұңғиық аспан көгіндей,
Шалқыған шаттық көңілдей,
Ботаның мөлдір көзіндей
Балықтым, менің Балықтым.

Ақкудың сайрап сұңқылдап,
Үйрегін ұшқан сымпылдап,
Балығың ойнап бұлтылдап
Балықтым, менің Балықтым.

Құмында сенің ақ қайрақ
Ойындар қуған атойлап,
Балалық іздер тұр сайрап,
Балықтым, менің Балықтым.

Айдының сенің айналы
Мөлдірліктің айғағы,
Бола бер дәйім жайдары,
Балықтым, менің Балықтым.

Жүзімнен сипап желің де,
Балығың ауда тебінді,
Тербейсің қалай сезімді,
Балықтым, менің Балықтым.

Сырларын жұтқан талайдың,
Сыбызғы үнді ақ айдын,
Құштары ма едің ағайдың?
Балықтым, менің Балықтым.

Ойларды қозғап сан қилы,
Шағала қиял шалқиды.
Бұзбаспын асыл антымды,
Балықтым, менің Балықтым!

32048

ҚАРААҒАШ

Қараағаш — туған жер ауылым,
Қараағаш — дархан ел — қауымым.
Таң болып қалар ең бір көрсең,
Көкшенің тетелес бауырын.

Көк белес, нулы орман жан-жағы,
Ол қашан кемелге толғалы.
Төсінен ақ жамбы шашылған,
Шіркіннің базар-ау, бар маңы.

Самалы сергітіп жаныңды,
Ойнатад жүректе қаныңды.
Шырқап-ақ кетесің көктемгі
Көңілге қоныстап таң үні.

Жағаңа келдім мен тандатып,
Алайын құмарды талдатып,
Күміскөл, айбындым, аяулым,
Суыңа қойған ба бал қатып!

Күміскөл, ақ бұлтпен арбасқан,
Жазбаған жырымсың — зор дастан.
Жағаңнан ән шертіп өтіпті
Әнші Ақан, сері Ақан талмастан.

Жан-жағын думан ғып әндетіп
Өтіпті ол ойы ояу, жан мертік.
Құлагер қу басын құшақтап,
Аққу, қаз, тырнаңды жаршы етіп.

Ақанша алысқа карадым,
Құмарта сіміріп таң әнін.
Кетемін қиялмен ілгері,
Қызықтап елімнің ғажабын.

ҮЙІМЕ

Қішкентай менің осы үйім —
Сәулетті сарай, кең жайлым.
Ертеңге отын тасимын.
Өршітіп нелер кенже ойдың.

Қадалып талай Айға анау,
Сырластым тәтті қиялмен.
Көңілім — көрік, ой — алау,
Желпиді бөркін қиялдың.

Мүлгіген үнсіз қабырға,
Бөлмеге тұнған тыныштық.
Сезімді шертіп сонарлы
Жүректен туды жыр ыстық...

Қуаныш, қайғы кесесін,
Толтыра іштім осында.
Ғажайып түннің нешесін.
Өткіздім жардың қасында.

О, үйім, менің — отаным,
Қойшыңда құт бар — мол бақыт.
Өмірдің алтын оттарын
Лаулатам сенде әр уақыт.

АҚ ҚАЙЫҢДАР АРАЛЫ

Ерке Есіл Арқа — аруы сылдыр қаккан,
Тентектік мінезі бар тезге батқан.
Ақ төсін таңғы арайға аймалатып.
Меруерт күлкісімен қырды оятқан.

Қу қонып, ну жиектеп жағалауын,
Қаз-қатар қаулай өскен бала қайың.
Жалт беріп өте шығад шәйі шалқар
Көтеріп күміс оқа орамалын.

Ежелден елеңдетіп ел құлағын,
Шертеді нәзік күйін домбыраның.
Ұзаққа ұзатылған жас арудай.
Ойнайды ерке желмен орғып ағын.

Ақ қайың атырабы — оқалы орман
Бойына бауыр басып бабам қонған.
Кереге — уық жонып құба талдан
Алысқа көз жүгіртіп ойға шомған.

Қатпарлы қия тасты белден басып,
Жер тоңын жібіткелі жолдар ашып,
Шөлдеген жан-жануар сені көріп,
Бас қойды дала кезген іздеп нәсін.

Жасырып ішке түйген сырларың көп,
Жағаңнан керуен көшкен қырларға өрлеп.
Жарыңнан төне қарап мен де тұрмын,
Қөне күн шежіресін тыңдаймын деп.

Тасыңа жанып талай тай тұяғың,
Жүіректер шапқан, тігіп қос құлағың.
Дүрлікес арыстан жал толқындарың
Шапқын ба, тосын шыққан деп қаламын.

Қиіпсің кезінде, рас, мұздан қаптал,
Жойқын күш тұншықтырып, десе: «таптал»
Жұлындай омыртқаның ішіндегі,
Тіршілік өзегі боп таңды ақтар.

Тербетіп бойындағы тіршілікті,
Ағынын алға асулап өршініпті.
Жағаннан ер Қосайлар жауын қуып
Құлшынып қызыл жарға ту тігіпті.

Ақ қайың — үкілі орман жайған канат,
Сыңсиды жыр тартқандай айдан ғажап.
Жүректей тынбай соққан тар кеудеде
Тулайды бура толқын жардан құлап.

Ежелден ел жайлайды қос қанатын,
Жағалай ұялы орман құс қонатын!
Жағада жалгасады жаңғырықтар
Той-думан!.. Бәйгеге жұрт қосқан атын.

Әң мен күй ақ қайыңдар аралында
Ұшқан құс, жүгірген аң, маралып да.
Балғадай балықшының қарын үзіп,
Шоршынды жібек аудап алабұға.

«Алқаағаш», «Аралағаш», — ашақ орман,
Ырғалған айнымайды ақ маралдан
Аралы ақ қайыңдар менің жұртым
Қойнында туған талай антап — арман.

Ақ жалды арнасынан—құлан қашып,
Уақыт зымырайды қылын басып,
Сырласып-сыбырласып ерке Есілмен
Толқынға жүрегімді жүрмін ашып!

ЕСІЛ БОЙЫНДА

Жамырап өрген қозыдай
Алдымнан шықты толқының
Жырым ба ең жүрген жазылмай
Көтеріп қырға қолтығын.

Мен де бір құсың ұянда.
Баса алмай жүрген аптығып.
Құя бер қуат құмарға,
Өзің боп ән-күй — шаттығым.

Орғисың өрге ойнақтап,
Жаңғыртып жар мен жазықты.
Ала алмай нәріңді оймақтап,
Болып та жүрмін жазықты.

Күмістей үнің сылдырап,
Тынымсыз әнге саласың,
Беліңді нәзік мың бұрап,
Күлімдеп ағып барасың.

Айнала қоршап ақ толқын
Көбігін шашты жарға аппак.
Жаңағы шыққан тәп-тәтті ән.
Кетіп те қалды-ау, аулақтап.

Ойланып қан ем сол бір сәт —
Балалық кетті өзіңмен.
Бала боп тұру емес шарт,
Мәрттігім қалсын өзіммен.

Қызылжар, 27 март.

ӘУПІЛДЕК

Қызықтап Балықтының әупілдегін,
Мен талай қайталадым, әупілдедім...
Күніне неше қабат тыңдасам да,
Құбылып естілетін әр күндегі үн.

Тыңдаушы ем демім тартып тына қалып,
Жаныма сарқылмас бір бұлақ алып...
Қиналды-ау айдын көлді көтсе алмай,
Деп кейде толғанушы ем жылап анық...

Көл көркін қызғанғандай мың табалап,
Бір қаскөй күмпілдетіп су сабалап,
Ал кейде көлдің бетін, қамыс ішін,
Жаңғыртып тұратындай ит абалап.

Сыбанып ақ білегін, түріп балтыр,
Қір соқан келіншек не суда жалтыр? -
Жағада жалғызсырап өскен қайың,
Даусына әупілдектің әлі таң құр.

Мен де таң, мен де тұрғам қайран болып,
Көкейге сансыз балғын ойлар қонып...
Зор үнді әупілдікті алып қой деп,
Іздеуші ем қамыс көлді бойлай шолып.

Тағы да қарап тұрмын өріңе кеп,
Балықтым, әупілдегің көрінер деп.
Сағындым даусынды титтей құсым,
Өзге үннен жеке-дара өрілер көк...

Әупілдек ұқсамайды Тауысыңа,
Еш құстың дауысы келмес дауысыңа.
Көл сәні ол, көл үшін тек дара туған,
Даралық әсемдіктің туысы ма?!

«ӨРНЕК» АУЫЛЫНДАҒЫ ЖАРТАСТЫ КӨРГЕНДЕ

Ауылдың алды жақпар тас,
Міз бақпай қалған мелшініп.
Қалапты ірге қатарлас,
Осынау тасты ел сүйіп.

Қалайша сырын ақтармас,
Елпілдеп келген ұланға ол.
Қадалып қалдым қақпай қас.
Төсінен ұшар қырандай.

Жақындап келдім тұсына,
Жарына тұрдым сүйеніп.
Сүйсіне қарап сұстыға,
Сырларын ұқтым киелік...

Жылқышы ма әлде аязда
Күрлікке малы омбығып —
Жылқыдан тартып жаны аза,
Жартас боп қалған домбығып?

Тұлпарын байлап ақырға,
Буырқанған төстеп күш—
Қорғаны болған батырға ел
Қойды ма әлде ескерткіш.

Соқты екен қанша дауылдар,
Шырғалап шынды осынау
Жеңісін тойлап қауымдар,
Қонды екен қанша қосындар?

Махаббат деген мықты ғой,
Ажалды жеңген алпауыт!
Жүрегін тосып шықты ғой,
Батырын елі қарсы алып

Ғасырлар шөккен, ел бекіп,
Бұ да бір жердің шоқтығы.
Келемін мен де желдетіп,
Ұсынып жырдың шоқ гүлін.

Межесі биік мергеннің,
Жауға атқан оғын жебедең.
Қарт батыр, саған қол бердім,
Арнайы іздеп кеп едім!

Тұлғалы екен тұрысың,
Бойында бұққан қайрат бар.
Кенейіп бүгін тынысың.
Кейпің бар талай таңды ақтар.

ҚАРААҒАШҚА

Қараағашқа «жабысқан»

Әлі қаңқу көп екен.

Онда өмірмен табыскам

Одан ыстық жоқ мекен.

Туган үйім, ауылым,

Алтын ұям — «Қараағаш»

Оның қарын, дауылып

Қарсы алам шығып жалаңаш!

АУЫЛДЫ САҒЫНУ

Ауылымды сағындым... ауылымды,
Ауылдағы тентектеу бауырымды.
Ойнақтаған құлынның қоңырауы
Күмбірлей ме, естимін қоңыр үнді.

Көкей күйін пернеге қондыратын.
Күмбірлетіп қара шал домбырасын,
Тәтті әуен бойды алып балқытатын,
Бабамның еске салып мол мұрасын.

Шайға отырар мезгілі бар ауылдың.
Естіледі ызыңы самауырдың,
Күрең шайдың иісі бұрқыраған
Танауымды қытықтар... жанауым мұң.

Соқыр теке ойнайды балалар да,
Балалықты іздеген таба алар ма?!
Қызыл кеште қызарып өзілдейді,
Жеңгейлер құрыш тұлға ағаларға.

Шошалада ұйлығып түтін көшкен,
Шешем ет ыстап жүр кеше кештен.
Бір омыртқа саған деп арнайы ілді,
Сүрдің иісі келеді желмен ескен.

Кеудемде жыр боп сезім ағылғанда,
Шырағы сағыныштың жағылғанда,
Тартып кеткім келеді-ау ауылыма,
Ауылымды өлердей сағынғанда...
Сағынғанда...

ӨСКЕН ЖЕР

Неткен көркем еді шіркін, бұл аймақ,
Оның маған әр бұрышы ұнайды-ақ.
Жұпар ністі балаусалы жонына
Жата кеткім келеді ылғи мың аунап.

Жетегіне жебеу болып неніс ойдың,
Осы жерде етек жиып, есейдім.
Кей кездерде көл басынан кеш қайтып,
Іренжіткен үрейін ап шешейдің.

Осы жерде жыр қуалап, күй ұққам,
Балауса шақ қызығына құныққам.
Алғаш рет жүрегімді тербеген
Әлі есімде сәулем айтқан сүйікті ән.

Үйренгенмін ауырлықты арқалап.
Осы жерде бойыма күш — әл тарап,
Осы жерде өксіп, мауқым басқамын,
Осы жерден көрінеді шар-тарап!

АУЫЛДЫ ЕСКЕ ТҮСІРДІҢ

Теміртасқа.

Босағамды аттағанда-ақ аңқылдап,
Көзіме оттай басыласың жарқылдап.
Науша шағым елес бере бастайды.
Көк айдыңға қаздар қонып қаңқылдап,

Айхай айдың! Көкалалы көктемім,
Көңілде күн, төккен нұрын көкте күн.
Сен әкелдің қайран туған жерімнің
Аунап асыр салған мамық көктерін.

Ой қуалап, ауыл ішін ақтаймын.
Қалай ғана ағайынға соқпаймын,
Шеттегі үйдің терезесі алдында
Өзім еккен қол бұлғайды ақ қайың.

Мектептегі өз үнімді тыңдар ма ем,
Көз алдымнан өтіп жатыр гүл дәурен.
Әлі тұр-ау дөң басында сары бала,
Сынық-сынық шаңғыларын бұлдаумен,

Жүгіріп жүр көрмей ана тынымын.
Көкірегіне басып хатын ұлының.
Оқып берші, — дейді әркімге, — майданнан
Ораламын деп жазыпты, құлыным.

Босағамнан енгенде сен жымнып,
Ауыл көшіп келгендеймін жиылып.
Жүрегімді елжіретіп жылы ағын,
Сезімдердің талшығына құйылып.

Сыбырлама көк талдар, көк теректер,
Сатырлатпа, канатты көкте кептер.
Абалама котанда көк төбеттер.
Жер—бесікте дән бөбек қалғып жатыр.

Зымыран жел, жүгірме, суылдама,
Бал арасы тынымда, дуылдама.
Құрақ біткен көлдегі шуылдама.
Жер—бесікте дән бөбек қалғып жатыр.

Тыным алсын, әзірге ол құндағында,
Сосын дүрлер, торқалы тында, мұнда
Дәулет әнін келеді тыңдағым да
Тспіз—сгін тербеліп тұрғанында.

АЗАТ БАТЫР

—Жау қуып бара жатыр малымызды,
Батыр-ау, талапай қып барымызды.
Сұсты кол тоқтар емес, тайпауға бар
Қылыштап, судай шашып қанымызды.

Зер дауыс жалынғандай болып шыққан,
Ауылды дүрліктірді күзекте ыққан.
Азатты аласұртты әлгі дауыс
Секілді өңменіне қанжар сұққан.

Жарқыраған көзінен жалын шашып,
Көкірегін ызапың зілі басып.
Қылышын ала салып, көйлекшең-ақ
Атқа қонды, көрген бе ол жаудан сасып.

Қаны тасып, кеудеде жүрек тулап,
Құлагында алапат дауыл шулап.
Атына емес, мінгендей ашуына
Жауға шапты — қауындай басын тұрап.

Намыс деген кетеді ашындырып,
Әлде қайдан күш бере тасындырып.
Сертті шақта келеді-ау адамға ол.
Алмау үшін дұшпанды басындырып...

Намыс, намыс батырды ашындырған,
Жауға тиді ол қырғидай жасыл қырдан.
Ойран салды дұшпанға өзге ерлер де,
Жапа ғана Азат кеп басын құрған.

Атпайды енді бұл жерде қорғалап таң,
Жүрмейді енді үреймен жорғалап жаң.
Шайқастан соң тыныстап тұрды батыр.
Тілімденген денеден сорғалап қаң.

Тау — төбенің басында жалғыз қалып,
Сүйеніп тұр найзаға нағыз алып.
Таудың атын қойыпты Азат — тау деп,
Азатты ар, намыс деп елі танып.

ЖАЛҒЫЗ ТАУ БАУРАЙЫНДА

Аңыз — баллада

Құлпырып жалғыз таудың төңірегі,
Қарақат, жидек, шие төгіледі.
Өрмелеп жотасына қарағайлар,
Қайың—тал алқасына өріледі.

Сыңғырлап жөнеледі тастан құлап,
Ақ бұлақ орман ішін аққан құлап.
Нәп-нәзік саз ойнайды, күй толғайды,
Тау іші ән базары жатқан дулап.

Жалғыз тау Алатаумен таласпайды,
Көк тіреп ақ бұлттардан әрі аспайды.
Көкшенің теріскейі бір сілемі
Арқаның алқасы онсыз жараспайды.

Жалғыз тау сар далада тұрған бекем,
Ақ жүзін самалменен жуган екен,
Га-гакку сырлы сазды арман құсы,
Адамдар тамсануға туған мекен.

Адамдар шаттануға канат қағып,
Ән өрген домбырамен қабатталып.
Күмбір үн сыңғыр әнмен самғай берген,
Тау шыңын орай ұшып тағатты алып.

Аспанның бір бөлшегі сынып шөккен,
Көкшіл тау жапан түзге сырын төккен.
Бұл тауды ән тауы деп атайды ел,
Аққудай ұшыратын жырын көкке.

Қыс-қыстау, жазда—жайлау бар ауылға.
Жалғыз тау, ата-мекен қарауылға,
Бұл елде бесіктегі бөбек те әнші,
Бір себеп әнші тау боп таралуға.

* * *

Шілденің маужыраған күші қандай,
Сайрауық сан түрлі құс сайрағандай.
Гимнін Сарыарқаның шырқап, жырлап,
Ағады Қамсақты өзен үні талмай.

Сағым қандай жүгірген, сағым қандай,
Кең далада көп керуен сабылғандай!
Қойын жайып бір қырда жатыр бала,
Бал дәуреннің базарын сағынғандай.

Қиялдайды ол, тау жақтан көзін алмай,
Батыр болып, бай болып, өзін алдай.
Қалғып кетті ол жантайып жатқан қалпы,
Бір оқиға күткендей төзім қалмай.

Тау мұнартып, бұлт басып төңіректі,
Аласартқан секілді зеңгір көкті.
Жалғыз таудан қария түсіп келіп,
Балаға қырда жатқан әмір етті.

— Қойшы бала, түрегел, бабаң келді,
Мекендеген Жалғыз тау, Жаман көлді.
Байдың қойын баққанмен бақ қонбайды,
Ән айт, балам, сүйсінтер тамам елді!

Елді серпілт, мұңына тұншықпасып,
Тірлігі көңіліңнен бір шықпасын.
Өлі дене, өлексе жан емеспіз.
Деп жүректер жай тауып, тыныш қалсын.

Армандасын жүректер сырлы бакты,
Сұлулықты, пәктікті, жыр бұлақты.
Келешекке қарасын үмітпен ел.
Олардың шат-күлкісін сынғырап тұр.

Ән айтуға тиссең аңыратып,
Құйқылжытып, құбылтып, жамыратып.
Әр дәуірдің болады өз әншісі,
Әйтпесе, қырды аламыз қаңыратып.

Сен дәуірдің болашақ бұлбұлысын,
Сені бұлбұл демеген тіл құрысын!
Жарқырап тұр маңдайын, өнерпазым.
Қапатты әннің қазақта дүлдүлісін.

— Жок, жок, ата, мен тіпті ән айтпаймын.
Әуеніммен ешкімді қуантпаймын.
Қой қайырап шәй— шәйлап дауысым бар,
Әншілікпен сізді еш жұбатпаймын.

Мұның рас, әйтеуір, қой бақпаймын,
Байға онымен бәрібір мен жақпаймын.
Жалшы болып дүниеге келініп бе?
Күні-түні қыллып ой ақтаймын.

Еліміз боп мақтанар есімімен,
Даңқы асқан тоғайлы Есілдіңмен.
Халқымның жүрегіне ұялаған
Қаз дауыс, қалқыған ән, есіл үймен.

Ақын бар' бұл өңірде саңқылдаған.
Күйші бар кеудеде күй аңқылдаған.
Мені ақын, әнші десе бәрі күлер
Ат тағар «ақымақ» деп халқым маған.

Кімсіз деп те мен сізден сұрағам жоқ,
Қорқын сізден көзімді бұлағам жоқ.
Мейлі тәңір, сәусегей, көріп кел бол,
Алдыңызға жығылып құлағам жоқ.
Мен сізден әншілікті сұрағам жоқ.

Күмістей сақал — шашын жалбыратып,
Шал тұрды қос пінін салбыратып.
Қабағын түйіп алды жауар бұлттай,
Дауылдап кетердей бір шаң боратып.

— Тарт мына домбыраны, тентек бала,
Манадан айтқандарың тәлкек қана!
Өнерде әр адамның өз орны бар,
Өр мінез өнерпазда бар тек қана!

Араладым жиһанның төрт бұрышын,
Сендей бала көргем жок, өрт —тынысың.
Ызыңдаған ышжық ән мазамды алды,
Қаптап кетер шыбындай, тарт, құрысын!

Шал қолынан алғанын домбыраны,
Сезбей бала алдына қондырады.
Жауырыны бүлкілдеп, бойы мұздап,
Домбыраның шегін ол мол бұрады.

Жанарынан қызыл от тамшылаған,
Тұғырдағы қырандай аңсыраған.
Делебесін қоздырып, сілкінгендей,
Түлеп кетті кішкентай әнші адам.

Безектемей қос ішек аңырады,
Аңырады га-галап ән ырғағы.
Ұялы аққу аспанда ойнағандай,
Шанақтан төгілді әуен, жамырады.

Бала да домбыраға қосты даусын,
Сұқылдап аққу әуен асты тау-шың.
Бұлт тарап, жайнады әлем, жасарғандай,
Ән кернеп Арқа аспанын ашты да шын.

«Әу» дегенде-ақ алқымы кеуіп — ісіп,
Ән—ырғақ көмекейді теуіп ұшып.
Заңғарларға жөнелді ән ұшқыр қанат.
Жалғыз таудың жақпарын өбіп құшып.

Құбылып бала айтқан ән өрістесін,
Тамсанып, тау да естіп ән періштесін.
Тапданды ауыл-аймақ! Қас сұлуды
Сұлу емес, деп қалай теріс десін.

—Янырау, неткен әуен тамылжыған
Көңілдің кірін жуган, дағын жуган.
Жүректің түкпірінен өрілген үн
Сұқтанып талайларды ол сағындырған.

Мұндай ән естімеген көптен бері—
Сауықшыл қазағымның көк пен жері.
Күтулі ел, осы әуенмен келетіндей
Келмеген жасыл қанат көктемдері.

Қып-қызыл гүлге дала тұнып қалған,
Жел сәтке ызың—күйсіз тынып талған.
Боз торғай, бөденелер даладағы,
Ауызға мықтап тұрып құлып салған.

Әніне өзі салған балқып бала,
Төгілтті, басқа әуенді шалқып жаңа.
Тыз етті жауырыны... ән жоғалды...
Ұйқыдан түрекелді қорқып бала.

Қойы өріп кетіпті даланы ақтап,
Қамшы үйірді балаға бай жалақтап.
Қой іздеген жалшылар сабылумен,
Қырға шауып барады құр далақтап.

Шал да жоқ, домбыра жоқ қолындағы,
Мұрша жоқ жинақтауға ойын тағы.
Бай сабады баланы... зарлап қашты ол
Қан сорғалап жарадан жонындағы.

* * *

Үкілі Ыбырайды ел біледі,
Қазақтың бұлбұлы еді, ел гүлі еді.
Данаға әлем қолын соққан талай,
Менің де арнаған бір белгім еді.

ЗАУАЛ

Жұрт жоктап қапыда өткен қайран атты,
Әр жақта ел бұлбұлы сайрап жатты.
Ішегі домбыраның сынсып жылап,
Әншілер «Құлагерге» байбайлатты.

I. Жансүгір

Ел қайтты мұң арқалап Ерейменнен,
Мастанып Батыраш жүр мерейге енген.
Ер Ақан еңіреді де жүріп кетті,
Қоштасып керейдегі кедейлермен.

Дана адам — еркетайы Сырымбеттің
Келеді жуып жасы нұрын беттің.
Сарыарқа сап-сары ала нұрға батты.
Сұм тағдыр бақытына қырын кеп тым.

Бөрі де апанында бұғып қалып,
Шөп шалмай, су да ішпей бұғы қанып.
Қызғыш құс нәрестедей шырылдайды,
Күндіз-түн шаршау білмей жағы талып.

Даланы мұң жайлаған, зар жайлаған,
Төсінде алас-күлес жын қайнаған.
Желбіреп зұлымдықтың қара туы,
Шындықты шығармастай шырмаулаған.

Өктемдік, дөкірлікті Арқадағы
Күркіреп айтумен бұлт тарқамады.
Астағы ат өлімін, Ақан мұңын,
Толассыз сынсытуда қалқа-дағы.

Ат па еді, Батыраштан ажал тапқан?
Ат па еді, бар жүректі қан жылатқан?
Ат па еді, өлімімен дүннені
Тірі өлік халге әкеліп қаңсыратқан?

Құлагер дүлдүл еді казак үшін,
Талайлар әлі жыр ғып жазары шын.
Тұлпары Сарыарқаның, сыр даланың.
Танытқан өлгенде де аза күшім.

Егіліп жел жылады, ел де боздап,
Тұлпардың өлімі — ақ жанды қозғап.
Жоктаған шығар бұлай қазақ халқы
Өткенде дүниеден не бір боздақ.

Қан тұнған жанарына жалмауыз жан
Батыраш қарғыс алды бар қауымнан.
Ұшқан құс, жүгірген аң — бәрі кекті,
Бәрі өш, айнымайды ол қас жауынан.

Астан соң өтті талай алуан күндер,
Мұң езген зерделі елде қалған сұлдер.
Күңгіреніп Ақан салған зарға батып,
Күрмелін тұрғандай бір шешен тілдер.

Батыраш Құлагердің қанын жүктеп,
Бәйгісің қан аралас алған бүктеп.
Тасынып «ерлігіне» жатты ол үйде
Сабадан сар қымызды ішін күштеп.

Бал қымыз маужыратып, бойын алып,
Ештеңе келтірген жоқ ойына анық.
Мысық мұрт, теке сақал Батырашты,
Төп-төтті ұйқы кетті қойнына алып...

ТҮС

Ышқына кісінеген жылқы дауысы
Естілді, келді ме бір апат—жаушы?
Желіні дертіп келген бие шығар,
— Қатын-ай, алдынан шық, тездеп саушы.

Батыраш қатынына өмір беріп,
Түсінде отыр үйде дырау өрін.
Бір дүбір көп дүбір боп естілді анық
Жау шығар келген мың сан соңына еріп.

Шып састы, қорқып қалды, қалбалақтап,
Жабықтан қарады ол көзі алақтап.
Жау да емес, бие де емес, үй сыртында
—Құлагер, ойбай,— деді ол бір қарап қан.

Көзіне көзі түсіп бойы мұздап,
Жүзіне тасып шықты ашу сыздап.
— Япыр-ау, тірі ме еді, мынау доңыз,
Мен қалай өлтірмегем басын мыждап.

Десе де қалш-қалш етіп батырсымақ
Батыраш естен танды жатыр сұлап.
Құлагер басында тұр ес жиғанда,
Тіл бітіп, оған қойды ақыр сұрақ.

Жер тарпып, кісінеді, көзі жайнап,
— Сен неге мені соқтың, ызаң қайнап.
Неңді алдым маған балта сілтегендей
Өлтіре ала алдың ба, сорлы бейбақ?

Мен өлмен, өлтіремін сені таптап,
Еш пенде жыламайды сені жоқтап.
Сен сұрқай заманыңның бүйісің.
Ініңнен шығып жүрген болғанда аптап.

Батыраш жатты есін жинай алмай,
Жын алмай, оның жанын құдай алмай.
Құлагер тарпыды оның маңдайынан,
Залымның қылығына шыдай алмай...

Батыраш ұйқысынан шошып тұрып,
Ербендеп қасындағы қатынды ұрып,
— Өлтірді, өлтірді, — деп қараңғы үйде
Қашып жүр, өкіріп жүр дымы құрып.

Батыраш соғылмаған зат қалмады,
Қираған дүние де жоқталмады.
Қатыны ойбайлап кеп жабысса да,
Үрейлі азғын оған тоқталмады.

Көгеріп басы-көзі, арандады,
Жаралы денеден қан тарамдады.
Ас-судың ішінде жүр басып-таптап,
Арам жан адал асты арамдады.

Есікті арқандаған баспен қойып,
Далаға шықты, иығын тактай сойып.
Қан-жоса үсті-басы, алым-жұлым,
Жынданып кетті ол қырга кара жойып.

Еңкілдеп, еңіреуге шамасы жоқ,
Қашпауға үрей қуған шарасы жоқ.
Борсаңдап бір құлайды, бір тұрады,
Сыздайды, күйдіреді — жарасы шок.

Соңынан қалмайтындай сойқан дүбір,
Алқынып, паналады ол ойпанды бір.
Дем бітіп, талмаусырап, терге бөккен,
Батыраш күбірлейді «илхамды» құр.

— Ух, өлдім,— деп шұқырға ол бұға берді
Көкейіне тек оның дұға енді.
Қараңғы түн қойынан толған Ай да
Бейшара жанға күліп шыға келді.

Жымындап жұлдыз біткен аспандағы
Байғұз да мазақтаудан жасқанбады.
Бір кезде «Құлагер» деп жылқышының
Шырқаған қырда әні аспандады.

Зарлы әнде ашу, ыза қайнап тасып,
Көмейден төгіледі кабаттасып.
Жаныңды шымырлатып, жүрек шымшып,
Қайралған кек туғандай айбат шашып.
Аспанға өрлей берді әуен қалқып,
Шырқаушы, тыңдаушы да бірдей балқып.
Боздақ ән Батырашқа жалындай боп.
Күйдірді жүрек—жанын оттай шаршып.

Қоярға жан таппады Батыраш шал,
Даттады ой мнен қыр, адыр тас,тал.
Төгілтті ән, қой күзеткен қыз-келіншек,
Ол-дағы оқ боп тиіп жатыр, бас дал.

Көгерген бет-ауызы, көзі іскен,
Езуі жырым, сынып, тісі түскен.
Батыраш өзіне өзі ұксамайды,
Мақұлық айырылған пішін—түстен.

Ақанның мұң-зарлы үні құлағын жеп,
Зор дүбір соңына ерген Құлагер боп,
Еңбектей үйіне еніп Батыраш шал,
Қан қатқан сақал - мұртын жұлады кеп.

Жолы тар зұлымдықтың әрі шолақ,
Берері: қорлық, үрей—бәрі сол-ақ.
Залымды көлеңкесі қуып жүрер,
Сезбеген әуелде оны кәрі шұнақ.

ОҚЖЕТПЕС

Оқжетпес,—деді ме екен, керме пық кесір керім,
Шыңға іліп орамалын ат!—деді есіл ерім.

Мысқыл ма, мазағы ма, әлде сол салмағы ма,
Өнерін ер жігіттің бір сынап қалмағы ма?

Тұрып ап асқақ шыңда қол бұлғап шақыратын,
Бакыт па... бұл орамал терең бе батыратын?!

Жігіттің жанын жаулап, жүрегін дуалаған,
Сықыр ма, жын ба шыңнан бақ құсын қуалаған.

Шіркін-ай, бір мергеннің жебесі дөп тиер ме?
Орамал төмен құлап, қыз жаны бір күйер ме?!

О, арман, қандай едің, жүректе отша өретін,
Кейде бір дәмеліге ұстатпай жалт беретін.

Үмітпен үздіккендер қас сұлу қалмақ қызға,
Риза жығылса да жалп етіп тайғақ мұзға.

Бөтагөз, оймақ ерін, нұрлы жүз албыраған,
Қыз тұрды жұрттан оқшау — етекте жамыраған.

Зуылдап тауық жүнді жебелер кезек ұшып,
Межеге жете алмастан жер қауып, құзар құшып.

Әр ауыл өз батырын қолтықтап, мазаңдаған,
Ақ сезім, ақ тілектер айтылып, азан-қазан.

«Аруақтап, «Аманжолдап» қиқулап шулаған көп,
«Ақ жол» деп ұрандаған қосылды дулаған топ.

Көңілге ой маржаны орамал тұр-ау салып,
Сықсынып үміт шамы, ал кейде жайнап жанып.

Бойға күш, жанға жалын құйғандай қанаттанып,
Кей батыр сенім құшып, көңілі тағат тауып.

Кезегін ала сала садағын шірей тартып,
Қыран көз арда азамат жебені зуылдатып.

Оқжетпес басын иіп, орамал желбең етіп,
Сынық сап ербең етіп, сорғалап төмен кетіп.

Суарған намыспенен қайратқа алмасты оқ,
Жарқ етіп қызға сойқан, көрінді албасты боп.

Қыз аң-таң елде ес жоқ, дүрілдеп кеткен шалқып,
Қай ауыл, қай ұл екен, не керек сұрау да артық.

Оқжетпес өзі куә, бұл жайға әбден қанық,
Жігіттің қызға намыс бермей-ақ қалғаны анық.

Мұнартып, мұнарадай орнатқан арда жерге,
Оқжетпес — мәңгі ескерткіш Арқада намысты ерге.

АРАГУНДЕР — АРҒЫНДАР

Азия аспанын биікке көтеріп, атой сап, ұрандап,
Толассыз толқындар жайыла, көсілсе шығандап.

Соңында будактай, бұркаған шаңдақты сүйретіп,
Батысқа гүндер барады даланып жотасын күйретіп.

Тұлпарлар бауырына қыр-қырат, төбелер тығылып,
Дүние гундердің — жеңімпаз күштердің алдында жатты
үнсіз жығылып,

Тоқтандар, Арагун—Арғындар, бір сәтке бөгелгін,
Алдарың — қанды сел, сендерге қап-қара төнер түн.

Қаталауң қырғынын салмаңдар, әлемнің көз жасын
арқалап,
Өшті ел, кекті ел тастайды ертең-ақ Еуропа төрінде
жанқалап.

Қан бөккен, зар шеккен адамдар тепкіге шыдамай
булығып,
Ашуын жасын ғып, тасқын ғып, жаныштар сендерді, ту
жығып.

Көз құрты түспесін әулие Римге, Арқаға, қайтыңдар,
бабалар,
Күлге орап кетпеңдер сәулеттің ордасын сендерге жаманат
жамалар.

Жібек жел еркелеп төсінде ойнаған Сарыарқа—гүл жұмақ,
Азынап, аңыран сендерсіз қаңырап, тұр жылап.

Тәңірдің бишігі—найзасы үшкірлі болғанша Арғындар
Туған ел төрінде қызықтап, туған жер қойынында
қалғындар

ҚЫРЫҚ ЖЫЛҒЫ ҚАЛПЫНДА

Құлан иек таң атып,
Сәулесі әлсіз қалтырап.
Орман күміс жалатып
Қойған дейсің, — жалтырап

Қырық жылғы қалпында,
Жер аясы мен өскен.
Сныр өріп салқында
Барады асып белестен.

Желбіреген ақ тұман
Қайындарды көлкелеп.
Жаңа оянып жатты маң
Ұйқысынан еркелеп.

Мөлдір шық шөпке тізіліп,
Жердің бетін жасырған.
Көктен түскен үзіліп,
Жұлдыздай қырда шашылған.

Таң нұры жерге қаулаған.
Тыныштық әнін төкті ме?!
Құлынын шыққа аунаған
Иіскелсіп тұр көк бие.

Көктем бе еді, жаз ба еді есімде жоқ,
 Жамыраған гүл қырдың төсінде көп.
 Қаңқылдаған қаздар мен пырылдаған,
 Үйректер бауыр басқан Есілге кеп.

Ойдым-ойдым орманнан ақ қайыңды,
 Қоңыр салқын майда жел ақтарылды.
 Майда лепке жібектей жүзін тосып,
 Тафу сәтке таң қылып антарылды.

Антарылып қарады ол төңірекке,
 Тамылжыған дүние мөлдіреп те.
 Алғаш оның көруі Жолдыөзекті,
 Аспаны асқак, көкжиегі кеңірек пе?

Аспан, аспан! Не деген биік аспан,
 Жасыл бел, жасыл дөңес киік асқан.
 Ақ қайыңдар — тұрпарлар күміс тұяқ,
 Қырга қарай мойынды іліп басқан.

Айналғаны кілемге көгалдың да,
 Ғаламат, сурет қой көз алдында.
 Мағжан — жыр Сарыарқада қорғасындай.
 Құйылды-ау, көмейіне ажалдың да.

Не деген құдірет жыр қанды ойнатқан,
 Көкірек — көзі ояу жанды ойлантқан.
 Дүбілтіп, дөңгелентіп сар даланы,
 Ақ таңның нұр буына күнді аунатқан.

ДОМБЫРА

Қу қарағай,
Тоқты шек.
Қолда тұрмай безектеп,
Тайпаңдаған оқта-тек,
Дауылдатқан жел өктеп,
Қызу қанды қазағым
Шәу-пәліге басыпты,
Күйдің тартып азабын».
Санын соғып жатыпты.
Ақсақалдар желкілдеп,
Қызған қызыл өңеш боп,
Қалпағын ап елпілдеп,
Аспанға атқан желең топ.
Қу қарағай,
Тоқты шек.
Мұңын айтқан бабамның,
Зарын салған анамның,
Сазын шырқап бар әннің,
Жырын төккен даламның,
Сырын ашқан ғаламның,
Қу қарағай,
Тоқты шек.
Қолда тұрмай безектеп,
Жорғалап, шауып—көзектеп,
Күй нөсердей шелектеп,
Төгіліп те шашылып,
Теңіздей көңіл тасынып,
Аспанға айдай асылып,
Қу қарағай,
Тоқты шек...

БАЛБАЛ

Аракідік кездесер паң далада,
Балбал тас қайдан келген бұл қалаға?
Көзіндей бабалардың, мәрттігіндей,
Бір өзін жүретінбіз мыңға балаң.

Тудырған тас мүсінді княлымен,
Тас дәуір адамдары-ай зиялы ма ең!
Қырымның кожасындай маңғаздаңған,
Балбал тас көз тартатын дуалы ма ең?

Миымнан талай ойдың ұшқыны өріп,
Мүсінге сондайдан ұштым, көріп.
Бойымды әлдеқандай сезім билеп,
Балбалды іштей тұрдым құшқым келіп.

Далама қайтып енді барамын ба?
Жок, мәңгі қалалық боп қаламын ба? –
Дейтіндей маған балбал нық жайғасқан
Ялтаның көрікті бір алаңында.

БИШІ АТ

Күйшінің домбырасы төкпелетіп,
Кұйылтты әсем әуен жөппелетіп,
Қаз мойын, қамыс құлақ бір шұбар ат,
Тайпалып күймен билеп, етпелетіп.

Әсем күй асау да емес, арыны бар,
Күйініш, боздақ емес, сарыны зар.
Ойнақы сезімдерді сергітетін.
Жүректі шаршып қалар жалыны бар.

Күйшіден қандай бүкпе күйі қалады,
Биші ат әуенменен ыргалады.
Елеуреп, елпендеген жануардың
Қасында сұлу әуен шырғалады.

Биші ат болмаған бір той қалмапты,
Сері жұрт өнеріне тоя алмапты.
Қайран ел Жолдыөзектің бір дөңіне
Сонда да атқа ескерткіш қоя алмапты.

ҚҰДАЛЫҚТА

Ал, құда, шырқап жібер төкпелетіп,
Мына елді ала көрме өкпелетіп.
Тойда айтпаған ән-жырды қайда айтасың
Дауысың өрлесінші көкке жетіп.

Ән деген қуаныштың қанатындай,
Қауласын, самғай берсін және тынбай.
Қазақтың «ләбіз» деген дәстүрі бар.
Білдіргін томсарумен жай отырмай.

Шаттықтың буыменен шалқып қаулап,
Тамырда, жүректе қан оттай лаулап.
Керімсал келіншектер-құдашалар
Арқан ұстап келіп тұр ән-жыр даулап.

Ал «құда, әу» деп жібер ең болмаса,
«Әу» демейтін қазақ жоқ көп зорласа.
Сом білек, сайтан ойын құдашалар.
Сүйреп кетер төбеңе бұлт торласа.

Лебізін шығармаған шынында түк,
Құданы сүйреп шықты қырындатып.
Құдашалар байғұсты жегіп алып,
Су тасып жүр шанамен сырылдатып.

Мәз болып бұл қызыққа жымыңдасқан,
Балалар шана толы шуылдасқан.
Тәкаббарлау болғанның той ішінде,
Құдашалар осылай буын басқан.

ЖІЛІК ҰРУ

Қыста соғым союшы еді ағайым,
Дүрілдетіп көршілерін, маңайын.
Сере казы — семіздігі соғымның,
Таң қалдырған ауылдастың талайын.

Қысқы соғым — кішігірім той-думан,
Қашан елді ол қызығына тойдырған.
Ағылатын ауылдастар, туғандар
«Шеке беру» рәсіміне ой-қырдан.

Мұрт майланып, шалдар сөзге айналып,
Ақ әжелер отыратын жәйланып.
Ауылдастар қолындағы мүжуір
Сыбызғыға кеткендей де айналып.

Бара-бара көп бөлмелі үй ысып,
Қызық-думан жастар жаққа ойысып,
Жілікті де сындыруға сайланып,
Қыз-жігіттер өз-өздері сайысып.

Жілік еді толқытатын жүректі,
Өршітетін жанған қаудай тілекті.
Жастық шаққа қызбалық та жарасқан
Қыз-жігіттер түрінбей ме білскті.

Жілікке ғой, кететін құштарланып,
Мазасыз, кезектерін тосқан халық.
Бұлдағы бәйгеңізден бір кем емес,
Жел көңіл қазақ үшін тасқан анық.

Жалтылдап ақ білектер шам астында,
Бестінің жілігіне жанасты да.
Құрыштай, шебер қолдар өргізді-ау кеп
Өрлікті, сәттілікті, жарысты да.

Жиналғандар ұрғанмен бір тынбастан,
Қолдан-қолға жілік көшті сынбастан.
Бақ шолпаны жанса екен деп тілейді ел
Осындайда жарқ етіп бір түнгі аспан.

...Бұла күшті жігіт пе, бұла күшті?!
Ел неге сонша бұған құрақ ұшты?!
Ұрғанда тас түйілген жалаңаш қол,
Жілік қаққа бөлініп бір-ақ ұшты.

Пемқұрайды қалған бір жан жоқ мұнда,
Дүрледі жұрт: —бір дархан жүр от қанда.
Намысына тигендер сындырды,
Атанның да жілігін бір соққанда!

ҚЫЗЫЛЖАРЫМ

Қызылжарым,
Өзіңе арнап
Жазбауға өлең болмайды —
Көмейіме ән,
Көкірегіме
Жыр құсы кеп қонбайды.
Жастығымның
Жәрменкесі,
Жас дәуреннің ауасы,
Лүпіл қаққан
Жүрегімнің,
Көңілімнің дауысы.
Тұңғыш рет
Еңбегімнің
Ләззатынан тұшытқан,
Алғаш рет
Махаббатың
Шаттығынан ысып қан.
Бақытымның
Баспалдағын
Биіктеткен, өрлетіп,
Қалам бердің —
Қанат бердің
Қияндарға серметіп.
Қызылжарым
Үш арысың
Үш жұлдызың жарқылдап,

Нұр құятын,
Сыр құятын
Жолдыөзекке Саңқылдап.
Ақ қайыңдар арасынан
Үш алыптың үнін естіп,
Қайталанбас,
Қуанышты сезім кештім.
Дулы күндер
Думан күндер,
Мәңгілікке есте жүр.
Дүлдүл Ғафу
Қауым — көпке
Төгілетін кесте —жыр,
Сәтті айлар,
Сәтті жылдар
Өмірдің бір белесі.
Сәттіліктер
Қызылжарым
Болсын бізде келесі.
Тәтті үміттен
Жұтып алып
Болашаққа қараймын.
Бүгіннен де,
Қызылжарым,
Ертеңгің ғой арайлы.

ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ МЕДІРЕСЕСІ

Қызылжардың медіресесі, мешіті,
Дегенді өзім көп ауыздан есіттім.
Олар қайда? Жерге сіңіп кеткен бе?
Бұл сауалды қоюға да кешіктім.
Өз-өзімнен үрейлендім, қорықтым,
Өзімді-өзім жедім, іштей торықтым.
Мешіт пенен медірессені атасам,
Мынау діншіл,—дейтіндерге жолықтым.
Сұқ саусағын шошаңдатып мен жакка,
Нұсқағаны катерлі еді бейуақта.
Сұқ саусақтың ұшыменен сонау жыл
Есіл-сайда ұшқаны рас ел оққа.
Медіреседе әліппеміз жатталып,
Тарихымыз таңбаланған, хатталып.
Әл-Фараби баба үнін тыңдаушы ек,
Ғасырлардың тоң-томдарын ақтарып.
Айта алам ба деп онымен танықпын,
Жалайыр да дүлдүлі еді халықтың.
Ұлттығымды сол айтқанын ұмытып,
Бүгін тексіз, негізсіз боп қалыппын.
Елін тартқан мұраттарға жалындап,
Шәкірттерде талантты еді-ау дарынды-ақ.
Ақан әні, Мағжан жыры талпынған,
Медреседен кең әлемге дабылдап.
Өмір легін өткізсе де күйбеңмен
Қорқыт күйін қазақ мұнда үйренген.
Медреседен мектеп алған бар ұрпақ —

Арсыздыктан, бейбақтықтан жирепеп.
Жаратылып қан мен жанда қайнаған,
Медресемен өртенді тіл сайраған.
Белсендінің білегімен өткенді,
Дұрыс па өзі бүгін тұрып даулаған?
Дұрыс шығар тірліткен де өшкенді.
Дұрыс шығар жаңғыртқаным өткенді.
Тілім-пірім самға-дағы саңқылда,
Сары Арқаға оралған гүл көктемдей.
Шындық, дедік бірақ оны жасырып,
Мәні, сыры енді келеді ашылып.
Мектептерім Абай тілін ағытсын,
Шоқанымдай мәртебемді асырып. .

ЖОЛДЫӨЗЕК

Жолдыөзек осы көлдері күміс шашатын,
Аккудың әні айдыннан әрі асатын...
Самалын саумал сіміре бергің келеді,
Мөп-мөлдір жұпар... көкірегінді ашатын..

Жолдыөзек осы...

Мотордың үні кернеген.

Тау-тау ғып дәнді жотасына артып,
терлеген...

Станок біткен зіркілдейді ылғи дамылсыз,
Темірден түйін түйгендей әсем зерменен.

Жолдыөзек осы!

Бай өзек осы!

Гүл `өзек!

Бақыты елдің, жаннаты жердің, нұр өзек!
Адамдар қолдан жасаған ұрмақ, жерұйық!
Келіп көр, досым, қонақжайлығы бір бөлек!

Жолдыөзек осы,

Ашулы боран, қары бар,

Мамырда майса, долана. жасыл талы бар.

Бәрі бар онда...

Ақ мамық болып ілінген

Көгінде бұлты,

Лаулаған күні тағы бар!

Жолдыөзек осы Қызылжары бар әйгілі,
Ақан мен Біржан жырлаған шаттық,
қайғыны!

Жолдыөзек осы жолыңыз түссе, досым-ау,
Тасынып жатқан мейрімі мен айбыны!

ТЫҢ ИГЕРУШІ

Тың жер менің Сарыарқам,
Алтын далам, туған жер.
Мен болғам жоқ самарқау,
Тыңға түрен салғанда ел.
Жеңіл болды дей алман,
Тың Тың игеру, бауырым.
Көрінген жастар тек алдан,
Шешкен істің ауырын.
Түтейтін боран, түтсейтін —
Жер мен аспан астасып.
Қораны, үйді бітейтін,
Тыныштықпен қастасып.
Қамайтын күйын біздерді,
Көзімізді де аштырмай.
Құйрықпен сыйпап іздерді,
Ұлитын дауыл қасқырдай.
Артқа сап қыстың қыспағын,
Қуанушы едік көктем деп.
Келместей қырға қыс тағы,
Тұрардай мәңгі көкпеңбек.
Білсеңдер біздің жұмысты,
Жасырман, талай сорладық.
Жігерді, күшті ұлы істің
Жолына ғана арнадық.
Машиналарды сүйредік,
Батпақтан күндіз, түн демей.
Белшелеп суға да үйрендік.

Жеңілдікті есте іздемей.
Жеңіске қайрат, жігермен
Еңбекпен жеттік—жұбаныш.
Алғашқы астық тиелген
Керуен де болған қуаныш.
Аңызак, кейде, аңызак
Шақырып тұрған аптапты.
Тілейтініміз жалғыз-ақ:
— Сел етші деуші ек алқапты.
Кей жылда жаңбыр шелектеп,
Жиннатпайтын астықты.
Көтеріп жалды безектеп,
Желдеттік. Қара жастықты.
Айхай, дейтін жастық шақ
Тыңменен тұтас келіпті.
Тыңгермін деп мақтансақ,
Соның өзі де көрікті.
Ескі альбомды қолға алып,
Суреттерге қараймын.
Базарлы шаққа таң қалып,
Сәулелі күнді санаймын.
Көп болған екен ондай күн,
Менде де, құрдас жастардай.
Бұл күнде қанат қомдаймын
Жаңа бір ұлы іс бардай.

ҚАРЛЫ ТҮН

Жыл өтті міне тағы бір,
Тіршілік қуып мен келем.
Жауған қар—көңіл ағы бұл,
Жанымды сезім меңдеген...

Жауа бер, ақ қар, жауа бер,
Ұлпалар қонып кірпікке!
Жұлдыздай жайнап жана бер,
Жалтырап тау-тау күртікте.

Іздейін шатты күндерді,
Сан-саққа ойды жүгіртіп.
Жаңа жылғы түн келді
Ойларға терең жүгінтіп.

Қар жауып тұр, қар жауып,
Далама пәктік төгіліп.
Сырғанақ. Шанам қалды ауып,
Күмп бердім қарға көміліп...

ЖАҢА ЖЫЛ КЕЛДІ

Жаңа Жыл, саған жан-жүрегімнен бар сәлем,
Тағатты сарқып жыл бойы сені аңсап-ем.
Шалқиды бүгін шаттығым күйдей төгіліп,
Ыстық боп маған барша әлем!

Жаңа Жыл, қайран...

Болжаған жаңа уақытты.

Шашасың көктен аппақ қар-аппақ жақұтты.

Тәуелсіздіктің керуенін күнес бікке.

Бастаған дүлдүл біздің ел бүгін бақытты!

Сылдырап көктен ағылып күміс аппақ қар,

Жылт та жылт дала шағады ғажап шақпақтар.

Қарлығаш қанат шыршалар көкте сән түзеп,

Балабақшада балғындар айтар тақпақтар.

Лепірген көңіл ұяңдығыңды баккан ба,

Жүздерді балбұл мейірмен сүйіп ақ қар да.

Шаттанды жүрек!

Бақыт құстарын алға сап,

Қызылжарыма Жаңа Жыл келе жатқанда!

ҚАР КӨТКЕНДЕ

Қарды ерітіп, суды қуған дүрмекпен,
Тірі адамға келіп қалды гүл көктем.
Арқасы арса арық—тұрақ төрт түлік,
Трактор да шықты қырды дүрлеткен.
Сәскедегі күн күледі көңілді,
Қырат-қыр да алтын нұрға көмілді
Етек-жеңін жиып іске кіріскен,
Шаруа риза, ғажап!—дейді өмірді.
Жапырақ жайған ақ қайыңдар орманы
Бала акынның орыңдалған арманы
Көктем жыры орман ішін жаңғыртып,
Негербектің күйге тұнған бар маңы.
Тіршіліктің қуанышы көктемгі,
Ән боп қалқып, күй боп шалқып кеткен-ді
Көк керуендей көгілдір сең женкіліп,
Бір сәт Есіл арнасына кентелді...
Содан соң ол тасып берсін күркіреп,
Жоталы сең тасқындасын дүркіреп.
Жардан қарап: «Итжеккенге сәлем айт!» —
Деген қартта мұңды өкініш тұр түлеп.

Қызылжар.

12. IV. 93 ж.

КӨКТЕМ ҮНІ

Күркіреп бұлттар,
Күркіреп өзен долданып.
Сапырып самал,
Шалкиды теңіз толғанып.
Шуылдап орман,
Сыңсыған сәтте қамыстар,
Жез қанат қыран
Саңқ етті бір сәт қомданып.
Естілмей жүрген
Дауыстар мың-мың ағылды,
Тұс-тұстан көкте
Көгершіндердей сабылды...
Тіршілік дауысы,
Өмірдің үні көктемде
Естіледі екен дабылды!

КӨКТЕМ, КӨКТЕМ

Көктем, көктем,
Келеді шашып нұрын
Әсемдіктің
Әлемге ашып сырын.
Жүректерді
Тербетіп сыбызғы әнмен,
Сезімдірдің
Қытықтап, басып қылын.

Көктем, көктем,
Жаңару көктемі бұл,
Ерлігімді
Жырлаған көкте бұлбұл.
Өрлігіме
Күлімдеп биікте күн,
Бай далама
Толассыз төкті нұр—гүл.

Алау көктем,
Дүрлетіп бар аймақты,
Күлдіріпті,
Гүлденіп сырнай бақты.
Асыл көктем
Азаттық сарайынан,
Акку болып
Қанатын сабай қақты.

Жасыл көктем
Жаралған сағыныштан,
Қуаныштан
Жүрегім алып-ұшқан.
Алатаудан
Самсаған көктемді бұл —
Салтанатпен
Қарсы алып
Бағым күшқан.

Көктем, көктем!
Туым бол көтерілген,
Жеңісіме
Салют бол — оты өрілген.
Кеудесінде
Адамның жұлдыз боп жан,
Мәртебесін
Шаршама көтеруден.

КӨКЕМ КЕЛДІ

Тағы да көктем келді, көктем келді,
Құлпыртып, думандатып көк пен жерді.
Мен бүгін есіме алдым Варшава үшін
Көктемде көл-көсір қан төккендерді.

Көтеріп Жеңіс туын желбіретіп,
Көктем келді көңілді елжіретіп,
Аққудың сұңқылынан оянғандай,
Астында табанымның жер дір етіп.

Алғаш рет биыл күн күркіреді,
Қырдың қызыл гүлдері дүркіреді.
Бесті айғырдың үйірі үркіп еді,
Қарт жылқышы қобалжып «шіркін!»—деді.
«Е, жасаған,—деп кемпір күңкілдеді.

АУЫЛДАСТАРЫМА

Көрінбей кеттің демегін
Менің ауылдастарым.
Жебеуің мен демеуің
Қиянға қадам басқаным
Ауылдастар, ортаңнан
Ой өріп ұшкам, жыр қуып.
Сіміріп сәуле әр таңнан
Жаныма сыйқыр сыр құйып,
Өздеріңмен бір кешкен
Өмірдің жолына үңілем.
Шерулі, шулы сол көштің,
Суретін жазам түбі мен.
Шерулі көшті еске алам.
Өздеріңмен бастаған.
Көңілде жоқ та еш алаң,
Көкіректе ашып тастағам
Сезімдер, отты сезімдер,
Ұялап еді жүрекке
Қара емендей төзімдер.
Бойыма біткен—тірекке.
Өмірді бейбіт бейнегүл,
Көп күткен үміт шын иді.
Өрт жылғы үрей кейде бір,
Түсімде ит боп ұланды.
Бәрі де тұнып көзімде,
Санамнан кетпей үзіліп,
Сендерге деген сезімде
Қып-қызыл гүл тұр тізіліп.

АУЫЛ ТАҢЫ

Тұратын ерте
Шопандай сергек, жайдары,
Күн шықты ерке
Желбіреп алтын айдары.

Шашылып ақық —
Құйылып сәуле ақ қарға.
Ілініп жақұт —
Қыраулы тылсым бактарға.

Арудай аунап,
Ақ мамықтарда шанқайып.
Керіліп, жайнап,
Ақ дала жатыр шалқайып.

Ауыл да аппақ,
Ақ бөрік киген үйлер де,
Түтіндер қаптап,
Самсаған көке күйлердей.

Биіктей ұшып,
Тіршілік сазы ауылдан.
Аспанды құшып,
Далама қайта ағылған!

ОРМАН ӘНІ

Арқаның қысы, қазақтың қысы—ақ қабак,
Қалқыған орман—оранып алған ақ мамык.
Үф сткен желмен төгіліп кетер күмістей,
Даланы күйге кернемей қалай тоқтамақ?!

Мүлгіген қыстың сыры да маған танымал,
Онда бар әсем сұлулық адам табынар.
Онда да күй бар, орманнан аулақ кетсең де,
Көңілің шіркін, әуенін әркез сағынар.

ЭКСПРОМТ

Қойылып орман түнегі,
Жапалақ кезген түн еді.
Ұйыған тылсым тірлікті
Жаңғыртып біреу үреді.

Өліміңе де күледі,
Өлгеніңе де күледі.
Өлімтігіңнің үстінде
Қалықтап ертең жүреді...

Шошыдым деуге арланып,
Ғаламат! — дейсің таңданып.
Қасында кім жүр, білмейсің
Ит тірлікпен алданып.

Қызылжар.

14. 08. 92 ж.

Қорқытпа мені түнеріп,
Қарыс жауып қабақты.
Бұлт жөңкілген үдеріп —
Жер кәдімгі абакты.

Көзге түртсе көрмейтін —
Тас қараңғы тас түнек.
Үрейге әсте ермейтін,
Қайратым бар тас түлек.

Екпіндете шапқылап,
Жолдағыңды жоймаксың.
Биіктен жерді атқылап,
Мені мерт қып қоймаксың.

Жайдың тасы қолыңда,
Бұлт қамшысы тағы бар.
Міне басым. Жолыңда
Күшің жетсе қағып ал.

Көрсетпеске тырыстың,
Ақ сәулелі аспанды.
Бекерге тек қырыстың,
Дедің-ау мен жасқанды.

Өзіңнен де тентек бар,
Өзіңнен де бар мықты
Қара жерден жентектер,
Лақтырғанмен не шықты.

Қара түтін, қара шаң,
Қою бұлтпен қолдасып.
Төнірскке қарасаң,
Жатқан майдан кандасып.

Жан ұшырып жылаған,
Сәбилердің зарлы үні.
Тамырымен құлаған,
Терск те әсем қайғылы.

Сәбилерді шошытпа,
Қайындарды құлатып.
Шортандарды шоршытпа,
Теңіздерді тулатып.

Шайқалмайтын селт етіп,
Қозғалмайтын қайсар бар.
Долдансаң сен, ели етіп
Қайыспайтын жайсандар.

Сен өтсең шаңдатып,
Шөп біткенді жапырып.
Келе жатыр таң да атып
Ақ күмістер сапырып.

АПТАП

Аптап тұр маздана
Сағымын қалқытып.
Бозарған боз дала,
Шаңға аунап, шаң жұтып...

Моншадан шыққандай,
Қып-қызыл Күні жүзі.
Ыстықтан құтқармай
Гүлдерді қырмызы.

Қыраттар көлбеген,
Ұқсайды тандырға,
Дала тұр шөлдеген
Зар болып жаңбырға.

Құс ұшты қанатын
Жалынға шалдырып.
Үкісін боратып,
Қамыс тұр әл құрып...

Ыстық жел еседі,
Екпіндеп, жұтынып.
Ақша бұлт көшеді,
Кетем деп құтылып.

Түз қабак түйіп тұр,
Қүтлеген аптап бұл.
Айнала күйіп тұр,
Қыр төсін қақтап бір...

НАЙЗАҒАЙЛАР

Найзағайлар жарқылда да,
Күркіре,
Қара бұлттар қақырасын дүркіреп!
Бұлт бауырын сөгіп таста жайыңмен
Құйсын жаңбыр күні бойы сіркіреп.
Дала тойсын,
Дала бассын аптабын.
Балауса егін шығарсыншы қаптап үн.
Көкжиектен сыныр қара қапталды,
Маңдайынан сүйіп қырдың ақ таңын.

ҚАРИЯЛАР

Сөйле-сөйлесін тек қариялар,
Қариялар—шалқыған дариялар.
Тебіренсе — қозғайды терендерді,
Шайқалтатын шындарды тағы да олар.

Арғымақтар шапқандай сатырлатып,
Құба жонның құм шаңын топырлатып
Түйдектете сөйлейді-ау, тәңіріңнің
Төбесінде жай оғын шатырлатып.

Қиып өттім алдынан,
Көшеде қарттың аңдамай.
Шу ете түсіп қалды маң,
Басыла қоймас лаңдамай.
Үлкеннің алдын кеспейтін
Әдеті бар-ды халықтың.
Дәстүрін әсте өшпейтін.
Бір сәт бұзып алыппын.
Ойлағаным сол еді,
Ланылдап жанып үндер де.
Әбестікті шенеді,
Суырылып тілдерде
Ризамын жерге еруге,
Естігенше ауыр сөз
Бармын үйден жеруге,
Дайынмын қалуға ауылсыз.
Шақырып мені қасына,
Шал құлақтан жұлса ғой.
Қан құйылып басыма,
Бейшара жан тынса ғой.
Дегенімше қарт тоқтап,
Көзімнен көзін алмады.
Менімен кімді тұр шақтап?
Боздамай жан қалмады.
Жүгірсе ол таяқ ұмтылып,
Жонымды тосам, қашпаймын.
Ықынып не бұлқынып,
Ләм деп ауыз ашпаймын.
Ұрса-ұрса екен қарт мені,

Неге тастай қатып тұр?
Ел ашуы қорғасын
Жүрегіме батыпты.
Жетер енді, жараңдар,
Оқасы жоқ, бала гой.
Жайларыңа тараңдар,
Сен де үйіңе бара гой, —
Деді де қарт жөніне
Жүре берді аяңдап.
Көзім түсіп өңіне,
Тұрып қалдыма аялдап.
Мейірім мен жылылық,
Қарт жүзінен төгіліп,
Тал бойыма жиылып,
Жүрегімде көміліп,
Бір қателік байқалса,
Мінезінде, ісінде,
Дүрлігетін ел қанша
Тезге салу үшін де.
Қайда қазір нарқасқа —
Ауылымның айбыны,
Өнеге болған әр жасқа
Ізгіліктің айдыны?

БӘЙГЕ

Ащы айкаймен «тарт» деген,
Қосыла ұшты жүйрік ат
Жата қалды шаң төмен,
Тұяқтан құйын бұрқырап.

Тізгінді тартса толғана,
Самғамай жүйрік тұрар ма.
Айызы қанып кең дала
Айтқандай алғыс бұларға.

Тіктей түскен көп тұяқ
Жеміріп жатты жер төсін.
Шаншылып көкке қос құлақ
Күржитіп алды желкесін.

Келеді бала шапқылап,
Қос қолдай тартып тізгінін.
Шабысы қызған тас тұяқ
Жұлып та жатты түз гүліш.

Үзіліп шығып тұманнан,
Келеді бір ат асыр сап.
Бұлттарды жарған қыраннан
Аумады бала осы сәт.

АСАУДЫ ҰСТАУ

Мал да болса бәрін де түгел біліп,
Бойына біткен ақыл, жігер қылық.
Көк бесті қырда жусап, түзде өретін,
Тімеген өмірінде жүген-кұрық.

Елеуреп, ерегесіп, көзі жайнап,
Қайшылап құлақтарын ыза қайнап,
Көргенде қуғыншыны құйынша ұшты
Қең дала пана болмай жүрген жайлап.

Қаусырған құшағына құмақ дала,
Ұстауға сен болмады суат та ана.
Ызыдап құлағында жел суылдап,
Соңында қалды шаңы шұбан қана.

Алайда қалыспайды жігіт — тағы,
Ізін ол Көк бестінің суытпайды.
Бестісін астындағы борбайлатып,
Асауға аласұрып жуықтады.

Қуғыншы сәйгүлігін сабылдырып,
Бестіні босатпайды қабындырып.
Жалына іліккенде қарулы қол
Асауды алды күшке табындырып.

Қойған ба мына жігіт қаруып ап
Адымын жаза алмады адуын ат.
Өзінен зор шыққанын байқағанда,
Басына тасып шықты қан дуылдап.

Екпін жоқ жіберердей тауды бұзып,
Мамақан туламайды ат қаны қызып.
Мықтының алдында әлсіз мықшияғып,
Япыр-ай, табиғаттың заңы қызық!

КӨКПАР

Кеудемде менің...

Тасытып сезім жатты әнін,

Бейне бір көкпар...

Жүректің тулап соққаны.

Кеудемде менің, білмеймін, дода басталды,

Шабытым тасып,

Мен үйде тыным таппадым!

Білмеймін қазір не болып жатыр ішімде,

Сом тұяқ менің кеудемді соққан

Күшінде!

Басталды көкпар,

Басталды шаңқай түсінде,

Шаңқай түс керек көкпарда жеңу үшін де!

Екіндіге аума,

Тас төбемдегі, оу жарық күн,

Әу баста сенен құштарлық отын алыппын!

Кеудемде менің

Көкпарым толас таппасын,

Жеңуім үшін от сезім керек,

Соны ұқтым!!!

ДОДА

Ортада жатыр көк серке,
Қоршаған салт жігіттер.
Ұмтылып бірі тым ерте,
Ал кейі босқа үміткер.

Кім білсін кімнің маңдайы,
Жарқыраын сайыста.
Тартыстың көрген мың дәйін,
Көкпарға қазақ тым ұста.

...Үйрек ілген қырғиша,
Өңгеріп кетті боз атты,
Айқай-шу, дабыл тынғанша.
Көз көрім жерге зулапты.

Жапырылып шөп біткен,
Екпінімен жүйріктің,
Олжалы жігіт — көп күткен,
Тозаңнан шықты-ау — түнектен.

Бауырына аттың созылып,
Жазық бел еніп жатқандай.
Тұяқтарға қосылып,
Сары дала дабыл қаққандай.

Самалмен ойнап жал-құйрық,
Төгілтіп жібек таққандай.
Жанары жайнап, ат құйғып
Аспанда жұлдыз аққандай.

Көкпарлы жігіт қауымнан,
Үзіліп алға атылды-ай.
Жаралы досын жауынан.
Алып бір шыққан батырдай!

КҮЙ

Сазды әуен шалкыганда, күйылғанда,
Бір жойқын ойнақ салар күйын қанда.
Ақтарған тылсым сырын тіршіліктің,
Бұл күйді тыңдаудан жан тыылған ба?!

Нөсер күй лақылдан кеп ақтарылып,
Сыбдырсыз тыңдағандай бақтар ұйып.
Күй тілі түсінікті көрі-жасқа,
Шалқыса дейтін: канат қақты ақиық.

Күміс күй, сыбыр-сыбыр сыр айтасын,
Төбірентіп көңілдерді мұңайтасын.
Қамығып, қасірет құшып тыңдағанды
Күлдіріп, қуантасын, тыңайтасын.

Шықпаған ағын күймен шың да қалмай,
Шыыр боп құба жонмен құм да шалғай.
Бакытты болашақпен тілдеседі,
Адамдар кейде өздерін тыңдағандай.

Қаныма, жаныма да араласқан,
Күйді өзім тәңір деймін анау бастан.
Ол маған сыр айтады таңғажайып
Түнде ұйықтап жатқаныма қарамастан.

Жүректе қытықтайды, тербетеді,
Білікке арманымды өрлетеді.
Өз жаным өзімдікі болмай кейде
Қиянқы күй мені бір ер де етеді.

Заула күй кемеріннен тасып, шалқып,
Жүгірген жылғаменен мыстай балқып.
Есіме түсірдің-ау жастығымды
Махаббат толқынында жүрген қалқып.

Ғашықтық отына алғаш күйгенімді,
Әкелдің көңіліме сүйгенімді.
Сұлуды көз алдымда көлеңдесткен
Айналдым, күдіретті күй көңілді.

Қос ішек баяу ғана қағылғанда,
Жанарда бір ақ сәуле жағылғанда.
Керме иық дала жатты шыққа оранып
Омырауға ақық, моншақ тағынғандай.

Сыбырлап ақ қайыңның жапырағы,
Сыр тыңдап Жолдыөзектің атырабы —
Ақ гүлдер, қызыл гүлдер жайлаудағы
Көз тартып, қызықтырып шақырады.

Сөйле, күй, шешен сөзден жаңылсын да,
Күрмеліп тілі, тауы шағылсын да.
Сөзбенен жеткізе алмас сезім оты,
Домбыра шанағында жағылсын да.

Қоңыр күй, сені естимін бар алаптан,
Желден де орман кезіп бара жатқан.
Адамның сөзінен де, құс үнінен
Аңнан да қырда күшік аралатқан.

Естимін найзағайдан жарқылдаған,
Сазынды ақ бұлақтан сарқылмаған.
Тек қана сенің үнің мылтықта жоқ
Бей уақта, көл үстінде шаңқылдаған.

БӨРІБАЙ

(Аңыз)

Арқасын қаракердің қайыстырып,
Белін де қабырғасын майыстырып.
Көкжалды қанжығаға байлады ол
Қақ сойыл қағып өткен жаныштырып.

Шат сезім, шалқытып ән сорғалатып,
Төбініп атын аңшы жорғалатып,
Сонардан ауыл жата оралды ол
Айды да аспандағы қорғалатып.

Осы сәт дел-сал болып жатқанда аймақ
Суыт кеп түсіп жатты аттан жайлап.
Аңшыны қақпа алдында тосып алды,
Келіншек қос жанары оттай жайнап.

Еркелік, наздық та бар жарасатын,
Өзінен жоқ секілді жан асатын.
Сағыныш саналарды сары тап еткен
Қос құшақ арасынан тарасатын.

—Мен сенің орындадым тілегінді,
(Бөріні нұсқап жігіт, іле күлді)
Ұл күтем, ұлан күтем жаным, шыным,
Солай бір қуантсаңшы жүрегімді.

Айылын босатпастан қаракердің,
Шешпестен қанжығасын қазақы ердің,
Қасқырдың іреп тастап көкірегін,
Жүрегін жарына аңшы алып берді.

Қан жүрек қанжар шапқан күресінен
Әйелдің жаты алдында шігесінен.
Ол қазір бұлқынбайды, жұлқынбайды,
Бейхабар күресіңпен, тіресіңнен.

Мұкалып көрмеген күш-қайраты да,
Өр мінез, қаһарлы түс—айбаты да.
От жүрек — ет жүрек боп жатыр қан-қан,
Иленген саз болшыққа жайратыла.

Ол қазір жерік асы жас арудың,
Аңсары ауған аурудан босану мұң...
Бөрібай арлан жүрек, айыл жимас,
Бағына туған еді осы ауылдың...

ТІРІШІЛІК — МАЗАК

Көгілдір көктем
Көк толқын болып,
Жүгірді қырға.
Құшағын ашып,
Қияндардан дабылы асып,
шөптерге шықтап
Шырақтар тасып,
Қызғалдақтарды
Далама шашып.

Нұрымен күннің,
Әні мен құстың.
Күбірлеседі ол
Сырласып гүлмен
Жаны сая тауып.
Қоңыраулы үнмен,
Санкылдап жатыр
Қуаныш тілмен
Орман мен көлмен,
Макпалды түнмен.

Түнгі көкте,
Жұлдыздар самсап,
Айна көлді
Әйміштеп, зерлеп,
Ай алтын найза
Толқынға сермен
Гимні түннің
Әлемді кернеп,
Тыныс аң дала
Жатыр-ау терлеп.

Шығыстан әне
Таң қылаң беріп
Қып-қызыл өзен
Ағылды көктен.
Далаға, тауға
Алаулар төккен,
Түнгін түннің
Жарқырап сөккен,
Дүние таңда
Сәулеге бөккен.

Көзімде тұнып,
Шыққан күн күліп,
Ойлаймын тағдыр
Қимағандарды
Адамға жарық
Сыйлағандарды.
Тіршілік көгін
Улағандарды.
Кен жиһанға
Сыймағандарды.

Жан қылып қозғап,
Жылаймын боздап,
Шырқаймын, Күнім,
Шыға бер маздап!
Тұра бер маздап
Тіршілік — мазақ!



Ғұмырын ұлы елді басқаруға арнаған,
Уақыттың тынысы сияқты ең талмаған.
«Тәңірсін» сен деуге аузым бармаған,
Сұсыннан қорқушы ем» ағаш құдайдан»
аумаған.

Ұстазым айтқан жоқ «құдай» — деп, кім
десем?

«Ай» десем — ренжіп, мәз күнге тегесем.
Ол—әкең, ол—бабаң, ол нағыз күн көсем
Онсыз дүние қараңғы, «ұқ!» — дейтін
білмесең.

Болмаса ол, құрдымға жұтылып тіршілік,
Көктем де келмейді, қайыңға бүр шығып.
Өрт жайлап даланы, аң мен құс түршігіп,
Қайғыға камалад кәрі-жас күрсініп.
Қара аспан қақырап құлайды жерге кеп,
Тартылып өзендер жүгірген елгезек.
Толады, тұнады, запыран — шерге өзек,
Ол өтсе өмірден, зар илеп ел біткен,
Мәңгіге шықтық деп, танылған.

елдіктен.

Айрылып бірліктен, шыңдалған ерліктен,
Басшымыз «әперген» ада боп теңдіктен,
...Тіріміз әлі біз, көз салдық алысқа,
Қомдадық канатты, самғадық ғарышқа.
Шақырып дос түгіл, дұшпанды жарысқа.
Қалсақ сәл, ренжіп, қол соқтық табысқа.
...Жигули артында шыныға жабысқан
Суретте мұртты отыр жарылмай.

намыстан.

АШТЫҚ

(Апамның көргенінен)

Айдала. Аңызак.
Күн қақтаған тобылғы
Бұта біткен тамызық,
Лап етердей қабығы.
Ирск-ирек сүрлеу-із,
Өшіп, кейде табылып.
Ып-ыссы жәл гүрлеуік
Боз далада шабынып.
Күйіп кеткен қияқ шөп,
Күйіп кеткен сырлы бақ.
Аптап, аштық қияс кеп,
Тіршілікті тындырмақ.
Тынды аштықтан тіршілік,
Қойдай қазақ қырылып.
Күн қып-қызыл түршігіп,
Жүзі теріс бұрылып.
Ей, жарықтық, жарық күн.
Бар әлем, дүние тәңірі.
Қырды өлімге қарық қып,
Тастау ма еді әмірің?
Қыр қыдырған желге ұқсап,
Қазақ көшпелі ел еді.
Колхоз болып, жер құшты,
Арқада арлан желеді.
Қазақ деген момын ел,
Бар адамды дос көрген.
Қонаққа сый-бас берген.
Білдірмей бар-жоғын ол
Жорға мінген нұр толып,
Жер басқызбай аяққа.
Қарға адым жер мұң болып.

Тұр сүйеніп таяққа.
Кең жихан, кең дүниеде
Сүйеніші таяқ па?
Бұзылады екен күй немен?
Таяныш болмай қазаққа.
Тонаудан басқа келдау жоқ,
— Қырылдық-ау, қырылдық.
Бәрі бос сөз, алдау боп,
Заманға қандай ұрындық!
Өкініші жоқ қарт өтсе,
Қызығын көрген өмірдің.
Жасындай қыршын жас өтсе.
Аянышы кетпес көңілдің.
Қарамайды аштық тигенде,
Шетінен елді жусатып.
Топалаң дейтін күйге енді,
Бөбекті, жасты қаусатып.
Өкімет қайда кеше біз,
Төсімізді ашып қарсы алған?
Сталин қайда неше біз,
Бабамыз деп жар салған?
Бәрі де үнсіз! Тыныштық!
Өліктер құшқан даладай
Қол созар кім бар ұлы іс қып? —
Кемсендеп қазақ баладай...
Тамшы да құрып кеткен бе?
Тамбайды жасы көзінен.
Ұғынарлық жоқ еш пенде,
Күбір де жыбыр сөзінен.
Таусылып дәурен, не шара
Құш қуат, ұсқын қашты анық.
Қисая кетті бишара,
Бір өлікті жастанып.

Ауыл аман, үй де аман,
 Кетілген емес бұрышы
 Құсы кеткен ұядан
 Аумайды, әттең тұрысы.
 Ит жүгіріп ауылда,
 Ұшпайды қарға үстінен.
 Сытырлап тамбай жуын да
 Өлі тыныштық. Күшті ме ең?
 Тыныштық қандай үрейлі,
 Күл қауып қалған ошақтар.
 Қаншықтар қайда? Ұр, мейлі!
 Тыныштыққа қарсы бол шоқпар!
 Тірліктің белі күйреліп,
 Сұрапыл тыныштық — мәңгілік.
 Жан-жаққа аштық сүйрелеп,
 Ел тозып, кетті мәңгіріп.
 Қызылжар-Көкше-хан жолы,
 Теңкиген өлік—өлексе.
 Тіршіліктің бар-жоғын.
 Тану қиын керексе.
 Далада аптап, күн жалын.
 Күйдіріп шөпті, жерді де.
 Қазаққа құдай тұлданып,
 Бұйыртпай қойды-ау көрді де!
 Өліктер қырда шашылып,
 Оты өшкен көздер ашылып,
 Көкжикке анау ашығып,
 Үмітпен қарайды асығып.
 Талқыға қилы түссе де,
 Ар бигін іздеген.
 Тірліктің жібін үзсе де,
 Үміттің жібін үзбеген.

Қайран бауырластарым,
Жұртыңды қайда тастадың?
Еліңді қайда бастадың?
Ел-жұрт көшіп қиянға,
Әшін, Томға, Үркітке
Симайтын іс қиялға,
Елден безу, үркіп те!
Бастары ісіп, іш кепкен.
Үрген қарын секілді.
Бойдан қайрат-күш кеткен,
Бак сынауға ел бекінді.
Тірі қалса, тек, тірі...
Талғажаулық табылса.
Қахарлы еді көп түрі,
Алмасы жоқ жабылса.
Сібір, тайга ел-жұрттың
Көз көрмеген аймағы.
Аппак қарлы Якуттың,
Бұзылмаған қаймағы.
Сәлем Сібір, Үркітім,
Сәлем орыс, якутым.
Голощекин үркітті,
Қазағыңның жоқ құты
Қалды бәрі. Мықтылық —
Арын бермей өңгеріп.
Ит жеккеннен шықты жұрт,
«Естігенді көз көріп».
Әр томардың түбінде,
Әр бұтаны саялап.
Жатқанға жел күбірле,
Зират етші аялап,
Торғайдай боп томнайып.
Мәңгі қалған бауырлар.
Еске түссең — ортайып,
Көкірек жүгі ауырлар.

1930—31 жылдары Бейнетқор ауданына қарасты ауылда
дың малын тігерге тұяқ қоймай сыпырып алып, белсенді
Смирново станциясына әкеліп сояды. Сөйтіп, бір жаққа ж
нелтеміз деп темір жол бойына үйеді. Күннің ыстығына ш
дамаған қыруар ет пістене бастаған соң, үстіне керос
құйып, өртеп жіберген. Бұрынғы Бейнетқор, қазіргі Со
ауданы қарттарының әңгімесінен.

Бейнетқордың бар малын
Сойып тастап, от беріп.
Орындады ол арманын
Бір үлкен іс өткеріп,
Керосинмен лапылдап,
Лаулап тау ет аулақта,
Шоқ-шоқ жалын жалындап,
Ұшып жатыр жан-жаққа.
Жандыр! — деді, ол жақты,
Елдің малын тартып ап.
Жауыздыққа қол соқты,
Жауыз жүзі жарқырап.
Бір тайпа елдің бар малы
Жанып тұрды-ау күні-түн.
Қазақтың алда арманып,
Өмірден қиды үмітін.
Аш ауыл үстін кезген-ді
Ет ісі күйген, қоңырсып.
Көкірек хошын сезгенде,
Жан берді сәби ыңырысып.

САЛЫҚ

Төле! — дейсің салықты,
Қылқылдаудан айнымай.
Малдан қалған саулықты
Жуырда алдың, қайыным-ай.
Жоқ тігерге тұяқ та,
Не үшін салық төлеймін?!
Құдайдан да ұят та,
Шіп-шикі қызыл кедеймін.
Қырып алар қызылы
Жоққой алты баланың
Көңіліңнің қыжылы
Зәріңдей-ау жаланың.
Жаяу қалды салқыпп,
Ағаңның жоқ керігі.
Қора тұр, әне, аңқып,
Мал екен ғой көрігі.
Не үшін салық төлейін,
Айтшы, ауылдың пысығы?
— Бас тартшы тек, көрейін,
Бар ғой ит пен мысығың.
Қысқарт қысыр сөзіңді
Көшкін, — деді ол Әмірге.
Өз итің қапса өзіңді
Не дауа бар тәңірге?!

СОҢҒЫ ҚАЗАҚ МЕН БОЛАМ БА?!

Абай тілінде ойланатын,
Мағжанға ұқсап толғанатын,
Өз тілінде жазған атын,
Соңғы қазақ мен болам ба?!

Домбыраны күмбірлеткен
Сары жайлауды дүбірлеткен.
Қоңыр күйі көңіл ерткен,
Соңғы қазақмен болам ба?!

Әміренің әнін тыңдап,
Балқып шалқып жанын шыңдап.
Күрсінетін жүрек сыздап
Соңғы қазақ мен болам?!

Сағынамын қамқор анам,
Туған ауылым, тұлпар далам.
Деп аңырап, айқайлаған
Соңғы қазақ мен болам ба?!

Өз тілінде мұңын шаққан
Шаттық құшқан, күлім қаққан.
Арман, үміт шамын жаққан
Соңғы қазақ мен болам ба?!

Үнім шықпай кең ғаламға,
Тіл қызметін доғара ма?
Қазақы жүрек соға ала ма?
Мәңгүрт! Елдік жоғала ма?

Соғыстың зар-мұңынан уана алмай,
Өксігімді кеудеден қуа да алмай,
Сең—соққан балықтай боп келем әлі
Жабысқан басымда бір дуа бардай.

Есемді алған қасірет есемді жеп,
Еске түссе кетемін есегіреп,
Қайда жүрсем соңымнан қалар емес
Соғыстың көлеңкесі кеселі көп.

Қырық жыл қырғын біткелі жер бетінде
Көне көз аз. Жас ұрпақ ер жетуде
Сол бір қанды сұмдықтың табы әлі бар.
Байқап тұрсаң өмірдің келбетінде.

Терезесін көңілдің талқан етіп,
Жүректі езген... соғыстың сойқаны өтіп.
Жеңіс күнге жетпеген кей қыршынның
Шаңырағы құлады қайқаң етіп.

Әлі талай аналар боздағым деп,
Күңірентер даланы боздақ үн көп.
Көз жасына көмілген ауылдарды,
Ұмтылғанмын құшақтай жаздағым кеп!..

СОҒЫС ДЕСЕ, ДІР ЕТЕДІ ЖҮРЕГІМ!

Соғыс, соғыс, қасіретіңді көп көрдік,
Қазаны да, азаны да өткердік.
Қаршадайдан қабындырып өкпені,
Түзге шықтық қабымызды бөктеріп.

Тіршіліктің талдарына қарманып
Шаттықты іштей тек жеңіске арнадық.
Қайыс бишік...
Маймақ өгіз...

Соқа айдап,
Мехнатына алдық әбден арбалап...

Соғыс десе, дір етеді жүрегім,
Зардабынан әлі де әлсіз білгім.
Әке, ағасы оққа ұшқандар бар болса,
Мен де достар,
Сол жетімдер бірі едім!

Суымапты үйден шығып кеткен із,
Келеді деп үміттіміз әкеміз.
О, уақыт, қандай жылдам жүрісің,
Әкесізбіз енді өзіміз әкеміз.

«Папа» десе өзімізді бөлеміз,
Елеңдейміз ағайынды скеүміз!
Суымапты үйден шығып кеткен із,
Келеді деп үміттіміз әкеміз.

Соғыс жылы болатын жалындаған,
Шаңырақ жоқ жалынға шалынбаған...
Тарылмаған көңіл жоқ, еңсе түсіп,
Ел үстінде мұң бұлты қалыңдаған.

Елдің шығып кеткендей есі мүлдем,
Күнде қайғы қарайды есігіннен.
«Қара қағаз» келетін зар жылатып,
Кей үйдің ошақ отын өшірумен.

Біздің — дағы босаға қақыраған,
Қара қағаз... тап болдық акыры оған,
Соңғы хабар ағайдан келіп жеткен —
Қайтейін, жүрегім ең жақын ағам.

Үмітіміз зор, сенбейміз өлді деуге,
Қу топырақ ағайды көмді деуге.
Көңіл айтып келгенді таяқтайды
Байғұс апам, ызылы, шерлі кеуде.

Бұрышында кең үйдің қаңыраған.
Апам боздап түн бойы аңыраған...
Қораның төбесінде игте ұлиды,
Бере салған сезімді тәңірі оған.

Ұли берді ол ағамды жоқтағандай,
Жас баладай жылаған, тоқтай алмай.
Қайран ағай жаралы жанталасып,
Қиналды ма қаруын оқтай алмай?

Шүйілді ме ол жауына қаршығадай,
Кеңірдегін езді ме қан шығармай?
Жігіттерін бастады-ау шабуылға
Уралап, бойын жаза тал шынардай.

Жекпе-жек қаһарланып алысқанда,
Бүктеді ме жауын ол арыстандай?
Тулады ма жүрегі, ок атқанда,
Автоматқа қос қолы қарысқанда?

Қарысты ма жау шептен өтпесін деп,
Қайран жерім қан жұтпай көктесін деп.
Ала құйын жанының түкпірінен
Ағытылды-ау зұлымға кек көшкін боп.

Нені ойлады? Кім білсін, кімді ойлады,
Түгін жұтып, шаң қапқан күнді ойлады?!
Апам жүрді-ау қылаусыз көңілінде,
Көктем сайын бүр жарған гүлді ойлады...

Сары итіммен жарысқан қырға қарай,
Қырға қарай соңыма бір қарамай, —
Көз алдына келтірді-ау ағай мені, —
Бой көтерген інім деп бір қарағай.

Елжіреді-ау жүрегі, елжіреді,
Жүрегінде ерлердің ел жүреді.
Айхай елім! — дегенде

Жалын атып

Тулады ма дүрсілден кең жүрегі?!

Қорғасын боп жауын ол атылды ма,
Тереңіне теңіздің батырды ма,
Жауды қуып бара ма, түнді түріп,
Елдің таңын сөйтіп ол атырды ма?

Үш күн ұлып ит—дағы қара жойды,
Қара жойды ол— толқытып барады ойды
Балалық-ай, табардай ағайды іздеп,
Баурай берді үміт пен нала бойды.

САРҒЫШ ХАТ

Оқ пен оттан амап қап,
Жеткен майдан шебінен,
Сарғыш хатты амалдап,
Ептеп ұстап шетінен.

Оқып тұрмын толғанып,
Оқып тұрмын елжіреп...
Қан майданда ол қалып,
Сағынышы келді деп.

Оқып тұрмын ағайдың
Жазған хатын шешеме.
— Есінде ме ақ айдын
Су тұратын көшеге?!

Көктемдерде мен сонда,
Жүргізуші ем «жел қайық».
Сен жекіріп келсең де,
Судан шықпай, «байланып».

Жүруші ем ғой, жүруші ем:
Белуардан малшынып.
Сен ұрысып, күлуші ең,
Қолыңда ойнап тал шыбық.

Жалқау ма едім кім білсін,
Есепке жоқ болдым ба,
Тәртіпті бол тым құрса,
Деп ұрысып салдың да...

Кейде сені мектепке,
Шақыратын мен үшін.
— Не айтамыз бұл тентекке,
Ұқпас білім мәнісін?!

...Кешір, апа, баланды,
Кешірерсің, түсінем...
Сағындым ғой даламды,
Өзің—дағы түсіме си.

Автоматқа сүйеніп,
Кейде тыныс алғанда,
Жүрсін түске жиі сніп,
Айналып бір арманға.

Басталды атыс. Қан майдан
Өлім—өмір белдескен.
Жауды соғып мандайдан,
Ерлер мұнда ел дескен.

Жаным ана, ұлын да,
Емес қазір боз өкпе.
Қас дұшпанды бұрын да,
Тепкіледім өзекке!

Ел үшін ок боратып
Шыркап Жәніс ұлы әнін,
Елді жаудан тазартып,
Жетер әлі-ақ ұланың!

САҒЫНЫШ

— Солдат!

— Солдат!

— Келе жатыр бір солдат!

Ойын тынды. Қыр үстінде тұр шаңдақ.

Кеудемде үміт тасыды-ай кеп,

Теңіз боп!

«Ағам шығар келе жатқан мені іздеп?!»

Ұшып келем қасқа жолды бетке алып,

Қан мәйданға, ол осы жолмен кетті анық!

Осы жолмен оралады деуші едім,

О, алақай!

Қандай мықты бұл сенім!

Зырлап келем,

Шеңгел, тасқа қарамай,

Тек қалмаса болды аяғым жарамай!

Алға ұмтылдым,

Алып-ұшып жүрегім,

«Келе жатқан ағам... ағам... білемін!»

Құшағына кірсем барып, мен білсем.

Сағыныштың өртін солай сөндірсем.

Енді қашан,

Енді қашан жетермін?

Бір байқасам жылап келеді екенмін...

Көз алдымда сағымменен ығала,

Әлденеше,

Әлденеше, тұр қара.

Әлденешеу...

Әлденешеу бұл қар;
Енді міне,
Жалғыз ғана...
Тұр дара!
Жо-жоқ!
Басқа жан екен мен көрмеген,
Құшақ жайып тұра қапты ол деген!
— Ағам қайда? — дедім оған,
Састым ба,
Ұмтылмадым,
Құшағынан қаштым да:
— Қан майданда ағайымды қалдырып,
Елге жалғыз келген кімнің қаңғырып?—
Сол кегіммен қарап қаппын
Жалғыз-ақ көз!
Ежірейді өзіме.
Қарсы алдымда жалғыз көзді тұр құдай,
Енді қайттым?!
Енді қайттым, сұмдық-ай!
Кеберсіген еріндері дірілдеп,
Құшақ жайды ол әлсіз ғана күлімдеп.
—Келеді ағаң....
Келіп калар күні ертең.
Мен де ағаңмын... құшағыма кір, еркем...
...Қайран солдат!
Түсінбеппін... Обал-ақ!
Жалғыз көзден тұрды жасы домалап!

ҚОС ҚАРЛЫҒАШ

Шешек атқан, шерулі өмірде бұл,
Өзекті өртер өкініш көңілде жүр.
Қырпын кеткен ағаның, қалыңдығы-ау,
Екеуіңді көрсем ғой өңімде бір!

...Қол ұстасып жүргенге ағайыммен,
Тамашалап қызықтап қарайын мен.
Еріп келем томпаңдап соңдарынан,
Ән әуелеп кеткенде талай үнмен.

Түсің екен көргенім, өңімде емес,
Бала екенмін, бір жақсы көзімде елес.
Қос қарлығаш секілді екеуіңді
Көре алмаймын, қайтейін, өңімде еш.

БІР ҮЗІМ НАН ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Білмеймін қайдан келген, қашан келген?
Көрмеген жап-жас жігіт осы елден.
Кездесті үй алдында, қыс ішінде
— Әй, бала, жүйрік, — деді сені желден.

— Жүгірші жалаң аяқ үйді айналып,
Нан берем, зырла, көне, көр де ойлап.
Деп жігіт қапшығынап таба нан аң,
Басымнан асыра ұстап тұр жайланып.

Мен тұрмын нанға қарап, жігітке де
Нан көру осы сәтте үміт пе еді?!
Төбемде күн жарқырап, нұрын құйып,
Басыма бақыт қонды-ау күліп тегі.

Соғыс жыл да іш кешкен қарамықтап,
Нан дәмін үлкен түгіз бала ұмытқап.
Алдай ма, мына жігіт қалжыңдай ма?
Ондай ойдан да аулақпын балалықтан.

— Бересің бе?!— дедім мен көзім жайнап,
Нан ссiмді алған ғой ұштым заулап.
Бортылдатып аяғым шыны қарды,
Шауын келем, кебісім қалған аулап.

Титтей жүрек тұлайды аласұрып,
Көкейде — нан! Келемін «жан ұшырып».
Мұздақ қар тілімдеген сирақтарым
Ашып, үсіп барады, — қапы шығып.

Нан жеймін деп келемін тісім қайрап,
Нан! — дейді жүрегім де ішім қайнап.
Нан, нан, — деп күбірлейді еріндерім,
Орғып келем оппадан күшім қаулап.

Сезінбей аяқтағы жараны да,
Айналып шықтым үйді, қораны да.
Тимейді тіске тісім, жіберішпін
Мұрын мен көзден аққан сораны да.

Мәз-майрам, жігіт күліп, шегі қатып,
Тамаша бір қызыққа қалды батып.
— Жарайсың Мынау саған, — деді ол маған
Бір үзім нанды беріп бара жатып.

КОЛ ДИІРМЕН

Қарым талып барады, қарым талып
Қол диірмен зырлатам барым салып,
Таусылды ма күшім де, қайратым да —
Қара тасқа маңдайдан терім тамып.

Бір көңілсіз диірмен жыр айтады,
Уыз сәби көңілді мұнайтады.
Боздақ үнге қосылам, мен де боздап,
Бір сарынды ол күніне мың айтады.

Қейін кетем балалық шағыма бұл,
Назалымын диірмен сазына тұл.
Ыза болам әкемді ерте әкеткен,
Осқым келер ажалдың жағына бір.

«Өш, жетімдік, төбеңе, жасын құлап», —
Деймін іштей, көзімнің жасын бұлап.
Майдандағы ағама өкпелеймін
Тез келмеген фашистің басын бұрап.

Қол диірмен табандап ауырлайды,
Күлдіретін қолымды, жауырлайды.
Шаршап келген соқадан анам байғұс:
—Үккен ұның аз гоі,—деп «дауылдайды».

Бұл анамның емес қой «бақсылығы»,
Емес оның сезімге тапшылығы.
—Барлығыңа сенің де шүкіршілік.
Алланың бір көрсеткен жақсылығы.

Деп сүйеді жүзімнен нарттай болған
Дауылдаған, моншақтап терге шомған.
Екеулейміз, зырлатып диірменді
Тірлік үшін үміт пен арман толған.

БОРАҢДА

Боран ұйтқып,
Соғыс жылы қыс қатты,
Ауыл тау-тау қар астында қыстапты.
Жер астынан төсіп шыққан суырдай,
Өрең шықтық... ойынды да қысқарттық.

Бпылғы осы қысыңнан да аспады,
Аға салған қора қирай бастады.
Ала сиыр ажалсыз-ау бейшара,
Қора астынан сытылып кеп қашқаны.

Жылайды апам ала сиыр аман деп,
Несібіміз үзілмепті балам деп.
Мен де шексіз қуандым-ау сол күні,
Той болғандай қан майданнан ағам кеп.

ҮЗІЛМЕГЕН ҮМІТ

Баллада

Толкиды жүрек бұлқынып,
Кеудеге сыймай жұлқынып.
Кейде баяу соғады,
Қалардай ғұмыр қыркылып.

Өшердей қазір тіршілік,
Бейкүнә жан түршігіп.
Арбадан түсіп байғұс шал,
Жүрелеп отыр күрсініп.

Көрі жүрек талды ма,
Мұңға толып қалды ма?!
Көкірегін кернетіп,
Сағыныш у салды ма?!

Қос ұлы да өрімдей,
Көрген түстей көрінбей,
Сағындырды, сүйді ме.
Бөтен жерді өз жеріндей!

Сақалы желмен желбіреп,
Әжімді жүзі елжіреп,
Қиянға қарап отыр шал,
Көзінде жасы мөлдіреп...

Тынысы бір сәт ашылып,
Алқынған жүрек басылып.
Жинап жүр бөркін, қамшысын
Көгалда жатқан шашылып.

Қаптатып басқа түнегін,
Шошытқан оны жүрегі.
Майданға кеткен ұлдарын,
Көріп-ақ өлу—тілегі.

— Сендерді көрсем арман да...
Болмас та еді-ау жалғанда.
Кеудемде оқа толғандай,
Өздеріңді еске алғанда.

Жүрек тулап дүрсілдеп,
Қалай ғана жүрсіндер?
Мұз жастанып, қар төсеп,
Қалды ма екен кұр сүлдер?!

Жау үміті солсын деп,
Жеріміз нұрға толсын д.
Жалбарынам тәңірге,
Ұлдарым аман болсын д.

Кәрлік, қайғы жүдегі,
Байқаймын науқас үдегі,
Тек жеңіс күнге құштарлық
Бергендей болды тілекті.

Күштерің жаудан боп үдем,
Оралыңдар жеңіспен!
Жер құнарлы, жыл жаңы,
Кеш қалмаңдар егіспен. —

Жұмыстан қол үзбейді,
Шал одан бақыт іздейді.
Көңілге ол медеу іздейді,
Қайғыға дауа іздейді.

Майдан үшін дабыл боп,
Ел еңбекте, дамыл жоқ.
— Жауды жеңсек, дейді, —
Ніетіміз қабыл боп.

Майдан шықпай санада,
Жанармай тартар қазан.
Тұрмасын деп трактор,
Себетін дән көп далада.

Ұлдары жаумен күресіп,
Қарыс жер үшін тіресіп,
Жүргенде ол қалай отқын
Қол қусырып сіресіп.

• • •

Күн де батты алаулап
Батыс жақ тұр талауға.
Әуілдек үні шығады,
Ұрғандай көлді сабауға.

Батыс жапын тұрғанда,
Бетіне жалын ұрғанда,
Орман қызыл, шөп қыз,
Қызыл бұлттар тұр маңдай.



Өгіз шөптен бас алмай,
Токтаған жерден ала алмай
Жегүлі қалпы оттап тұр
Солығын әлі баса алмай.

Көңілде қайғы, мұң—қаяу,
Орнынан тұрды шал баяу.
Шым етті жүрек тағы да,
Тағдырда жоқ па, бар ма аяу?!

Кеудесін баса жұлқынып,
Қозғалды көзі тұр тұнып...
Келе жатқан секілді
Қос ұлы қарсы ұмтылып.

—Құлындар! Көрдім, жарады!
Қайғы - мұңым тарады, —
деп қозғалған байғұстың,
Көзінен жас тамады.

— Ұлдарым келді жеңіспен!
Шақырам елді тегіс мен!
Бүгін той халқым, тойлаңдар,
Ертерек келіп егістен!

Осылай деп қуанып,
Бос үмітпен жұбанып
Өзегі өрт шал өксіген,
Қайыңды ұл деп тұр анык...

Қос қайыңды тел өскен,
Құшаққа ап танған шал естен.
Тірліктен белгі жоқ жүзін,
Жөнелді сипап жел ескен...

ІЗДЕУ

Қырық жыл болып қалыпты-ау кеткеніне,
Қырық жыл ағам хабарсыз өткені ме?!
Қырық жыл іздеп таба алмай зарлап келем,
Көздің жасы қырық жыл бір кетпеді де.

Іздеудемін таңдарды таңдарға ұрып,
Кей-кейде шалдықтым да таңдай құрып.
Іздеудемін от кешкен ағажанды
Батыр болған жауларды баудай қырып.

Он жетіде ұстаған алмас қылышын.
Іздеудемін ағамды жап-жас, қыршын.
Іздері бар, өзі жоқ өжетімнің
Табармын деп келемін, қалмас тылсым.

Құшағында ойнатқан тай, баланы,
Іздеуменен саңдалдым тау, даланы.
Ағам қайда, сағындым, кәрі Кавказ? —
Деп едім таулар мені қаумалады.

Қыр баласы ол, емес-ті теңіз көрген,
Сонда да сұрау салам теңіздерден.
Өзің жеңіс әперген бүкіл елден
Бауырым-ау қажыман сені іздеуден.

Естілер деп жаңғырық—ормандағы үн,
Шарлап келем орыстын ормандарын.
Дон даласын, Днепр, Балтық бойын...
Іздеу салып келемін сол маңдарын.

Табылар деп бір үміт маздай жанып,
Сенім күші бойымда қоздайды анық.
Құшағында тұрсам-ау бауырымның
Сағынышты тарқатсам боздап алып.

БІЗ КӨРМЕЙІК СОҒЫСТЫ

Соғыс деген бәлені естігенмін,
Көрмесем де қайғысын кештік елмен.
Қызыл аяқ... қарлы су... масақ теріп,
Санамызға бұл біздің өстіп енген.

Соғыс жылы балдырған баламын да
Көруге оны жазбапты таланымда.
Өгіз бақтым, соқа айдап, ерте есейіп,
Кеткеніме кейде таң қаламын да!

Көргенім жоқ соғысты — көргендерді,
Тындап өстім, майданнан келгендерді
Қарсы алушы ек шуылдап бала біткен
Қызықтауға фашисті жеңгендерді.

Ауыл қамы көңілде жүрді ме екен,
Ұмыттым. Жүрегімде тұрды—мекен.
Орда дейтін әкемнің шаңырағын
Шайқалтпауға байладым белді бекем.

Соғыс десе жүрегім тулап қанда
Жанып бара жатады у қапкандай
Көз алдыма еңіреп шал құшқан қыз
Жастығы мен намысын ұрлатқанда.

Жетім козы секілді жамыраған,
Жетімдер тек әр үйде қаңыраған.
Жұрмыстан соң жесірлер ұзақ түнге,
Қол диірмен үнімен аңыраған.

Соғыс тажал қандаған ғасырларды,
Жалмаған теңдесі жоқ асылдарды.
Біз көрмейік «жұлдызды майдандарды»
Біз көрмейік төбеден жосындарды.

* * *

Қара жол буккан шандағы,
Қайқайып шыккан ауылдан.
Қалпында әлі сондағы
Өзгермей жаңбыр, дауылдан.

Қала жакты бетке алып,
Созылып барып бел асқан.
Қаска жол жайлы ой кетті алып,
Құшағын маған кеп ашқан.

Уақыт жүйрік асықты
Сүйрелеп кәрлі түндерді
Жол бойына шашыпты
Көктен берген гүлдерді.

Қараймын жолға үмітпен,
Көңілде сола қоймаған.
Жүректі жеген күдікпен,
Арылып жаным болмаған.

Япыр-ай, неғып көрмейін..
Бауырымды жолда бұл?!
Көзіммен қыр өрлеймін
Жоқ па сен қара алда бір?

Аттанып еді ол келем деп,
Көтеріп Жеңіс жалауын,
Қанша жыл бойы елеңдеп,
Жанымның күттім қалауын.

Күтудемін, күтемін
Таусылмас менің төзімім.
Өзгертсе уақыт күрт өңіп
Таңыр ем нұрын көзінің.

Сөндірмей үміт шырағын
Шығармай жолды басымнан
«Бауырым!» — деген бір-ақ үн,
Естісем деймін тосыннан.

Шандатып жолдың бел де өрін,
Оралса күй ғып маңайың.
Шинелінің жеңдерін
Бұлғандатып ағайым.

КЕЛШІ, АҒА!..

Жанбырша бораған қорғасын,
Талайдың жарды ғой жүрегін.
Құлатып ағайдың ордасын,
Уақыт жұлды ерте тіреуін.

Шалдыққан өгізбен парласып,
Сокқаны тартты анам зорлыға,
Қайғы мен өр намыс арбасып,
Тез тапты тірлікке жолды да.

Бәріне бейіл ғой шешеміз,
Күтеміз хабарын ағаның.
Шкафта тұр әлі кесеңіз,
Тай өсті сыналап сағағын.

Күрсіне бір жұтып арақты
Отырар жеңгеміз кейбір күн,
Анашым түгесіп тағатты,
Күтеді ұлының келуін...

Бала едім бұғанам қатпаған,
Қайысты балдырған білегім.
Таңдардан іздедім ақ табан,
Жоқ әлі, жоқ ұлы тірегім.

Еркелеп мойныца асылып,
Басайын сағыныш мауқымым.
Іркейін көз жасын жасырып,
Келші, аға! Тым болса, жарты күн!

СОЛДАТ ҚАБЫРЫ

Бөтен елдің топырағын жамылып,
Жатыр солдат мәңгі ұйқыда жабығып.
Ол қазақтың батыр ұлы қаны ыстық,
Оянбас па туған жерін сағынып!

Фашистердің шенгеліне түспеуге,
Жау ұсынған «бал шарабын» ішпеуге,
Ант берген ол шегінбеуге жарты елі
Алға ұмтылды, алға қыран құс кеуде...

Қорамсактан оқ жаудырды ол қанша,
Көк қамшылап көкірегін қорғанса.
Жауды өкшелей қуып барад тықсыртып,
Қуып барад күн ұяға қонғанша.

Жер пұшпағы өзі қорғап қалған сол,
Құшағына өр тұлғаны алды аршын.
Төлеп кетті Отанға айтқан ант-сертін,
Төлеп кетті азаматтық жарнасын...

«Туған жер!» деп бір шығарды өр дауысын,
Зор кеудесін басқанда зіл қорғасын.
Оянбас па елі-жұртын сағынып
Бұл бір қазақ ерке бұлан — ардасы?

Жер бауырлап құлап түсті талған соң,
Көкірегінен ұшты зулап көгаршын.
Көз алдынан өте берді дарига-ай,
Тәтті дәурен, жеткізбеген арман — шын.

ОН ЖЕТИДЕ ЕДІҢ

Он жетіде едің, бауырым,
Он жеті-ақ жазды көріп ең.
Он жеті ғана көктемнің
Алаулы гүлін өріп ең.

Он жетіде едің, бауырым,
Есейіп кеттің-ау ерте.
Есею шаққа құлындай
Құлдырап жеттің-ау ерке.

Білдің бе екен, сездің де,
Шалқалап айдың туғанын.
Бағыңа сенің күннің де
Қанменен жүзін жуғанын.

Айқасқа түстің тайсалмай,
Он жеті жаста едің сең,
Тойтардың сойқан апатты,
Бұзылмай жатыр еді сең.

Сағынам, сірә сағынбас,
Жоқ шығар адам бауырын.
Жүзімді жасқа шылаймын,
Арқалап мұңның ауырын.

Жалғыздық еске түседі,
Өксімін жасты тия алмай
Аттанар сәтте құшақтап,
Тұрып ең мені қия алмай.

Сарғайған сағынышымды
Жоқтау қып айтам еңіреп.
Естімейсің ғой, бауырым,
Сен жатқан алыс төңірек.

...Қол бастап — шыққан дауысыңды,
Естімей қалдым, алтыным.
Ерлікке толы даңқыңмен
Шығып жүр менің әр күнім.

ҚАРАЛЫ ХАБАРДЫ ШЕШЕМЕ ЕСКЕРТУ

Сау ете қалып кешқұрым
Шым үйге біздің топ адам.
Көрмеген шалдар еш бұрын,
Келгені бар-ау қаладан.
Көңілдері неге басылды? —
Тілдерін жұтып қойғандай.
Кінәлі бәрі — осы үйдің
Спырын ұрлап сойғандай.
Отырғандар тұнжырап
Қабактарын бұлт басқап.
Қимылдары да сылбыр-ақ.
Бозарған оң-түс қашқан.
Бір-біріне көз тастап
Жер шұқылап, жалтақтап.
Күбіжіктеп кейі тез қашпақ
Қалақтай бастар қалтақтап
Шешем байғұс ашулы
Не болғанын біле алмай
Қалтырап бірде шошулы
Жиналған топты ұға алмай
Көңілін жайлап қорқыныш,
Көбелек—жаны шырылдап
Көкірегін мендеп алқыныс,
Тарылып демі, сырылдап.
Сөз бастап кеті күйылытып,
Шалдардың бірі мақалдап
Отырғандады ұйытып,
Тақпақтап сөзін мақамдап.
Жетіп тұр соғыс лаңы
Әр үйдің отын өшіріп
Өмірден өтіпті ұланың

Ерлікпен бағын өсіріп,
Барлаушы болса керекті
Жау шебінен «тіл» тартып.
Мергендігі еректі
Көрмеген жауын бұлтартып.
Қолымызда өскен бала еді,
Азамат болды ашылған.
Тегінде батыр бар еді,
Ақырып жауын қашырған.
Айласын жаудан асырған
Жолбарыстай ер екен.
Жауыздыққа ашынған
Памысты бермес ер екен.
Қырқылып түсті қыршынан
Ұланы ауыл, Отанның
Қан жұтып, міне, ыршып жан
Жаза алмай қалдық жотаны.
Орыны толмас қаза бұл,
Қайысып қалды қабырға.
Анасың қайғы азабын
Көрсен де жүгін сабырға.
Сабырлық керек мұндайда
Десек те шыдам болар ма?
Құлағың сөзді тыңдай ма?
Сағыныш гүлі солар ма?!
Соғыстың өрті шалынты,
Босағамызды аямай.
Ағайды ажал алыпты
Қыршындығына қарамай.
Жұбатқан елді жылаған
Аксақалдар да мықты еді.
Шаңырақты сонда құлаған.
Тұрғызуды маған жүктеді.

Қанатым өлі қатпаған
Балапан едім онда мен
Қайғыру да жат маған.
Шаттықты ғана тандап ем.
Бір үйде, бүкіл атадан
Мен қалған еркес кіндікті.
Ашатын менмін қайтадан.
Жабылып қалған түндікті.

Мен онда 6 жаста едім. Қаралы хабарды естіген шешем
нің халі мынадай болатын.

Бетін осып тастады, бетін осып,
Шимандай. Күреңітіп қаны жосып.
Бөз көйлектің боялып омырауы
Боздауына боздауын ел де қосып.
Азынады! Құдайдан қайыр аз да.
Ащы дауысы аспанды айырардай,
Ұлын апам жоқтады, алланы да,
Қарғады, тоқтар ма енді бәрін қазбай
Фашистерді қарғады, соғысты да,
Кегі де, ашуы да тоғысты ма?
Тағдырын да қарғады тұл боп өткен
Көрмеген қуанышты, алғысты да.
Қанды жас, мен көрмеген бұрын-соңды,
Қанды бас, көзі іреңкі, жүзі солды.
Жұла берді шашын ол қан ұйыған
Тастай болып қарысқан бұрым қолда
Зарлады! Сай-сүйекті шымырлатты
Үрейім ұшты, оллахи шынымды айттым.
ащы даусы — ашуы, ызасы ма? —
Құлағымда әлі де шыңылдап тұр!

ОН БЕСІМ

Толқындай сокқан жаға—тау асылып,
Жүрегім тулап жатыр аласұрып.
Тепсініп қабырганы күйретердей
Менсінбей он бесімді баласынып.
Егесіп, тағдырына тапсынатын.
Жүргенде табанынап от шығатын.
Жүзіктің көзінен де өткен он бес,
Япыр-ау қандай жүрек жатсынатын.
Қасірет, қайғыменен елді құрсап,
Тұрғанда өрт пен түтін жерді тұмшап,
Он бесті олқысыну мүмкін бе еді?
Жесір мен картқа сүйеу болып тұрсақ.
Майданға аттанарда әкемізге,
Серт бердік жігіттерше кеше біз де,
Серт бердік — шаңырақты сақтаймыз деп.
Еш кірбің түсірмеуге шешемізге.
Айдаймыз, — дедік күшті байқап тағы.
Соқасып әкеміздің алқаптағы.
Күнұзақ егінді қыр аспанында,
Жас қайрат шырқап салған ән қаптады.
Пендеміз, емеспіз-ау құжыр бассыз,
Шындықтан қашып және құтылмаспыз.
Қорықтық, киналдық та, қасірет шектік
Оны айтсақ ел алдында ұтылмаспыз.
Өмірге ғашық өндірі он бес деген,
Көзінде бақ жұлдызы елестеген.
Арманы — жеңіс күнге жетемін деп,
Бейнет жоқ белшесінен ол кешпеген.
Заманның толқынында аласұрды,
Кім оны балдырған деп баласынды.
Өмірдің өзі бапкер баулаған ғой,
Күреске тірлік үшін жарасымды.

ӨГІЗ БАҒЫП ЖҮРУШІ ЕК

Өгіз бағып жүруші ем соқадағы,
Балауса бал құракқа Қопадағы.
Бусанған жер бұрқырап, көктем демін
Жаяушы еді алапка жотадағы.

Ымырт түссе салқындап егісті аймақ,
Жұлдыз көкте өретін тегіс жайнап.
Жас жапаға аяқты жылтып тұрып
Қиялдаушы нанды ойлап, жеңісті ойлап.

Ұшқыр қиял қанатын сабалайтын
Әкені ойлап — мың қайғы қамалайтын.
Ойды бөліп, оқыстан қайран төбет
Қоймай-қоймай қасында абалайтын.

ЖЕТІМЕК

Бақыт құсы ұшканда басымыздан,
Естіп өскен сөз ғой бұл жасымыздан.
Айналайын дегенмен бірдей бізге,
Басқа сөз шықпаған соң қасымыздан,
Өзге сөзді айтпайтын жатсынғандай,
Үйме-жүйме жаудырып басқа ұрғандай,
Майданнан қара қағаз тап болса елге,
Сөгуші еді бізді жұрт қас кылғандай.
Қолпаштап, құшақ жайып, ақыл қалмай,
Фашистерді елге біз шақырғандай.
Ауылға аштық, зорлық, өрескелдік,
Әкеліп біз еңсесін жапырғандай.
Көтерем боп сиыры қыстан шықпай,
Сөз естіртсек шешеге сабақ ұқпай.
Бізді нұқып қалатын жетімек деп, —
«Жегенің қырсықтан жүр бойға жұқпай».
Қалқан құлақ, қазан бас, кылдай мойын,
Жетімдердің кім білер қандай ойын?
Көңілде — нан! Көкейде — жылдам өсіп,
Военкомға көрсетсе таудай бойын.
Көзге түрткі болғанша майдан барсам,
Майдан барсам, фашистке ойран салсам.
Бекен шал жетімек деп көп ұрсатын
Есітіп ерлімді қайран қалса!

Интернаттың қара наны көкаяздау, сокталау,
Өзегімді отықтырып, өмірімді сақтады-ау.
Сен жайында сөз кестелеп, жыр тиегін ағытпау
Обалдағы, ұят болар қасиетінді мақтамау.

Кейде қышқыл, кейде кермек татыса да қара нан
Қиын-қыстау шақта жанға нәр болуға жараған.
Адам болып жер басуға, бел асуға дем берген
Өзіңменен мұраттарға сенімменен қарағам,
Айналайын, қасиетті қара нан!

НАН НЕ ДЕГЕН ДӘМ ЕДІ?!

Көктем туып, күн шашқанда нұр-шуақ,
Қалай жатсын қар астында қыр шыдап.
Қар суымен ел де шыққан алқапқа,
Бүрсең-бүрсең масақ теріп жүр шұбап.

Мен де келем стек-жеңді түрініп,
Аяғымды өзер басып, ілініп.
Талғажаулап, талдырмауға өзекті
Су астынан дән іздеймін үңіліп.

Майдан жылдың ұзақ күтіп көктемін,
Асығушы ек сезінуге көк демін.
Көктем бізді жеткізетін масаққа,
Шапағатын аямайтын көкте күн.

Жер тырмалап жем іздеген тауықтай,
Бүкіл ауыл егінжайға ауыпты-ай.
Дәнге қолы жеткендерге үміт көп,
Олар үшін мына тірлік сауықтай.

Ойламауға ертеңді жоқ дәлелін,
Көңілдіміз, тіршіліктен дәмелі.
Жонарқаны күн қыздыра бастады,
Ішті жылтқан нан не деген дәм еді?!

ТҮСІМДЕ КӨРГЕН ӨГІЗ

Түсімде көрдім өзінді,
Соғыс жылғы өгіз «Аткүрең»
Жақындап маған, көзінді
Алайттың неге? — деп күлем.

Нөгербектің шүйгінін,
Жалғыз жайлап жүр екен.
Жақсарды ғой күй бүгін,
Жасарды ғой бұл мекен.

Түсіме неге енді екен,
Күрең өгіз маңқиған?
Ұмытатын мен бе екем,
Сол жылдарды сан қилы?!

Түп жетекке жегіліп,
Тартушы едің соқаны.
Мұнды әйелдер егіліп,
Шырқамайтын жоқ әні.

Тұрушы едің ырсылдап,
Түгіңнен тер тамшылап.
Ренжуші ем, «құрсын» деп
Айдаса әйел камшылап.

Қозғалушы ең сонда сен,
Бұрандатып жотанды.
Табанкерен, жолда сен
Қалдырмайтын соқанды.

Қамшы тисе жауырға,
Желуші едің тайрандап.
Саған мініп ауылға,
Бару қызық сайрандап.

Үлкендерге көрінбей,
Істейтін іс бұл түнде.
Балалыққа берілмей.
Қоймайды екен бұл күнде.

Шаңырақтай мүйізін
Жүрісіңнен шайқалып.
Астық тарттың күн ұзын,
Комбайннан найқалып.

Бункер дэнге толғанда,
— Асығатын жалғанда
Күнің бар ма, құдай-ай?! ---
Комбайыншы шыдамай

Деп налитын жеңгеме,
Сені айдаған асығып.
Жөнге көнер «пенде» ме ең,
Жылайтын ол ашынып.

Сен түсіме еңдің де,
Бал дәуренді еске алдым.
Тағдырға ерте көндім де
Базарымнан кеш қалдым.

Кеш қалдым ба, сап көңіл
Ерте өсіп кеттім ғой.
Қара түтін, өрт—өмір,
Ортасында жетті ой.

Қара құрдай өргізем,
Сан ойларды миымнан.
Өгіз десе, өгіз ең,
Мойымайтын қиыннан.

Жонарқанда тербеліп,
Жонарқанда шаттандым.
Жонарқанда өрленіп,
Өзіңмен қырға аттандым.

Жонарқанды мекендеп,
Жонарқанда қорықтым.
Жеңіс күнге жетем деп,
Сен де, мен зорықтым.

Зорықсақ та қиналсақ
Бақыт күнмен көрістік.
Омырауым — жыр моншақ.
Жөнелдің сен өріске.

Бейбіт күнде сүйсініп,
Бақыт әнін шырқаймын.
Өгіз көрсем күрсініп,
Мандайынан сипаймын.

ӘКЕ

Көз алдымда бәйтерек те алып шын -
Қайран әке елес болып қалыпсың.
Әке деген ақ орданың дінгегі,
Әкеменен бар бақытқа қарықсын.

Туған жердің неше келді көктемі,
Сен өмірден қош айтысып өткелі,
Сен жасаған жастан да асып кетпін
Қайран әке, сөкпе мейлі, сөк мені.

Не тындырдым, не бітірдім толымды
Өз әуенім бар ма жанға қонымды?..
Әйтеуір мен жалғастырып келемін
Әкежаным адамшылық жолыңды.

ӘКЕ ӨСИЕТІ

Ұлым менің, балапаным, жүрегім,
Тірліктегі қызығым ең бір өзің.
Бақыттылар бақыттымын десе де,
Шын бақытты өзім ғой деп жүр едім.

Қуанушы ем қалқақтаған бойына,
Шаттанушы ем бала кылық — ойыңа.
Ел-жұртымды жинаушы едім дүрлетіп,
«Тұсау кесер», тайға мінер» тойыңа.

Көп жасауға талпын, істе қанша ырым,
Қелте ғұмыр сабындай-ақ қамшының.
Қатал тағдыр тас балбалға ұқсайды,
Естімейтін адамдардың жан сырын.

Естімеді ол жүрек үнін жалынды,
Қайғымды да менің аңы зарымды.
Жалғызым-ау мені сенен қызғанған,
Түсінбедім, тағдыр неге тарылды?

Кең дүние қызығына тоймаған
Қыршын едім болашағын ойлаған.
Келешегім енді өзіңсің, құлыным,
Құлкің менен қуанышың — той маған.

Маңдайымда қалған ба екен хатталып,
Бұл дунеден мен барамын аттанып.
Бүлдіршінім саған айтар көп сыр бар
Көңілімде қалар мәңгі сақталып.

Айта алмаймын, айта алмаймын төгілтіп,
Көкірегімді ала алсам ғой жеңілтіп.
Қатпар-қатпар ой қыртысы басымда
Арман, үміт жүрегімді егілтіп.

Аман болшы тіптей менің құлывым,
«Омыртқаның ішіндегі жұлыным»
Тезірек өс, азамат бол арқалы,
Көз жұмғанша тілейді әкең біл, ұлым.

Ойлап сені көкірегіме өрт енді,
Жетсең шіркін, жігіт болсаң өркенді,
Арына дақ түсірмесе деп жатам,
Тұйықтап ап бір биікте көрлемді.



АРДАҒЫМ

«Благовещенский» совхозының комбайншысы Социалистік Еңбек Ері Төлебай МҰСТАФИНГЕ арнаймын.

Төлебайға қарап тұрып кейде мен,
Осындай боп тусын деймін Ер деген.
Дикан аға мәшһүр болған елге кең,
Биіктерден биіктерге өрлеген.

Қиындықтан бір көрмеген қорғалап,
Төксең дала қыраны ғой зор қанат.
Армандарын алғы күнге жалғап ап
Екі дайда шығады екен «алғалап».

Екі дайда... астық үшін айқасқа
Шығады ауыл азаматы пар қасқа.
Күн қақтаған бидай өңі алаулап,
Алтын дәннен басқа болмай ой басқа.

Алтын дәнде — сақи дала, тіршілік,
Зенгір аспан, тұрады онда Күн шығып.
Көз жауып ап салтанатты нұрлы бақ,
Жеңіс туы көкке ұмтылған құлшынып.

Алтын дәнде бейнет те бар көп көрген,
Зейнет те бар қуанышпен өткерген.
Береке бар, алып дала, пай-пай-пай,
Жотасына миллиардты бөктерген.

Дән — өмір ғой! Оған құмар бар адам,
Сезім қозғар одан күй де, тарады ән.
Дән — өкірді сыйлап жүрген Төкене,
Жауады алғыс үлкеннен де, баладан.

Жауады алғыс аспаннан да, жерден де,
Жасыл жайлау, көкалалы көлден де.
Қол соғады аққайындар, ақ бидай,
Дикан қырға таң бозынан келгенде.

Кірпік ілмей, қос жанары шоқтанып,
Орақтарда көрді ме ол тоқталып?
«Қыр кемесен» қыр маржанын тасытқан
Төлебайға қарай берем мақтанып.

ДАЛАНЫҢ ШАҢҚАНБОЗЫ

Ленин аудандық мамандандырылған
руашылық бірлестігінің төрт орденді
байыншысы Жұмаш КӨРМЕНОВКЕ
мын.

Ассалаумағалейкум, даланың шаңқанбозы,
Жарыста бәйге бермес қызынып, арқаң қозып.
Даңқынды шығардың ба, апайтөс хас батырым?
Қырыңа алтын дәнмен кестелеп атын жазып.

Бұл дала сенің далаң, сен туып, сен өскен жер.
Өкең де—Қызыл Кәрмен ел үшін қан
кешкен жер

Тер төккен тірлік үшін, дән үшін, бақыт үшін—
Біледі от—жалынға оранып сонда өскендер

Түйір дән, құдіретінді білмесек кешірме,—деп
Бұдан былай жотаңа дән—дария өсірме, деп
Өксіп едің,

Қуырылған бидайды тістеп тұрып.

Қуырған кім?..

Соғыста боздағы өлген жесір ме еді?..

Бәрі сенің есінде, есінде байтақ елің.

Өліп барып... тірілдің, өмірге қайта келдің.

Талғажау масақ қана терілген қар суымен,
Тәубенді түйір дөнге сиынып, айта бердің,
Алқағаш, «Қараағаштын» баурайы тұнған егін,
Ақ маржан жинап жатыр еңбекшіл дикаң —
елім.

Лаулатып жарыс отын, заулатып қыр кемесін.
Қомданған ақиықтай рульде ду қанды ерім.
Сен келесің асығыс, алқапты әнге бөлеп,
Дән тулайды бункерде, ойнай ма қан көбелек?

Алады көздің жауын дәулеттің тамшылары,
Дән-елдің тіршілігі, нан, нан ғой мәні бөлсек.
Дән—елдің мақтанышы, бақыты басқа қонған,
Ол дархан дастархан ғой, толысып асқа толғап

Кім онсыз жер басыпты, кім онсыз күнге
ұмтылған?

Көрмейік нансыз бөбек, жанары жасқа тұнған.
Бұл—сенің азаматтық ойың ғой жүрекжарды,
Тірлігің орындалып, тың дала түлеп салды.

Туған жер ақ бидайын еліне шашу етіп,
Миллиард—алтын таулар аспанды тіреп қалды.
Асқақтап ала бөтен дән тауы, дәулет шыңы,
Жалтылдап шың басында алтынды еңбек туы.

Бұл — елдің абройы, бұл сенің қуанышың,
Миллиард берекеге әркімнің құмары шын.
Ол—мақсат—мұратың да, өлшемі ерлігіңнің,
Миллиард — алтын астық, маңдай тер,
жұбанышың

Таба нан, қазақы нан қаныңды ойнататын,
Көңілді жадыратып, ертеңді ойлататын.
Таба нан өзің түстес, аталы сөзі елдің,
Аяулы жердің сөлін жаныңа бойлататын.

Тынымдап қыр кемелер, тыным ап дала жатыр,
Қоңыр үн тырна—қаздар қияндап барды ақыр.
Сен жүрсің әбігерде, ертеңгі жеңісті ойлап, —
Дәулетін тасытам деп елімнің, дара батыр.

ДИҚАН ТУРАЛЫ ЖЫР

Диқанның мәртебесі
Таудай бүгін
Төбесінде күлімдеп
Лаулайды күн.
Даласында сыңсыған.
егін — тоғай.
Сол тоғайдан мың сырлы
Қаулайды үн.

Тамаша-ақ тым, тыңдасаң,
Тамаша-ақ тым
Тыныс — демін естисің
Әр масақтың.
Әр дәннің сезім қозғар өз әні бар
Дабылы бар бүгіннің, болашақтың.

Сұлудың иықтағы бұрымындай
Ырғалды ма масақтар.
бұрын мұндай?!
Майысып, теңселеді сабақтары
Әрқайсысы жылқышының
құрығындай!

Дәулет маршы ойпасын
жылда осылай.
Диқан қарсы алады
жан досындай,
Мандай тері диқанның
жерден өнген,
Дәулетке осы
шаттығы
Тұр басылмай.

Дикан, жанып, жүрегін
Тындаса Адам
Ұғар ма еді өмірде
Жүз жасаған?
Оның жаны сөйлейді жер тілінде,
Жердің тілін ұға алмас,
мың жасаған!

Дикан өскен жер тілін
тындауменен
Жаттауменен, жер жанын
баптауменен.
Топырақтағы жұлдыздар
сөнбесін деп,
Бар жылуын берумен
жатты-ау денен.

Сенің сөздік қорыңнан
Таба алмадык
«Шаршау» деген сөзді іздеп
тамам халык.
Нан табудың қиыны,
қызығы да,
Алдыменен сй, дикан,
саған қанык.

Диканға күнің де бір
түнің де бір
Табаныңның астында
дүбірлі өңір!
Дәнді арнамен ағызған
Ер диканға
Қол соқ, ел, қуан, дала,
күлімде, өмір!

ТІРШІЛІК ТЫНЫСЫ

Таңмен бірге оянып, дикан шықты қыратқа,
Шат көңілі оны бір, мінгізгендей құр атқа!

Қоңыр жүзін ақ таңның шұғыласына шайып ап,
Лскіп соққан самалға омырауын жайып-ақ.

Қарап дикан келеді жұпар шашқан аймаққа,
Қояды үнсіз болашақ қуанышын ойлап та...

Аспан... аспан тұңғық,
Бұлты да жоқ бөріктей,
Көз тартатын келбеті қоймас жанды ерітпей!

Дала жатыр маужырап, босанған жас анадай,
Аяқ-қолын бауырға алуға да жарамай!

Сипағандай маңдайын анашының момақан
Топыраққа жанасты мамық, жылы алақан...

Бұл не ғажап, не сиқыр?!
Дөңбекшиді топырақ,
Кеудесінен ып-ыстық буалдыр бу бұрқырап!

Көкжиек тұр көктемгі сағым—шапап жамылып,
Дикан отыр шаттықтан... әнінен де жаңылып...

ҚАРИЯ АЖАЛЫ

(Баллада)

Күз еді майда шуақ, самал ескен.
Аспанда бұйра бұлттар баяу көшкен
Қайындар тағынғандай алтын шолпы
Есілдің кемеріне тізіле өскен.

Алып қыр қайтадан бір жаралғандай
Түрленіп, әсем оқа оранғандай.
Майысып толықсиды ару егін
Самалмен таңнан тұрып таранғандай.

Қайысып жасыл жоны қырат белдің,
Дән өскен—берекесі мұратты елдің
Ол—жанған бақ шолпаны, мәртебесі
Ецбеккер, диқан деген қуатты ердің.

Алтын дән көкте күнмен шағылғандай.
Маржаннан далам алқа тағынғандай.
Береке белден болғай, — деді диқан,
Көптен бір молшылықты сағынғандай.

Сағынған сыңғыраған дәннің әнін,
Сағынған отқа көмген нанның дәмін.
Диқандай ешкім біліп, сезінбейді.
Киелі, қасиетті нанның мәнін.

Жетерлік өзі түгіл әулетіне,
Қарт диқан қуанулы дәулетіне.
Бидайды қолындағы қызықтады,
Разы боп, қасиетіне, сәулетіне.

Бидайды тіске салып, дәмін татып,
Қарт жүрген қиял ойға мүлде батып.
Шошынды тосын шыққан жат дауыстан
Күркіреп жерді жарған дабылдатып.

Көргенде ол салттыларды анталаған,
Көздері қызыл шоқтай қанталаған.
Жүрегі бір сұмдықты сезсе-дағы,
Білмеді ол жау екенін ел талаған.

Күл етіп жау Отырар, Сығанақты,
Қазақтың қаны Сырға жылап ақты.

Бейбіт ел, бейхабар жұрт мойынына
Шыңғыс хан мықтап салған бұғалықты.

Киінген сыптығырдай, елден ерек,
Салттылар кәрін төккен тіл де бөлек.
Қыл шашақ, қанды саға найзаларын,
Диканға жаулар тұрды бірден кезеп.

Біреуі аттан түсіп, шақпақ шағып,
Егінді жоқ қылмақшы отқа жағып,
Көк түтін... Қызыл жалын даланы алды,
Диканның жүзін лебі шалқи қағып.

Қарт диқан бойын тез-ақ жинап алды,
Бидайды бұрынғыдай тіске салды,
Өзімен өзі болып, дәмдеп дәнді,
Меңіреу жандай болып үнсіз қалды.

Кеудеде ала құйын ыза қайнап,
Қарт тұрды қайта-қайта бидай шайнап.
— Мал мынау, адам емес, шөп жеп тұрған,
Жоқтауын асырайын жатсын жайрап,

Деді де бір қарақшы екіленіп,
Қылышпен қартты шапты екі бөліп.
Мандай тер, ақ арманы-ақ бидайды
Уыстап қысқан күйі жаты ол өліп.

Уақыт сан жылдарды сабылдырып,
Өтіпті-ау талай жанды бағындырып.
Арқадан боран өткен, дауыл өткен.
Кәрімен тіршілікті табындырып.

Ызынды желмен қырда құмдар көшіп,
Ескі жол, ескі іздер қалған өшіп.
Мерт болған қарт диқанның уысынан
Ақ дәндер көктемеде көктейді өсіп.

ҰЛАН

(Баллада)

Сөндірмек пе нұр шамын тіршіліктің,
Жапан түзде жатқандай тұншығып тұн.
Бұл боран, апат боран түтей соққан,
Орман да мазаланған күрсініп тұр.

Кербініп, тер бұршақтап маңдайынан,
Ашы үндер оқыс шығып таңдайынан,
Қиналып Ажар отыр толғақ қысып,
Тудыра алмай толысқан айды оңынан.

—Алыс па әлгі селомыз, көрінбей ме?
Айтшы, Андрей, бір сәуле өрілмей ме?
Жұбатады ол — дағы жаны қалмай
Адам ғой ол — үрейге берілмей ме?

Андрей де Ажарды алдарқатып,
«Жеттік» деумен келеді алға тартып.
Трактордың жолында құйын ойнап,
Көз алдында меңіреу қалған қатып.

Көп болды жолаушылар шыққанына,
Ақ бораннан тайсалып ықпады да.
Ажарды алып жөнелген емханаға,
Кісі сөзін Андрей жықпады да.

Шақырылған ауданға шұғыл іске,
Жұбайы келмекші еді кеше кешке.
Қас қылғандай үскірік үстеп кетіп,
Жете алмайды ауылға бүгін түске.

Андрей тракторшы тыңға келген,
Елден ерек толағай тұлға деген.
Болып алған ауылдың азаматы,
Тұла бойы — тұнған сыр, тұнған өлең.

Ақыл да бар, бар онда керек айла,
Көнер емес алағай бұлағайға.
Кейде мынау боранмен арпалысып.
Кейде батып кетеді терек ойға.

Украина жеріндей, анасындай.
Кең екен ғой, қазақтың даласы бай!
Топырағы торқалы, қасиетті,
Жазирасы — жайнаған жаңа шырай.

Қалай ғана қиярсың мына жерді,
Қонақжайлы, кеңкұшақ мұндай елді,
Адамдарын аңқылдақ, кіл бауырмал
Еңбекшіл, өрге ұмтылар ыңғай ерді...»

Енді бір сәт ойынан серпіле сап
Бола қалды тас түйін, еркіне сак.
Ышқына кеп соғады қарлы құйын,
Екеуін де кетердей еркін асап.

Қорқыныш тас түйдіріп зор қабақты,
Суық тер кең маңдайдан сорғалапты.
Арудың ыңырсыған әр тынысы
Жүректі суырардай жанға батты.

Андрей шын-ақ састы, қайтпек енді
Дәрігер жоқ дейтұғын: «ап кел емді»
Тыңдаған жоқ ол мынау ақ түтекті.
Тыңдаған жоқ «Андрей қайт!» дегенді.

— Ашылған екен, боран, мықты араның,
Мен де жаспын жүзіндей ұстараның.
Текке ышқынба бәрі бір араныңнап
Мен Ажарды қалай да құтқарамын.

Табармын дегенмен де бір амалды,
Тәңір-дағы бермеді сұрағанды.

Алқынып келе жатқан мотор, әттең,
Күрк-күрк жөтеліп, тына қалды...

* * *

Шыр етті бір үн даланы басқа көтеріп,
Шығандап шырқап, көмейінен өт өріп.
Жынданды дауыл, құтырынды боран да
Манадан тұрған оқтын-оқтын жөтеліп...

Ерсілі-қарсы соғады боран ышқынып:
Даланы меңіреу жайлаған у-шу, ысқырық.
Андрей жолда, қойынында сәби—шарана
Жеткізбек оны селоға ұлы іс қылып.

Қабинада Ажар, қалды артта қара боранда,
«Жата тұр деген Андрей — мықтап оран да»
— Бөбекті жеткіз емханаға, баурым,
Қарама, тіпті, қайғырып қалған маған да.

Түтеген боран үскірік аяз, тұз налып,
Андрейдің соңында әлсіз із қалып.
Оппалап басып келеді-ау кейде сүрініп,
Жанарын кірпік ұшына тұрған мұз қарып.

Азынап дала, ышқынып боран аңырап
Нәресте жүзін қоятын емес қарып ап.
«...Сәбиге мынау көруге жазғай жарықты
Қолдаушым қайда, кеткен бе әлде маңып-ақ?

Қайдасың, қайда, қайратым бойды керісеген,
Өрессіз өмір өкінішке өткел бермеген.
Арындап жүрген, жалындап жүрген жүректің.
Керегі қанша мұндайда қуат бермеген?!

Аяғым талма, шаршама, қара сандарым,
Сезінсін дүлей-дүлейден өктем жан барын.
Қолымда сәби, қолымда келер бір ұрпақ,
Қолымда адам атырар дала тандарын!..»

Жеткізер емес, жеткізер емес жол бірақ,
Сәбімен бірге теңселді жігіт қалжырап.
Түңіліп кетер, сүрініп кетер мезетте
Көрінді-ау сәуле, көрінді-ау сәуле жалғыз-ақ.



Қызылжар,
Вокзал басы.
Толған халық,
Бәрі де танытады арман қалып —
Тағы да Қазақстан миллиарды
Қамбаға құйылғаны болғанда анық.
Жатқандай мынау күзде алап балқып,
Бір жұпар жер бетімен баратты аңқып...
Ажар ұлы Ұлан тұр поезд күтіп,
Беймаза, асығулы тағат сарқып.
Жиырма жыл, жиырма кактем су ағыпты.
Тың дала жиырма рет сыр ағытты.
Жиырма жыл сары далада сағым ойнап,
Тұрғызды таңғажайып кіл алыпты.
Ұлан да шынардай-ақ әсем өскен,
Мейірімді жүзінен ақ нұр ескен.
Қалың қас, қара көзден от ұшқындап,
Көрген қыз мін таппаған, шіркін! — дескен.
Діңқан-ды әкс жолын қуған бұл да,
Дидарын таңнан тұрып жуган нұрға.
Ұлан бұл дәл жиырма жыл бұдан бұрын
Боранменен алысып туған қырда.
Қисветен келді поезд. Айналаны,
Шолды Ұлан. Күткен жаны қайда кәні?
Андрей! Талай көрген суретін.
Бір сезім дуылдатып бойда қанды.

Келеді ол сүйеніп таяғына
Ал, оқушым, қызыққа қара мына,
Ұланды құшақтады Андрей кеп
Қуаныштан жас ыршып жанарына,
Зу етіп Ұлан бойы қалтырады,
Тынымсыз шәкірт ойы шарқ ұрады.
Аяқсыз, аянышты халде осылай,
Андрей көкейінде сан тұрады.
Аяғын үсіткен ол сол боранда,
Сол жылғы боран сонша долданар ма?
Ұланды алып шықты тас түнектен
Алтынды қадірлейік қолда барда.
Иә, ол сақтап қалды бір өмірді,
Бір өмірді жайнаған гүл өрімді.
Үзгізбеді тірліктің оқа жібін,
Жас желекпен жасартты бұл өңірді.
Жылда келіп қазақтың ауылына,
Қонақ болып қайтады ол бауырына
Ажар-дағы шашады ақ бауырсақ,
Тойын жасап қанаттас қауымына.
Ет жүрек қой, ет жүрек езіледі,
Батқаны тек өзіне сезіледі
Қиналады ол мүгедек қалыпқа бұл,
Қуанады деп: «неткен төзім еді?!».
Туысқандық, достықтың борышы ма,
Мәңгі біткен қазаққа... орысыңа!
Адам күні адаммен! Керек жайда
Тусуге әзір құзыңа, қорысыңа.
Жүректерге сөнбейтін ізгі от жаққан,
Армандарға атқызған жазғы ол ақ таң.
Адам, адам тәңірі өмірдің бұл,
Сені жырлап, тек сені етем мақтан!

ЖАРАЛЫ ЖАУЫНГЕР

Ұлы Отан соғысының ардагері
Гәкку Медисвке арналады.

Басы зеңіп,
Демі кеміп
Кеуде қысып қалады.
Қолы ұйып,
Денс күйіп,
Жанын қинап барады.
Жерге еніп,
Шегеленіп,
Қалдым ба деп езіліп,
Шошып алғаш...
Қуанды рас,
Тірілігін сезініп.
— О, тіршілік,
О, тіршілік,
Адам қимас айдын ба ең?
От ішінен,
Оқ ішінен
Саған құшақ жайдым кең!
Судай тасып,
Көзін ашып
Ақ аспанға ол қарады,
Кірпіктен жас тамады.
— Тірімін мен!
— Тірімін мен!
Тірімін мен, ақ аспан!
Жарық дүние!
Жарық дүние!
Іңкәрім ең о бастан.
Бір ұлыңмын,
Балбұлыңмын,
Әуезіңе ән қосқан.
Қолдаушым сен,
Қорғаушың мен,
Апат жаудан алжасқан.
Солдат,
Солдат —
Жаралы жан бұл жатқан.
Ел қорғаушы,
Жер қорғаушы,
Қанды тырнақ зұлматтан.

Қаска киіп,
Шинель киіп
Келмеген ол өмірге,
Найза ұстап,
Мылтық ұстап
Шығып па еді ол өңірге.
Шығыстағы,
Алыстағы
Ауыл тұр көз алдында —
Тебірсініп
Аунағандай шалғында.
Дүркін-дүркін
Ойлар шіркін,
Әкетеді жыраққа.
Қайда жатыр,
Қайда жатыр,
Бұл жауынгер бірақ та?
Сатырлаған,
Пулеметтер,
Автоматтар үні өшіп,
Дала,
Дала,
Жатыр бүгін сіресіп.
Қан сасыған.
Қоңырсыған,
Түтін тыныс алдырмай,
Төтен,
Бөтен,
Үн шығады балдырлай.
Фашист!
Фашист!
Жау қолында қалыпшын.
Онда
Шын-ақ
Ішінде екем тамұқтың!
Ұлым,
Ұлым,
Демес енді анам да,
Ұлан!
Ұлан!
Демес енді далам да,
Ауылдастар,
Бауырластар,
«Біздің жерлес өрен!» — деп,

Қыздар
Қыздар
Суретіме таласпасын көрем деп,
Талай —
Талай —
Жаудың қиған желкесін
Жатыр
Батыр
Көтере алмай өр төсін.
— Майдан дала,
Қайдан ғана
Болдым неге тірі өлік?
Өлілермен,
Өлілермен
Қалсам еді бірге өліп.
Қаптап,
Таптап
Өліктерді сүйрелеп,
Искелеп,
Тіміскілеп,
Бөрілердей үймелеп.
Аш иттер —
Фашистер,
Төңірекке ұры көзбен карасып,
Сынып қалған
Сирақтардан
Тартып жатыр.
Етіктерді таласып.
Қанға батқан
Жеке жатқан
Сыңар қол да үзілген
Жылт-жылт
Жаркыл —
Соған көздер сүзілген!
Жүзік!
Жүзік!
Шуылдады бір-бірінен қызғанып.
Талас!
Тартыс!
Төбелес те қызды анық.
— Өліктерді
Тіміскілеп
Жүрген мына жауыздар,
О, құдірет,

О, құдірет!
Бөбекті де бауыздар.
Көрдім бәрін,
Көрдім кәрін
Жыртқыштығын ондайдың
Өмір —
Тәңір!
Қалай оны,
Іші жібіп қолдайды.
Мазағына,
Азабына
Қалай тірі көнейін!
Қайда?
Қайда?
Автоматым,
Атылып-ақ өлейін!
Жан ұшырып
Автоматқа қасындағы қарманды
Ол да бірақ,
Жатқан жырақ
Жету де күш, арман-ды,
Есі ауып,
Өшті хауіп,
Шырақ сөніп барады...
Сәуле,
Сәуле,
Кірпіктердің арасынан қарады.
Фашистердің
Шуылдаған,
Дауысы жарып құлақты,
Денесіне,
Жанған шокты,
Басып тұрған сияқты.
— Шыда,
— Шыда,
Жаудың қанды найзасына
Тарланым,
Көрмей қалсын,
Сезбей қалсын
Кеудемде әлсіз жан барын...
Шырылдама,
Сырылдама,
Жаралы жас жүрегім!
Өзіңсің ғой,

Өзіңсің ғой,
Жалғыз ғана тірегім!
Найзаласын!
Найзаласын!—
Деп жауынгер тістенді.
Тістенді де —
Қалды қатып.
Сезбей сынған тістерді.
Ала алмассың,
Таба алмассың
Мендегі үлкен намысты.
Жүрек,
Жүрек,
Намыспенен ес білгеннен табысты.
Туған елдің
Туған жердің
Намысымда нәрі бар.
Қайраты бар.
Айбаты бар
Жылылығы — бәрі бар.
Жаулар,
Жаулар,
Жындандырды сендерді осы
Пәрменім,
Мені аттап,
Мені таптап,
Өтуге жоқ дәрменің
Үнсіз,
Тілсіз
Бейне жансыз тас жатыр,
Белін буған,
Берілмеуге
Дұшпанына қас батыр.
Кілең батыр
Келе жатыр
Дұшпанына ақырып,
Жойқын,
Толқын,
Жолдағысын жапырып.
Автоматтар,
Пулеметтер
Сөйлеп кетті сатырлап.
Жеңілді деп,
Шегінді деп
Дәмеленген тобыр жау

Быт-шыт
Қашып...
Құлап жатыр жапырлап.
Қуылды жау,
Қуылды жау
Осынау бір алаптан
Құйттай жерде,
Бостандықтың таңы атқан.
Намысына,
Намысына,
Найза бойла алмаған,
Батыр,
Сағын
Жаулар сындыра алмаған.
Жатыр,
Батыр,
Құшағында достардың.
Себебі боп,
Қуаныштың
Сыңғырлаған тостардың.
Жігіттікке,
Өжеттікке.
Риза боп ел біткен.
Сусындайды,
Сыр тындайды.
Ұрпақ осы ерліктен.
Ертегідей.
Шертеді жыр.
Әз ағамыз мұны айтып,
Отты жылдар.
Елестейді.
Тыңдаушысын мұңайтып.
Жаңа ғана.
Келгендей-ақ
Зәрлі жауын ойран кып.
Ерлігімен,
Өрлігімен
Қауым жұртты қайран кып.
Бүгілмейтін,
Екі аяқ,
Сырттай бір серендеп,
Келеді ол.
Ақ тандарды --
Әлі талай көрем деп.

АҚАН СЕРІ

Көкшенің сұлулығын
Тұсыннан дара ұқтың.
Махаббат ұлылығын.
Ұрпаққа таныттың.

Уақыттан озғын тұрдың,
Құлагер жүйріктей,
Жайдары жазға ұмтылдың
Тағдырға ілікпей.

Жыр болды Құлагерің,
Құмайға қу алдырған...
Ән келеді құба белден,
Өзің шырқап қалдырған!
Қайталайды балдырған!

ҚАСҚА БҰЛАҚ БАСЫНДА

Семейден оқудан қайтқан жас Абай
ауылына жеткенше осы бұлақтан ат
суарады екен.

Қасқа бұлақ, қасқа бұлақ,
Сылқ-сылық етіп тасқа құлап.
Көне күннен күй шертеді ол,
Омырауын жасқа бұлап.

Ыза, кекті тоғыстырып,
Өтті-ау заман соғыс құрып.
Барымталы қаптал түндер
Салбыраған, жоқ ысқырық.

Айқай-шу да тынып анық
Естіледі сылдыр талып.
Сылдырлай бер Қасқа бұлақ
Абайымның әнін салып,

БАЙҚАДАМ АУЫЛЫНДА

Жазғы түн. Аспан ашық, Ай да күлген,
Жұлдыздар жымындасып, түр құбылып.
Жел мұнда сарын барын қайдан білген?
Сыңсиды үй айналып, зыр жүгіріп.

Сері Ақан мейманы да Байкадамның,
Күндіз—үй, түнде — пішен жатар орын.
Бімәлім жат ісімен, қай адамның.
Түбінде серімен тең аталарын.

Пішенде түнеп Сері мақпалымен,
Сүліктей алты атымен соңына ерген,
Арқанның сырласпақ па ақ таңымен? —
Әуелде-ақ ақындықтың жолын берген.

Тылсым түн құпиясы, қиыны мол,
Жанының жаза ма емен жараларын?
Аруақтай шабытына сиынып ол
Тәңірмен шақтай ма екен араларын?

Шабытын шақыра ма алыстаған,
Күбірлеп, сыңсып кейде күңіреніп?
Жастығы жайраңдаған, қарыштаған.
Келе ме Ақтоқты боп тебіреніп?

Пішеннің хош пісі бұрқыраған,
Жылы леп әкелді ме жайлауынан
Құйрығын шанша шауып, шұрқыраған
Құлагер босады ма байлауынан.

Ыңылдап, күбірледі ақын тынбай,
Қуқыл жүзін салқын леп тулап желпіп.
Сарнайды, сызылтады ақын жыңдай,
Егіліп, өксіп шөпке құлай кетіп,

Қім ұққан ақын жанын, сезіпті кім,
Дамылсыз жүрегiнiң алқынғанын?
Көңiлiнде қап-қараңғы кезiпті түн,
Қім көрген онда сәуле талпынғанын?

Шіркін-ау, нені аңсады албырт көңiл,
Қызығы өткен күннiң оттай ма екен?
Икемсіз, оралымсыз, салғырт өмір —
Дүниені опасы жоқ даттай ма екен?

Серінің сергелдеп бас, санасынан,
Толқын ой өршелеп орғып атты.
Жасырмай пиғыл — ойын даласынан,
Мұңын да көз жасымен көл гып жатты.

Тек қана қараңғы елге азап шеккен,
Бимағлұм ақын ісі, мың миға алсын.
Үстемдік зынданында азып кеткен
Бейшара халық нені ұға алсын?

Перінің қызына Ақан некеленіп,
Діннен безіп кетіпті, азғынданып —
Деседі көкезулер екіленіп,
Пыстқар шу-шу етіп, құзғынданып.

Аңқау жұрт ауылдағы иланып қап,
Ақанды аңду болып ермектері.
Үй торумен жүр енді жиналып ап,
Байғұс қазақ «жын-ойнақ» көрмек тегі.

Ақын Ақан Байқадам ауласында,
Күңіреніп тұл заманнан жапы ыршып,
Әні, жыры шарықтап, зулап шыңға
Ақиықтай бұлттарды жарып ұшып.

ҚАРА ТОРҒАЙ

Қара торғай,
Ұштым зорғай-ай,
Бейшара шырылдайсың
Жерге конбай-ай, а-й,

Ақан Қорамсаұлы.

Дүние-ай, бұл да құстың асылы еді,
Иісі канаттының басымы еді.
Жердегі айбарлы да азулы аңның
Жалт еткен төбесінде жасыны еді.

Серінің канаттыда берігі еді,
Серінің сыр тартатын серігі еді:
Өмірдің өксіктерін ұмыттырған
Жанының базары Бәм көрігі еді.

Қыранның жұрт қимылын қараса қап,
Құйын ба, жын ба дейтін тамашалап.
Бөрінің белдемесін теуіп үзіп,
Көретін несінен балаша бап.

Қыранның жел қанаты ысқырғанда
Жердегі қатер еді-ау ұшқыр аңға.
Мақпалдың басын тартпай құс соңынан
Сері де ұшушы еді-ау ышқынғандай.

Қыран құс—Қара торғай ел мақтаған
Атағы атты алашты адақтаған.
Шәу тартып қожыраған қауырсыны
Құр тұлдыр құйрық та жоқ бұлғақтаған.

Серінің серіпін ұшқан шымыр қолын
Шәу қыран білді соңғы ғұмыр жолын.
Санкылдап төңіректі шолып өтті,
Қимайды-ау Сырымбеттің шиыр жонын.

Қім білсін қолтасты ма өскен жермен
Көлімен көлкілдеген ескен желмен.
Серіні сергелдеңге салмақшы ма,
Аздай-ақ азап бейнет көшкен елмен.
Өмірдің сыйлағаны әуел бастан,
Серіге мұң менен жыр, ән мен дастан.
Көз сүзіп, қылмиғанмен қыздар оған,
Болған жоқ бірде-бірі кәдеге асқан.
Құлагер, Көк жендеттен ада болып,
Жүрегі дерттенген-ді уға толып.
Сері ақын «пері, жыңды» аталмақшы
Безініп елден жалғыз қырға қонып.
Қайқайып Қара торғай өрлеп — көкті
Айдынын бір сезімнің тербеп кетті.
Ақын да құстан көзін жазбай қуып,
Қиналып жан ұшырып, терге бөкті.
Көріп тұр Торғайының торыққанын
Құйрықсыз қона алмастан зорыққанын.
Биіктен сорғалады атқан оқтай.
Өлімнен көрмеді оның қорыққанын.
Бейшара, бейшара-ай,—деп, сері боздап,
Аяныш жан жарасын тырнап, қозғап.
Мыж болған тасқа құлап қыранының
Қасында жатыр естен тана жаздап.
Дүние-ай, жол—тағдырың бұраң неткен,
Серіні серігінен сынар еткен.
Зіл кеуде ән өргізіп Сарыарқаға,
Өзіне тыңдаушыны құмар еткен.

АБАЙҒА

Заманыңның дауылынан ықпадың,
Мықтылардың қаһарынан бұқпадың.
Байғұстардың көз жасын сен құрғаттың
Жүректерде сенім туын жықпадың.

Уақытты артқа тастап ақылың
Адамзатты дос та еттің, жақының...
Адамдарға, үміт, арман, сүйеніш
Қасиетті өлеңдерің, ақыным.

Қандасыңның кей мінезін сынадың,
Сынадың да жаспен жүзің шыладың.
Ынтымақ бер, бірлік бер деп халқыма,
Ақтасаң, тұрсаң бір Алладан сұрадың.

Елің көрген күйзелісті бір көріп,
Қазағыңмен мың тіріліп, мың өліп,
Өсек, өтірік, бос мақтанның бірі жоқ.
Жүрегінде тек шындықтың гүлі өніп.

«Ғақлияң» бара жатыр таңға алып,
Барша елді, оны оқыған таң қалып.
Біз сондықтан кең пейілді, мықтымыз,
Санасып жүр, құрмет тұтып сан халық.

Ойлы, маңғаз жүрісің де тұрысың,
Болашақтың шырқап жүрер жырысың.
Әлем көгі—шыққан шыңың ұлы шың,
Ал өзің де Абай акын, ұлысың!

Жас болса да бір шындыққа жақын кеп,
Ақын Мағжан сені атапты Хакім деп.
Дарыныңды жазбай танып, қуанған.
Шәкіртінді осал деуге хақым жоқ.

Сол Мағжанның алып келдім Сәлемін,
О, ұлы Абай, сені берген дана елім.
Оның тұңғыш Президенті, мына той
Құтты болсын қолын соққан бар әлем.

БӨГЕНБАЙ БАТЫРДЫҢ ТОЙЫНДА ОҚЫЛҒАН ӨЛЕҢ

Ассалаумағалейкум Еремейменім.
Құт мекен, қасиетті ереулі, елім.
Үніңді Бөгенбай деп саңкылдаған.
Естіп Қызылжардан келген едім.

Жаратқан Бөгенбайдай алып тұлға,
Ел үшін түскен талай хауіп, сынға.
Әйгілі, құдіретті Ерейменге.
Әр қазақ басын иіп, тәуіп қылған.

Көне алмай Қытай, Шоңғар азабына
Қулықпен құрған патша тұзағына.
«Қанды ойын» салған батыр өсиет етті:
Болма деп сенгіш, аңғал қазағыма.

Туына бостандықтың қан шашылып.
Бірлікке кес-кестеді қанша «шылық»
Қазағын соңына ертті ол ақылғөйі боп,
Қүлімден күндей жүзі нұр сапырып.

Діп аман, тілім аман, мал-жан аман,
Десем де ойсыратты-ау, жаңа заман.
Батырым, қапалаңба, орны толар.
Әйтеуір жерді ешкім жоқ олжалаған.

Өзіңнен бізге қалған аманнатты,
Ұрпағың дәстүр етіп жалғап жатты.
Ел болдык егеменді еркін құстай,
Тойлаймыз кеңістікке самғар шақты.

Сен тұрсың әр жүректе жалынбаған,
Қазақтың қамалы боп алынбаған.
Қорғаны, қуатысың рухыңмен
Ұрпағың үстемдікке бағынбаған.

Құдай-ау қандай ғажап сен болғаның,
Шықты ғой көкірегімде шер толған ұн.
Қарт бабам өзіңе ұқсап Ерейменде
Тарихтың шертіп отыр кертілғауын.

Ереймен бақ дарыған аймақ тегі,
Дарындар өскен гүлдей жайнап та еді.
Туғызған Бөгенбайдай бабадүрді
Думаның құтты болсын аруақты елім.

Есілдің өзін өскен атырабы
Құлпырып- нудың жырлап жапырағы.
Қырдағы Қызылжарың сағынды ма,
Сәбе! — деп көшелері шақырады.

Сен жүрген күба жон да жатыр әлі.
Бұрқылдап, күлгін, кара топырағы.
Сағынып талай барған Тың теңізің
Сыбдыр-сыбдыр Сәбе! — деп шақырады.

Толқынды толқын қуып жапырады,
«Дос» неге бұлай сусын сапырады?
Дөнінде «Түлкі ойнақтың» жел суылдап,
Сәбе! — деп сызылтып ән шақырады.

Кеше —бар, бүгінде ол жоқ. Осы арасын.
Тірліктің қалай ғана қош аласың?!
Туған жер ұлын жоқтап толғанғанда,
Жүрегің сыздап көзге жас аласың.

АҒА ТУРАЛЫ СЫР

Көргенше сені сағынам — жанарға моншак тағынған.
Сағынбау сені мүмкін бе — кеуденде самал сабылған.

Омырау ашсаң аңырап — ағылып жатқан сыр бұлақ,
Жөңкілгендей шыңдардан алапат тасқын жыр құлап.

Үйімде менің, төрімде ақын болып жыр ағыт,
Табиғаттан айналдым жаратқан сені бұла ғып.

Көкірегің күмбірлеп ой толқынын аунатар,
Жүрген жерің той-думан — көгімнен жұлдыз саулатар.

Көкейімде жүреді қасиетің кісілік,
Үлкенге—үлкен, кішіге — өз теңіндей тіршілік.

Жарасады ол саған, жаратады ел сені,
Сен отырған жерде өзім тік ұстаймын еңсені.

Сен отырған жерде мен шешенсініп отырам,
Сен отырған жерде мен бәсеңсініп отырам.

Жыр шуағын құяды көкірегім — аспаным, !
Сен тұрғанда алдымда, айналайын, асқарым!

БӘЙТЕРЕК

Ғабиһ аға! Сіз бәйтерек тамырларын терең жайған,
Сарыарканың самалымен жапырағы жүзін шайған.

Жапырақтар, жапырақтар жыр оқиды — сазды дастан
Құлақ түре тыңдайды әлем, қажымастан, қалғымастан

Өрнектейді дала сырын, даласының ақ таңдарын,
Ол бүкпесіз жаяды алға қытымыр қыс—ақпандарын.

Даласының алыптығын — алып таулар аркалаған,
Сұлулығын—көрген жанның құмары әсте тарқамаған.

Уақытпен күш сынасқан, арманы асқар, ақ тілекті,
Адамдарын ғарышқа асқан, дарқан ойлы, от жүректі.

Хас бәйтерек өскен биік, толғанады ой саралап,
Ақ Жайықты, Көкшетауды қиялменен жүр аралап.

Күннен шуақ, қырдан нәр ап, түр бәйтерек қия қарап,
Сымбатынан жүректерді қытықтайды бір күш тарап.

Туған жердің бәйтерегі асқарларға ен бойлаған,
Аман болсын әмәнда деп, жаныммен мың толғанам.

Елден еркек асқак, алып, бәйтерекке қарайды көп,
Өзіңменен шаттануға, мақтануға жарайды-ау деп!

•

МҰХТАР ЕСКЕРКІШІ

Айдың Мұхтар ,
Алып Мұхтар.
Асқар таудан көз алмай.
Тұра қапты,
Ойға шомып
Тас тұғырда қозғалмай.
Ақша бұлттар
Айналшықтап,
Оған қолын созғандай.
Күн күледі
Мұхтарға шат болғандай.
Асқақ тұлға —
Алып, қыран
Шыңғыс тауға қонғандай.
Ұшқыр қиял
Қанатында ол
Уақыттан да озғандай.
Ал төменде
Дүйім дүние
Сәл тынымдап қалғандай.
Мынау шулы
Тіршіліктің
Сезбейтіндей дабылын.
Мұхтар қазір
Болашақтың
Аралап жүр ауылын,
Жырына арқау етер скен.

Қай өлкенің қауымын?
Ол болашақ
Абайменен
Сұхбаттасып, есіліп,
Әйгерімнің әнін тыңдап
Көңілін де өсіріп,
Сұлу Тоғжан
Тілдесті ғой
Оныменен шешіліп...
Тас тұлға тұр
Енді ғана
Сөйлейтіндей көсіліп.
Міне, тағы
Ұлы ойлардың
Парақтарын ашқандай,
Дәуірімнің
Дана ұлы,
Дара ұлы асқардай,
Кемеңгерлік,
Кемелді ойың,
Шетсіз-шексіз аспандай,
Дарыныңмен.
Өнердің зор
Қазынасын
Ашқан бай,
Өзіңменен
Барады ұрпақ.
Болашаққа жасқанбай.

МАҒЖАН — ЖЫР

Па, шіркін, жүрек неғып бұлқыбасын,
Болған соң мысы басым, ыркы басым.
Шаттықтың арнасынан асып-тасып,
Төгіліп дәриядай жыр туғасын.

Мағжан — жыр көз сарғайтқан елің аңсап,
Жұлдыздай шықты көкке керім самсап.
Алатау, Қаратау мен қарт Маңғыстау,
Сарыарқа, алтын Алтай—жерім қарсы ап.

Қара күш тепкісінен басқан мұң да,
Із-түзсіз ғайып болған қас қағымда.
Мағжан — жыр қайта нұр боп құйылып тұр.
Қазақтың қыран мекен—аспанында.

Халқыңның құрақ-құрақ көңілі де,
Қырық парша жүрегі де, өмірі де,
Оралып құйын қуған аққу—жырлар
Құлпырды Жолдыөзектің өңірі де.

Бөліскен өзіңменен азабыңды,
Сайқал сөз, сақ сындырар—мазақ үнді,
Мағжан — жыр тасқындай бер, толастамай
Сусындат, нұрына ора қазағыңды.

Демеймін ұмтылмады, алқынбады,
Егемен ел болуға талпынбады.
Өзге жұрт көшін түзеп көкке кетті,
Қазағың марғау, маңғаз қалпында әлі.

Алай да өжет жырды ел сағынады,
Қырандай қанаттарын қағынады.
Мағжан — жыр жарқ-жұрқ етіп құйылғанда,
Қазағың күдіретіңе табынады.

Қызылжар, 2. 08. 90 жыл.

ӨЗІНДЕЙ ҚАЙТА ТУСА МАҒЖАН АҚЫН

Өзіндей қайта туса Мағжан ақын
Талантыңды бер оған таң қалатын.
Өмірден өкінішпен өтпесін ол,
Азамат адам болсын бақ жанатын.
Өзіндей алты алашты шарласын да,
Өзіндей қыран-қанат самғасын да.
Өзіндей үнің күнмен үндес келіп,
Көпірдей болашақты жалғасын да.
Өзіндей құйылтсында періште өлең,
Өзіндей толғасын ой өрістеген.
Өзіндей еңіреп туған ер болсын да,
Ар үшін жан қиса да беріспеген.
Өзіндей Жолдыөзсегін сағынсын да,
Өзіндей шырағдан —нұр жағылсын да,
Туған жер топырағының бір шөкімін,
Өзіндей тұмар етіп тағынсын да.
Айрылған көкірегі қазақ десе,
Өзіндей кешсін талай азап неше.
Бақытсыз атанбасын тірлігінде,
Өзіндей рухың болған мазақ кеше.
Өзіндей келсе өмірге ғажап ақын,
Қанымен жүрек жырын жаза алатын.
Сен өткен дозақтарды ол көрмесін
Атанып дүлдүл ақын, қазақы ақын.

ЕСІЛГЕ ЖАНЫН ЖАЙЫП ҚЫЗЫЛЖАРДАН

Көктем бе еді, жаз ба еді есімде жоқ
Жамыраған гүл қырдың төсінде көп.
Қаңқылдаған қаздар мен пырылдаған.
Үйректер бауыр басқан Есілге кеп.

Ойдым-ойдым орманнан ақ қайыңды,
Қоңыр салқын сал самал ақтарылды.
Майда лепке жібектей жүзін тосып,
Ғафу сәтке таңданып, аңтарылды.

Аңтарылып қарады ол төңірекке,
Тамылжыған дүние, мөлдіреп те.
Жолдыөзекпен ақынның жүздесуі:
Аспаны асқак, көкжиегі кеңірек пе?!

Аспан, аспан, не деген биік аспан,
Жасыл бел, жасыл дөңес киік асқан.
Ақ қайыңдар — тұлпарлар күміс тұяқ
Қырға қарай мойынды иіп басқан.

Ғаламат сурет қой көз алдымда,
Айналғаны кілемге көгалдың да.
Мағжан жырын суылдап жел оқиды,
Өшүруге жоқ күші дажалдың да.

Не деген құдірет жыр қанды ойнатқан,
Көкірек—көзі ояу жанды ойлантқан.
Дүбілтіп, дөңгелентіп Сары даланы,
Ақ таңның нұр—буына Күнді аунатқан.

Көкірегін ашып самал Нұр селіне,
Қуанды келгеніне ол жыр еліне.
Есілге жанын жайып Қызылжардан.
Мағжанның қосылып тұр өлеңіне.

ТАЛАНТТЫҒА ТАҒДЫР ӨШ

Мағжан десем ұлылық ойға оралып
Бір қуаныш барады Айға да алып.
Мақтаныш та жанымды марқайтады.
Енгендеймін керемет тойға барып.

Қосылып аруақты ақын санатына,
Шаттығымның жармасам қанатына.
Күнге ұшып барамын жыр аңыратып
Бас иген ұлы Мағжан талантына.

Күн баласы еді ол, Күннен туған
Көк Есілдің толқыны тәнін жуған.
Жолдыөзегім сен де осал емессің-ау,
Пайғамбар ақын берген дара тұлға.

Мағжан десем азаттық күйі ойнап,
Көкірегімді, жанымды кетер бойлап.
Құлағымда қиқулап, «Абылайлап»
Шапқан ел, сәйгүліктер аста ойнап.

Азаттық туын көкте күлімдетіп,
Қызылжар, Көкшетауды дүбірлетіп,
Кене хан көз алдыма келе қалар
Дұшпанын айбатымен дірілдетіп.

Өр Баян, батыр Баян дастандағы,
Жау қуған жұлдызша ағып аспандағы
Өрттігін, мәрттігін де өткендердің
Жыр етіп отыр бүгін жас пен көрі.

Мағжан десем сұлулық тамсандырып,
Үзіле де жаздайсың аңқаң құрып.
Табындырған жырына меруерттей,
Құдіретімен жансызға жан салдырып.

Сұлулықтан шабыт ап ұшқан самғап,
Сұлулықпен өмірін өткен жалғап.
Сұлулар да ақынды аялаған.
Сүйе білген жігітті таңдап, талғап.
Көкірегі мың түрлі сырға толған,
Қыздар-ау көрегендік қайдан қонған?
Сендер ме алғаш сезген бәрікті?
Сендер ме «ұлы ақын» деп тауып қойған?
Мағжан десем Бутырка шойын есік,
Тұрар ақын тағдырын қойған кесіп,
Көрдей түнек, атшулы абақтыдан.
Ызғырық пен өлімнің исі есіп.
Бутырка, Соловкилер ерді езіп,
Одақтың жүрді үстінде өлім кезіп.
Ажалдан қаймықпады, қорықпады ақын.
Қашпады тұып-өскен жерден безіп.
Жер үстін жауыздықтың бұлты басқан,
Ар, иман, әділеттің құты қашқан.
«Ақынға адамзаттан дос болмады»,
Әлемге қазақ деген жұртты ашқан.
Мағжан десем кара аспан қақ айрылып,
Бейуақта мылтық үні тарайды ұлып,
Қорғай алмай қалдық-ау Пайғамбарды.
Болашақтан күтіп еді арайлы үміт.
Күншілдерден, дарынсыз, кежерлерден.
Қорғамадық безбүйрек, безерлерден.
«Таланттыға—тағдыр өш», — деген сөз де
Жай қалмаған екен ғой ежелгі елден.

Мағжанға кім өшігіп, кектенді скен,
Жаулығы оған деген кектен бөтен.
Көкірегі кара боран, жүрегі мұз,
Ақынның жаны қалай көктер ертен.
Жер басып қайран ақын қалай жүрген,
Кес-кестеп шығып иттер қоймай үрген,
Айналып төбесінде қарға, құзгын,
Жапалақ ту сыртынан талай бүрген.
Қалайша болмаған ол шамшыла адам,
Төңірегі түгел хауін, тор шырмаған.
Ақынның парша-парша жүрегінен.
Алаштың арына қан тамшылаған.
Көзімде жатсам да елес, тұрсам елес,
Көңілімде ой ол туралы кұрсам кенес.
Хан да емес, патша да емес Мағжан ақын,
Неге оны қоршап алған мың сан егес.
Жырласа ол қазаққа да бар деп елдік,
Бөрілі байрағында зар мен ерлік.
Масқара-ай, ақ, қараны айыра алмай,
Мағжанды дау деп келдік, жау деп келдік.
Жазықсыз оққа байлап есіл ұлды,
Заман-ай ащы айттын-ау кесімді.
Махаң жоқ! Кешірімес те ол зұлымдықты,
Мың мәрте сұрасаң да кешірімді.

ҰЛЫЛЫҒЫНА БАС ҰРЫП

Бостандық, бірлік, ерлікке.
Жетелеп халқын түнектен.
Ұрпақты баулып ерлікке
Ақтарып жырын жүректен
Дауылпаз ақын арқалы
Кең әлемді дүрлеткен
Бойындағы оты бар қанын
Қырға шашып гүл еткен.
Сары даланы сағынып
Гүл өреді көктемде
Жаңаарқаға ағылып.
Жүйткіген жұлдыз көктен де
Тойыңа келдім Жаңаарқа
Қызылжардан асығып.
Сәкенді берген Сарыарқа.
Ұлылығыңа бас ұрып.

ҚҮЛЕКЕ БАТЫРДЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ

Тағдыр деген осы ма, ажал деген?
Алмақшы ма жанымды азынатып?
Айдаһар да, немесс, дажал да емен,
Бай да емеспін, жоқ малым, қазынам түк.
Ел шетіне жау тисе өкімденіп,
Салауатты салушы ем ғазауатты.
Топалаң тиген қойлар секілденіп,
Жау даламда шашылып талай жатты.
Халқымның намысынан жаралған ем,
Дұшпанға тас — қамал ем беріспеген.
Елімнің ар—жалауы саналған ем,
Биіктеп, төмендеуге еш келіспеген.
Тәңірдің пешенеме жазғаны осы,
Ғұмыр-ай қысқа екенсің бір-ақ тұтам.
Не болар сенің күйің азбан досым?
Қоямын өзіме-өзім сұрақты сан.
Жаулардың жарқылдамай төбесінде.
Қалама алдаспаным қынабында?
Қалады-ау кегім садақ жебесінде,
Жөн таппай адасқандай құба-құмда.
Батыр дейтін, қалың ел құрметтейтін.
Құлекең де қайта бір қанаттанса.
Сан соғысқа қатысам — дүрмек кей түн,
Көз шырымын алмаймын таң атқанша,
«Абылайлап» шабамын жауға ұмтылып.
Баяғыша сілтеймін қылышымды.
Жауыздықпен келгендер жайратылып,
Ерлікпен қандырамын құрышымды.
Азуын айға ақситқан дұшпандардың
Үрей—құтын қашырам, алып есін.
Найзамен шаншылып жер құшқандардың.
«Ә» дегізбей қазақтың алып өшін.

Жантелі, Жәпек қайда Тілекемен?
«Ақ жолдап» кикулайтын аттандайтын.
Олармен жеке дара жүр екенмін,
Жауды қуып, жұлдыздай аққандай тым.
Нарқасқа батырлар — ай ел мақтаған.
Жұп жазып көрмен едім шайқастарда.
Күн қақтаған жүздерді жел қақтаған.
Көре алмадым бүгінгі айқастарда.
Қайдасындар достарым қанды көйлек?
Келмедің де жаныма шақырсам да.
Көп тобырмен айқасып қалдым терлеп,
Жалғыз екем, жөндім-ау ақыр сонда.
Жаным талай қиналды, қансырадым,
Жанды түйдім ел үшін шүберекке.
Халкым үшін құдайдан хал сұрадым.
Бақ сұрадым бармақтай: жігер көпке.
Ұл тіледім қазақтың қатынынан,
Ырық бермес жауына алысқанда.
Қыз тіледім қас сұлу, батылынан,
Жігіттен де кем түспес сайысқанда.
Ұл сұрадым найзагер болат білек,
Шайқалтпайтын қазақтың шаңырағын.
Оқ сызса да кеудесін, жарып, түлеп,
Жауға тиіп диюдай аңыраған.
Бірлік керек еді ғой, керек еді,
Бар қазаққа — үлкенге, кішіге де.
Ол бар жерде тірлік те бөлек еді.
Жылылық құйылып бар кісіге де.
Бірліктің туын ұстап масаттандық,
Жау қыспағын тойтардық, шегінбедік.
Жоңғарға жойқын қолмен жасақтандық
Біз де арқалы батыр ек, тегін бе едік?!

О баста біз адам боп жаралғанда,
Күн күліп, шапақ шашқан екен маңға.
Сарыарқа, Атырауға таралған да
Туған жер тұнып тұрған екен малға
Малға бай, жерге кенен қазагыма.
Кім көзін алартпасын, қызықпасын,
Түс-тұстан шапқан жаудың азабына.
Қалайша көніп, тыныш ұйтқасын.
Атқа қонған бабалар аңдағайлап.
Жұм болғанға жауы да қайран қалып.
Қанды тырнақ жоңғарлар—қайда қалмақ?
Қашты қазақ қолынан ойран болып.
Біз де алғанбыз атаның алдаспанын,
Біз ұстадық ұлт туын қолымзға.
Содан болар шығандап алға асқаным,
Содан болар гүл шықты жолымызға!
Содан бері жеңіліс көргеміз жоқ.
Бақытымыз домалап өрге қарай.
Намысты, жерді жауға бергеміз жоқ.
Қуаныш күндей шашып елге арай.
Батамды берем батыр, қымбат халқым,
Ұлттығың, бірлігіңнен айрылмасын.
Бар еді-ау достық деген сымбат салтың.
Қанатың кең жайылған қайырлмасын.
Намысың қайнап тұрсын жүрегінде.
Дұшпанға бере көрме әсте қолдан.
Шырмала көрме аңқаулық түнгінде.
Мәз болып аз дәулетке басқа қонған.
Сөйлеуші едім ұлы топта селдетіп,
Ұйытушы ем елді өзіме шөлдетіп.
Сол күндерім көңілімді тербетіп, тебірентіп
Міне, барады енді етіп.

ТЫҢҒЕРДІҢ ТОЛҒАУЫ

Түтеп тұр боран, түтеп тұр көзді ашқызбай,
Түтеп тұр боран, ілгері адым басқызбай.
Түтеп тұр боран тұншықтырып, қақалтып,
Ықынасың — жан жағың аран, тас құздай,
Ықынасың, шошисың түнек-дүлейден.
Бүгінге дейін бейхабар жүрсең үрейден.
Даланың заңы — қатал заң, ешкім аямас.
Хауіптен сақта! Сапарға шыкса тілейді ел.
Шаруаның түн-күн ойлайтыны қыс қамы,
Боран мен қасқыр мал баққан елдің дұшпаны.
Мүлт кетсең болды, жаңылып есеп — шотыңнан
Жүген-ақ ұстап, түлігің түгел ұшқаны.
Аязы шымшып, бораны беттен қаққанда,
Адасып қырда, омбылап қарға батқанда,
Сылқитып тұрып сыбайсың құлан даланы,
Ішінде бәрі—аязы, қары, ақпанда,
Естігем бұрын айтқанын қазақ жолдастың,
Онымен талай — от жалынды жол астым.
Жеңіс күнін көруді арман еткенбіз,
Туған жерге жетер сәтті болжастық.
Арманға жеттік, жеңіспен елге оралдық.
Қуаныш-шаттық, бақыт нұрына орандық.
Сәулесі күннің ойнады қайта жүздерде.
Өрт шалған дүние — өмірден қайта жаралдық.
Аттандық тыңға, бетке алып қазақ даласын,
Боранға сүнгіп, ДТ-лар үзіп қарасын.
Мотор мен дауыл үнінен құлақ тесіліп.
Тыныштық барын ұмытып қалып барасың.
Будкада жанған темір пештегі от лыпылдап,
Тершітті жұртты отырған мұнда лықылдап,
Мотордың үні, боранның дауысы қосылып,

Даңғаза — шулап, даурыға күліп сықылдағи,
Қорқытады бізді «үспіңдер», — деп боранда.
Қайтыңдар кейін, не бар?—деді —сор онда!
— Далада не бар? Бейнеттен басқа түк те жоқ.
Төңірек түтек, төңірек — көрдей,
Нүкте жоқ.
Мұң тұман тұмшап алғандар енжар, тұнжырап,
Жігіт емес, әлдекім ендер сылбырак.
Асқақ эн шырқа,
Гармоншы жігіт қайдасың?
Ойна гармонь, төгілсін әуен сыңғырап.
Басында папах, үстінде ақ тон, келте етек,
Парторг дескен, айтқаны дұрыс келсе тек.
Болашақ совхоз директоры да отыр ортада.
Қартадан елге әлденелерді көрсетіп.
Қозғалысқа енді, отырған жастар ұйықтап.
Шырқады гармонь орыстың әні қалықтап.
Па, шіркін, жастық! Тосқауыл ма екен бораның
Әуенмен қырда биледі жастар шарықтап.

* * *

Сары даланың қойнында
Талай ғасыр бөгіп қалған.
Алтын дөңдер көктей алмай
Ақ сәулелер сөніпті алдан.
Аяз құшып дала жатқан.
Құйын қуып қаңбақтарын.
Көктем — жазда сағымдармен.
Кеудесінен өріпті арман.
Күтті ме әлде, күтпеді ме,
Жас жігерді жалын атқан?
Алып дала тебіренді-ау бір.

Жарты әлемді алып жатқан.
Тебіренді қуаныштан,
Дүрілдетіп аспан астын.
Түндерде де ағылды лек.
Түс-түс жақтан жалын жакқан.
Арманшыл жастар, қиялшыл жастар лепірген,
Жаңа жер ашып, игеруге де бекінген.
Бел буып бекем қайсарлықты елге танытып.
Аязға жүзін қарытса да емес өкінген.
Өкінбейді олар, тайсалмайды олар құйыннан.
Бораннан долы, бұркылдақ қардан құйылған.
Жоқ түгел мейлі даланы жапсып ақ түтек.
Ықпайды жастар әр қиырдан жиылған.
Ықпайды олар ақ бораннан өткендер.
Шегініс білмес, түтекке қарсы етпендер.
Мүз құрсаңған даланың дәнін табатын
Елді нанға қарық қылар өктемдер.
Ғасырлар сырын бауырына басқан жасырып,
Жұмбағы қанша көрінбеген әлі ашылып.
Не сақтап жатыр ақ дала бүгін біз үшін.
Құпия бәрі. Шығармайды сыртқа шашылып.
Айхай дала, қазақтың байтақ даласы.
Даласы ма екен? Өмірі, тірлік, панасы.
Құдірет десе, құрметтесе несі айып?
Даласы оның аяулы ардақты анасы.
Содан да бұл ел көп салмаған қаланды.
Тұрғызбаған қорғанып жаудан қамалды.
Сәулемен ойнап, сәйгүлік мінген қазақтар.
Қамқоршы да, қорғаушы дер даланды.
Қараңғаны да, қарманғаны да даласы.
Ұзақ жол жүрсе — кеңесші, абыз, даласы.
Домбыра болып безілдеп бірде күмбірлеп.

Даласы жазған көңілдің кірбің жарасың,
Даласы қобыз ойнайды жанды қоздырып,
Толқытып жүрек, томсартып, әнді тоздырып,
Ызындан кейде дәл осы боран секілді
Бірде үрейді, бірде үмітті оздырып.
Даласы—арман қылаңдап кеткен жосылып,
Құланымен, киігіменен қосылып.
Жел мая мінген Асанқайғысы — қазағы.
«Жерұйық» іздеп көрмеген бір сәт тосылып,
Аңыратып ақын, айқайлап салған ән-жырдаң,
Айрылып аспан, даласын естен тандырған,
Тентектігін де еркелігін де ұлынып
Кешірген ана, ұсынып үзім тандыр нан,
Тандыр нан, айхай, таба нан күндей дөңгелек.
Қонақжай елдің дастарханында дөңгелеп.
Шашылып жатқан бауырсақтар мен тоқаштар.
Даланың сыйы қарық та болып көрген ек.
Ал осы дала армандай болған княлдай.
Кеңістік шексіз Магилдан асқан княндай.
Сезіндік алғаш жүрерде тыңға Мәскеуден.
Туған жерді, кіші Отанды кня алмай.
Оранған аппақ ұлпаға ауыл — аққала.
Қораның үстін сырғанақ еткен топ бала.
Қиырсыз дала төсінде аунап, асыр сап,
Еркелер бұлар еркіндік құшқан мақтана.
Күн менен қырға еркелеп өскен тайрандап.
Аққайың пейіл, қазақы көңіл жайрандап,
Құшақтасып кетті, жұптасып кетті әп сәтте-ақ.
Қияннан жеткен тыңгерлерменен сайрандап,
Кісіге жақын, бауырмал қандай бұл қазақ,
Сәлем!—деп барсаң ашылып кетер бір ғажап,
Тосады барын алдына сенің туыстай.

Кездескенін де осы болса да тугалы.
Бауырмал қазақ адамға аса сенгіш-ақ.
Жатырқай да білмейді әсте елге ұқсап.
Мақсатымыз бір арнадан шыққандай.
Тілек те бір — айқарылды кең құшақ.
Күйзелген ел, қажыған ел соғыстан
Бар мүдделер қасиетті нан деп тоғысқан.
Қазақ тыңы «байлық», достық мекені.
Болғаны шын, аталғаны да Бағыстан,
Достығы жоқ, наны да жоқ тың жердің.
Деп біреулер бұл күнде оны тұл көрді.
Қателеспе дер едім мен оларға,
Намысына тие көрме тыңгердің!
Соғыстан кейін нанға тойды ел тың жерден.
Еңбегімен, ерлігімен тыңгердің,
Тыңгер—тұлға әсте нарқын жоймайтын.
Қырандайын биігінде тұр елдің.

АЙҚАС

Төңірек түгел ақ түтек,
төңірек түгел айқай-шу.

Айнала оппа ақ күртік
боран мен дүлей шайқасу.

Ышқынып дауыл неше күн,
ысқырып тұрды ақ орман,

Айнала түнек қараңғы,
сәуле жоқ титтей ағарған.

Таусылып отын үйдегі,
далаға ешкім шыға алмай,

Пішенге жету мұң болды,
қиналып жұрт түк ұға алмай.

Бұл не деген сұрапыл,
тесілген бе қара аспан,

Мұндай қысты кім көрген,
кедейге ме ол жарасқан?

Тыста ұлыса ақ боран,
ауылды бөрі жүр торып,

Қыңсылап бауыр жаза алмай
көрмеген көп күн бір тойып,

Дауылды күндер нәр татпай.
көк арлан әбден ашыққан,

Қораның үлкен қақпасы.
ашылуын күтіп асыққан.

Неше күн соққан бұл дауыл.
осы үйдің де алған бар құтын,

Сақталған отын жағылып,
кеспекте су жоқ бір жұтым,

Үйілген ағаш сыртта қап,
жету де оған мұң боп тұр.

Несі үйдің жылқыда,
ал боран тыста жырлап жүр.

Ол кездегі ауырлық,
Асылдың түсіп мойынына,

Білдірмей жардың жоқтығын,
ұлын ап қанат—қойынына.
Ай жүзді балта қолына ап,
далаға шықты қорадан.
Жынданған боран толастап,
келгендей еді манадан.
Соғып тұр әлі азынап,
байқатып мінез күйінген.
Шарбақты бойлай Асыл да,
ағашты тапты-ау үйілген.
Жұлқылап шәлі, шаштан ап,
долы жел қойын кеулейді,
Жағадан сүйреп тастамақ,
қолынан бірақ келмейді.
Япыр-ау, бұл не ыр еткен,
екпіні қалай күшті еді?
Шалқалап шарбақ сүйенді,
шайқалып құлап түспеді.
Қараңдап өтті қасынан,
біле алмай қалды не скенін,
Адам ба, әлде хайуан ба,
таба алмай жүрген мекенін?
Қараңдап келіп Асылға,
әлгі бәле атылды,
Сақ ете қалып сол нық,
Шошытты шын-ақ «батырды»
Қалтырап кетті тұла бой,
дір ете қалып жүрегі,
Үрейден басқа ойда жоқ,
суырып барад білегі.
Қисайған бойы шарбаққа,
балталы қолын сермеді,
Асылып тұрған ныққа,
қасқыр деп тіпті сенбеді.

Жібермек еді айқайлап,
дыбыссыз қалған сәкілді,
Бөріні көріп қалтырап,
бой жиып сәтте-ақ бекінді.
Ыршыды көкке секіріп,
оралып түсті, бұралып.
Опыр да-топыр, күртікте
қимылсыз жатты ол шұбалып.
Саябыр тартып ақ боран,
басыла түсті дауыл да,
Тұмшалап оппа қар көмеген,
білдірді тірлік ауыл да.
Айтылып жатыр аңыздар
жүректі әйел туралы,
Жүректі әйел туралы
Ормандар—дағы шулады.
Қаңсырап жатты көк бөрі,
Таң қалып тұрды заңғар шың,
Әйелді қалай кемітіп,
әйелді қалай қорларсың?...



Адамның кейбір
кездері

ТӘҢІРІМБІСІҢ,

Сен кеткенде кұлазып қалды жаным,
Баяу ағып бұйығы бойда қаным.
Күзгі түн де ұзарып, таң алыстап,
Болмасын деп тұрғандай ойлағаным.

Жалғыздықтың әп-сәтте-ақ азабы өтіп,
Жымыңдайды жұлдыздар мазақ етіп.
Тынып қалған далада даңғазасыз.
Қалғандаймын қаңғырып, мазам кетіп.

Япырау, мен осынша ғашық па едім?
Тәкаббар ем, алдында жасық па едім?
Өзге түгіл, өзіме өткел бермес
Жүрегімді, жаным-ау, ашып па едім?

Ашып па едім, есігін алтындаған,
Босағасын аттап ең, жалтылдаған?
Тәңірімбісің табынған, шарт жүгініп,
Қос қолымды көтеріп қалтылдаған?!

Жалыны қызыл-жасыл серпіле атқан,
Егер сен тамұқ болсаң терсең жатқан,—
Мен саған барар едім, мойныма артып.
Күнәні әлемдегі небір батпан.

Хош піс құрма дәмді тамсандырған,
Мөп-мөлдір шарап болсаң ән салдырған—
Көзімді жұмып тұрып тартар едім,
Еш ойсыз өмір кешем мен — балдырған.

Нұр құйған жерге алтын табағынан,
Күн болсаң шуақ ескен қабағынан.
Мен сенің алауыңа күйер едім,
Дәндердей маржан тізген сабағына.

Бақшада хор қыздары сауық құрған,
Сен жұмақ болсаң жұртты зауықтырған,—
Мен саған барар едім бөгеліссіз,
Көңілге ерік беріп ауып тұрған...

Түтінсіз лапылдаған, қабындаған,
Сен маздақ болсаң егер жалындаған, —
Мен саған барар едім көбелсек боп,
Көзсіз боп...

Көзіне еш зат шалынбаған!

СЕН КҮЛШІ, ЖАНЫМ

Сен күлші, жаным,

Күле бер,

Күлкіңнен қоңырау

Үні ессін.

Жүрекке көктем

Гүлі өссін.

Көңілдің бұлтты

Түні өшсін.

Сен күлші, жаным,

Күле бер,

Күлкіңнен сәуле.

Шашылсын.

Сезімдер кілті,

Ашылсын.

Даң көкірек басылсын.

Сүй, жаным, сүйсең — күйдіріп,
Отымен жүрек, қаныңның.
Сезімдерді де идіріп,
Лебімен жалын жаныңның.
Көңілімде лаулап жанды үміт.
Сүйші, есімнен тандырып.
Ернімде менің мәңгілік.
Ерніңнің табын қалдырып!!!

ТУҒАН КҮНІҢМЕН

Жүрегімнің үзіп қос тал гүлін мен.

Ұсынамын, саған, қалпы жүгінген.

Сен туған күн маған бақыт сыйлаған,

Құттықтаймын, жаным, туған күніңмен.

Жүз жаса деп жаттанды сөз айтпаймын,

Көкірегің нұрға толсын, жаппай мұң.

Қанатымен аяласын өмір — Құс.

Мен жолыңа қалампыр боп қаптаймын.

ТІЛЕК

Тобылғыға жоңышқадай оралған,
Аймалашы мені құшып, о, арман.
Қашқақтама менен жаның шошынып,
Сүй, мен үшін адамдай боп жаралған.

Қанатымен жер сыза ұшқан қырандай,
Ой-сырынды ақтарар ма ем құрандай.
Ойларыңа өз ойымды жалғаймын.
Ғашық болшы, менсіз тірлік құра алмай.

Жер мен көкті күндей сәтте айналған.
Мен де айналсам жан-дүниенді ойлаған.
Қос аққудай еркін жүзген айдында,
Жұп жазбауға — тағдырымыз байлаған.

ТҮТҚЫНДАЙДЫ СЕНІ ӘЙЕЛ

Күпіренсе де ої кысып,
Тебіренсе де бойы ысып,
Шаттанса да бағы ұшып,
Жымия күліп, көз кысып,
Тұтқындайды сені әйел.
Шешенсініп, шешіліп,
Ән шырқаса көсіліп
Бір нокатқа тесіліп.
Сөйлемей қойса есіліп,
Тұтқындайды сені әйел.
Қызғанса да дауылдап,
Жын қугандай дабылдап,
Қалжыныңды қабылдап.
Күлкі айдаса табындап,
Тұтқындайды сені әйел.

АҚТОҚАШ ҚЫЗ

Актокаш демей ақ сәуле дер ем мен сені,
Шапағатыңмен көтере берші еңсені.
Ақ жүзіндегі мейрімге ұйып, ләззат ап,
Қас сұлу дейтін шығар-ау көрген ел сені.

Қылықты күлкің құмарлық отын лаулатып
Бойдағы сезім толқынын тоқсан аунатып.
Төңірек түгел көрікті болып кетті ғой.
Өмірге деген інкәрлігімді қаулатып.

Сезімге сері алғашқы сәтте сенбедім,
Зиялым ба едің, қиялым ба едің сен менің
Мұратым деп те, ұятым деп те өтемін,
Құлап жатса да төбеме тасқын—сел менің.

*

*

*

Жаспын деп өзімді айта алман,
Дауылдап өтті уақытым!
Ұлыма қарай қайтарғам
Бозбала шықтың бақытын.

Арулар кейде қарайды-ау,
Көзімен арбай,
Тесіліп...
Қаңыраған кеуде — сарайда.
Ойнақтар бір тай шешіліп...

Ұнайды осы сәт маған, —
Тамырда қозған дүрбелең!
Лап етуге де шақ қалам,
Жанымда бір от жүр білем...

БОЗБАЛА ШАҚ

Ақжардың» сылдыр үнді бұлағы ма,
Келді ме сенің дауың құлағыма?!
Түсімде тіл қаттың-ау... түсінбедім,
«Оранып еркеле, — деп, — шуағыма».

Бал дәурен бақыттылау ол кез де есте,
Әне, анау өзін тұрған үй емес пе?!
Іргеде алабота, ошағандар,
Боз тұман түсетұғын ала кеште...

Тұңғиық көкте шығып селкеу жұлдыз,
Дейтіндей сендерді біз көріп тұрмыз.
Мақпал түн құшағында қол ұстасып,
Дейтін ек ең бақытты мына бізбіз.

«Ақжардың» сылдыр үнді бұлағы ма,
Сенің дауысың келді ме құлағыма?!
Бозбала шақ, түсімде-ақ көріп сені
Өксіп-өксіп келіп тұр жылағым ла!

СҰЛУЛЫҚ

Сұлулық — ержігіттің өнерінде,
Сұлулық — ақ бұлақтың кемерінде.
Сұлулық — алақанын күнге жайған.
Сыбдырлы аппақ қайың—көк өрімде.
Сұлулық — бикештердің ерінінде.
Сұлулық — аналардың мейірінде,
Сұлулық жазғы гүлдің шырайында.
Сұлулық бұлтсыз күннің райында.
Сұлулық — бар әлемді нұрға малған.
Алқызыл атар таңның арайында,
Сұлулық — адамдардың жүрегінде,
Сұлулық — ақсақалдың тілегінде.
Сұлулық — нәрестенің күлкісінде.
Сұлулық — қырдың қызыл түлкісінде.
Сұлулық — даналықтың асқарында.
Сұлулық — елдің ерке жастарында.
Сұлулық — мәуе төгіп маужыраған.
Өлкемнің мөлдір тұнық аспанында.

КӨҢІЛ

Шіркін көңіл, кең жазира даласың,
Бірде семген дэндей болып каласың.
Бірде албырт жас баладай жайрандап,
Отты уыстап, желді ерттеп шабасың.

Төрт құбылаң бір сәтте сай — толасың.
Шарлап бүкіл жер-жаһанды шоласың...
Теңіз бетін долы дауыл қаптаса
Бүлк етпейтін тереңіндей боласың.

Сен бұзбайтын қамал қалмайд жер—көкте,
Дүние түгел сыйып кетеді келбетке. —
Шіркін көңіл, кең жазира даласың.
Құндақталған жүрек атты жөргекте.

Ән айтсақ кеуіп кетер алқымымыз,
Көкке өрлеген шын әннің жалқынымыз.
Дала тұрып кетердей елендейді,
Елтітпеген кімдерді саңқылымыз?
Арканың серісіміз аңқылдаған,
Көмекейде күміс ән сарқылмаған.
Кеудемізде Үкілі Ыбырайдың
«Гәккуі» қайтқан қаздай қаңқылдаған.

Арманға асқар,
Жайнаған үркер — үмітке.
Қол созып, шырқау.
Самғамаған жігіт пе!?
Жастықтың отын лаулатып.
Жарқ ет шырқау бпiкте!
Оқа емес соңсоң,
Кетсең де, тіпті, күйіп те!

ДҮНИЕ ТЫНЫСЫН ТЫҢДАЙМЫН

Әлемнің тынысын жүрекпен тыңдаймын,
Тіршілік дабылын қағамын дамылсыз.
Қиындық—қайраққа қажырды шыңдаймын,
Дірілсіз айдынды сүймеймін, ағынсыз.

Зымыра уақыт, жөнкіліп қандарым,
Толассыз толқынмен алысып жүзейін,
Кешейін өмірдің қым-қуыт жолдарын,
Тағдырдың тосқауыл --- торларын үзейін.

Әйтеуір жаным болмасын тыныштық,
Минутқа алдыма қол симай қалмасын.
О өмір, саянда мен жатып тыныс қып,
Құш түсіп, қарыма, сырқырап, талмасын.

АЛА БЕРГІҢ КЕЛЕДІ....

Бөлісіп қарттар талай қасыретті,
Қуанышты дәл солай нәсіп етті.
Қайтармаған маңдайға өмір — тарих,
Шежіресін иректен жазып өтті.

Өткенді көп айтады қарттар бүгін,
Ақтарып азды-көпті жиған жүгін.
Сірескен кеудесінде саф алтынның
Ала бергің келеді қоймай бірін.

* * *

ҰҚСАСТЫҚ

— Әй, көкесі, менің ботам.
бидай өнді болады-ау.
— Бақыттымын!
Ұлым маған тартса, тіпті, жарады.
Лепірді әкем!
Шешем мені қос қолына қондырып,
Құмар көзбен, мейіріммен қарады.
Сол қарасын өз шешемнің.
Ұмытпайтын болыппын.
Сол сөзімен өмірде мен.
талай-талай жолықтым.
Сарыарқама табанымды.
тіреп тұрып көтердім,
Қос қолыммен бидайды,
Қызықсың деп жарық күн.
Аспаныма иығымды сүйеп қойып.
Шарықтатам дәнді осы —
Бар тіршілік гимні де.
Әсем сазды ән басы.
Жаным толқып,
жүрегім де тебіренеді,
Даламның
Бидайына ұқсас емес пе екенмін-ау.
мен осы?!

МЕН ДАЛАНЫҢ ҰЛЫМЫН

Қиырына жетем деп,
Қыран қанат талдырған,
Қия өрінен өтем деп.
Құлан табан алдырған,
Мен даланың ұлымын!

Көк аспанға ғарышқа
Арманыңды ұшырған,
Тұлпары әзір жарысқа.
Жер танабын қусырған,
Мен даланың ұлымын!

Күнге биік созылған.
Орманы нақ қолдардай,
Тарихы бар жазылған.
Бұраны мол жолдардай,
Мен даланың ұлымын!

Ақыны жыр шалқытқан.
Сырлы самал ескенде,
Ақ маржанды толқытқан.
Дихандары төскейде,
Мен даланың ұлымын!

Ақ көңілмен келгенді.
Елі сыйлар бас тартып,
Дық сақтасаң кеуденді.
Жарып өтер қасқайтып,
Мен даланың ұлымын!

ЖУРНАЛИСТ

Жұмыр жердің бетінде,
Орын жоқ ол баспаған.
Боран мен жел өтінде,
Өр де жоқ ол аспаған.

Ақылшы да сырласы,
Бар адамның жан досы.
Дәуірдің де құрдасы,
Уақыттың жолдасы.

БАУЫРЫМ ҚИЗАТҚА

Бір құрсақтан екеу ғана екенбіз,
Екі шынар, екі жұлдыз сәулелі.
Қос шаңырақ, екі думан, мекенбіз,
Бұл тірлікке айтамыз көп тәубені.

Жалғызыңмын, елжірейсің, сағынып,
Қызылжардан хабар күтіп жүресің.
Сен қаланың әдетіне бағынып,
Ұмыттың ғой ауылды деп күлесің.

О, бауырым, ұмытады кім таңын,
Таң нұрына ұмытылумен жүремін.
Туған ауылым, туған бауырым — іңкәрім,
Өздеріңсің бар арманым — тілегім!

ЖАРҚЫРАП ТҰРСЫН АСПАНЫҢ

Бір басым болса—дағы бақытсыз-ақ.
Ешкімге бармас едім бақыт сұрап.
Көкте күн, жерде жусап таныр мені,
Мандайда жылтыраған жақұтсыз-ақ. .

Мен еліммен таптым жыр, дастанымды,
Керек десе аяман жас жанымды,
Жарқыратып тұрсыншы бақ шолпаны,
О, адамдар, көгілдір аспаныңды!

ҰМТЫЛАМЫН

Бақыттымын,
Қайғысызбын мен, достым,
Күміс кірпік күні күлген
Жер өстім,
Көкжиекке шынтақ артып,
Шалқайып,
Ақ аспанға аңырата.
Ән қостым.
Дүниені мен салған ән.
Таң қылып,
Тау менен тас, дала жатыр.
Жаңғырып.
Шолпыларын сыңғырлатып.
Қайыңдар.
Шыр көбелек би билейді,
Сән құрып.
Сарыарқаға шат күлкілер
Төгіліп,
Маңғаз таң боп, келе жатыр.
Сөгіліп.
Ұмтыламын, ойхой, мына биікке.
Ақ сұңқардай ақ бұлттарға.
Көміліп.
Ұмтыламын ақ маржандай жез мұртты,
Көкке қолын созған әсем.
Егіндей,
Ұмтыламын алып аспан күмбесін.
Биіктеткен Сарыарқаның өзіндей,

ЕРКЕЖАНЫМ

Қара бұлтпын!

Көк аспанды қак тіліп,

Найзағайға қоям шақпақ шақтырып,

Ерке жаным, меруерт тамшы бол да сен,

Айналамды өтші мөлдір пәк қылып.

Көк теңізбін!

Тұңғиықтан қайнаған,

Көкірегіңнен көкжал толқын айдаған.

Ерке жаным, желкен бол да сен апар,

Армандарға алысқа ешкім бармаған.

Асқар шыңмын!

Көкпен сонау тірескен.

Өзім ғана тілдесетін күнеспен.

Ерке жаным, шынар болшы, жартасқа.

Тамыр жайып, өмір үшін күрескен.

Кең даламын!

Жатқан байтақ көсіліп,

Баянды ғой осы байлық, осы құт,

Ерке жаным, егін бол да толқи бер,

Туған елдің мерей бағын өсіріп.

КЕЗДЕСІП ЖҮРМІН БӘРІҢМЕН

Кездесіп жүрмін бәріңмен, достар,
Алдымнан шығар кәрі бар, жас бар.
Ойлар да көп ортаға салар,
Жаңалық қанша көп болып қоштар.
Ортаңда жүрмін көп сырға қанып,
Бәріңді біліп, бәріңді танып.
Қуаныштарың қуантып мені.
Төбем де көкке шақ тимей қалып.
Ән айтсаңдар қосылам шырқап.
Шанақтан күйді тасыта бұрқап.
Қосмонавтармен ғарышқа ұшам,
Астымда зырлап жап-жазық қыр ғап.
Жылы жүз көрсем сарқылмай тасып,
Көңілім өсіп, жарқылдай басып.
Әрқайсыңды құшақтап сүйем,
Қақпасын жанның аңқылдай ашып.
Жүрегімді алып, кеудемді жарып,
Сендерге берсем жылылық, жарық.
Ол тіпті, күн боп тұрмай-ақ қойсын,
Пайдасы тиісін жұртыма жанып.

ҚЫСҚЫ ОРМАН

Қыстыгүні Орманы туған жерімнің,
Маужырап қапты,
Тыныштықты аңсап небір күн,
Құйылған көктен ақ күмістерді тағынып,
Сиқырлап жанды, есігін қағып сезімнің.
Иә, сендер тыныштық сәтін баққанда,
Көбелек—қарлар төбесінде қанат қаққанда,
Мен келіп едім, мен еніп едім қойыныңа,
Ақ шаман күн де жарқыратып жаққанда.
Сендерге тұрса сұлулық сыйлап жер, аспан
Өздеріңсіңдер ақ әлеміме жарасқан.
Қосындар әнге туған жер данқын көтеріп,
Ақындар сынды басатын жырға тынбастан.

ЖҰЛДЫЗДАР

Биіктегі ақ жұлдыздар — армандар,
Жарқырандар, күнгірттеніп қалмандар.
Кемн қалса бойындағы ақ сәуле,
Менің отты жанарымды жалғандар.

Бұла жерден көз қиығын алмандар,
Қызықтандар, құмартудан талмандар.
Тіршілік бар, мұнда жайсаң өмір бар,
Мәңгілік бар, тек өздерің солмандар.

Өрелі ойдан өршіп жатқан өнер көп,
Ырыс дариям, сапырылған кемерлеп.
Мамырлы қыс, көгалалы көктем, гүл —
Қызыл жалқын — ойламаңдар сенер деп.

Жылылық бар мұз жүректі балқытқан.
Жылылық бар, ақ тілекті шалқытқан.
Үміт атты, балдан тәтті сезім бар,
Адамдарды нұрлы таңға ұмытқан.

Биіктегі ақ жұлдыздар — армандар,
Жымындаудан, күлімдесуден талмандар.
Шақырсаңдар жетермін-ау, бір күні.
Тек өздерің тас төбемнен аумаңдар!

Тұлпар болып, сұңқар болып самғайтын.
Ұшқырлығы өздеріңнен аумайтын.
Жүректер бар, жігіттер бар қанатты.
Сұлулар бар жүректерді жаулайтын.

Биіктегі ақ жұлдыздар — армандар,
Жарқырандар, күнгірттеніп қалмандар.
Кемн қалса бойындағы ақ сәуле,
Менің отты жанарымды жалғандар.

Қызығына құлпырып жыр — өмірдің.
Жетегіне еремін гүл көңілдің.
Құлдырап бір шапсам ба құлынындай,
Құлынындай ерке өскен бұл өңірдің
Зеңгір аспан, биіктік—ұранындай,
Самғасам ба даланың қыранындай.
Орман сырын жаныммен тыңдасам ба,
Сібірдің еркін өскен бұланындай.
Көкке өрлеген екпіндеп жыр қашан да.
Шырқасам ба, Біржан боп, шырқасам ба?
Сілкін-сілкіп алатын аппақ тонын.
Ақпанындай Арқаның бұрқасам ба?
Аяз болып не керек, шатынамай.
Жолдыөзектің қыстағы салтына орай.
Жылылықты сезе ме адам деген?
Адам деген әуелі қалтырамай.

ЖАҚҰТ

Егер қімнің маңдайында жанып тұрса жақұттар,
Төбесіне мықтап қонып, ұялаған бақыт бар.

Жігер оты жанып шалқып, жанарлардан шашылып,
Аппақ нұрға гүл көміліп, қалар бүрлер ашылып.

Түн түнегі сыпырылып, таң құшағын жаяды,
Төңіректе бұлақ ойнап, зәмзәмға жер тояды.

Сол адамның жанарына құштар алып ақ аспан,
Қыз қылықты жұлдыздары, аппақ айы — алдаспан.

Алтын дәннен алтын алқа тағынған қыр зырылдап,
Табанының астында оның көрмейді екен тынымдап.

Бұлбұлдар да иығына қонып алып төгілтіп,
Ән шырқайды, дүниені тәтті әуенге көмілтіп.

Жүрегі от, жаны да от, қаны да оттан өрілген,
Бұл адамға тау тосқауыл бола алмайды керілген.

Бірге өткізсең өміріңнің құйтақандай шақтарын,
Жайлап алдым дер едің сен, өмірдің гүл—бақтарын.

Аққу болып кетем бе деп таңданар ең, ойлар ең,
Тылсым дүние тереңіне шым-шым еніп бойлар ең.

От құшақтап, жалын өрген, таныған өз бақытын.
Көздерден тек көрем жанған өмірдің шын жақұтын.

**БАБАЛАРДЫҢ АЙТУЫНША
НАҒЫЗ ДОС:**

Құпиянды ашпайды,
Сырынды әсте шашпайды.
Бәле түссе басыңа —
Арашадан қашпайды.
Дұшпаныңа сатпайды,
Жауыздықтан сақтайды,
Дәреженді дәріптеп,
Ел-жұртыңа мақтайды.

Наурыз. 1993 ж.

ТУУ... АПА-АУ..!

Қайғыдан, қуаныштан жарылмаймын,
От болып жарқыраймын, жалындаймын,
Әлемге шуақ құяр өзім болып.

Кей-кейде кереметтей қабындаймын.

— О, тәңірім, сезімге осы не қыласың?

— Лепіртпей, қызындырмай су құярысың,

Ж.о.о.қ онда қиялымның ақ капатын.

Қақтырмай, топшысынан сындырарсың.

Бықсырмын, лапылдамай, жалын құшпай,

Көңіл де шарықтамай, алып ұшыпай,

Шарк ұрып, шыңдар асып биіктерге.

Самгамай ақиық бір алып құстай.

Өмірге онда тура қарамаспын —

Ісі ғой басы айналған шала мәстем.

Өзімді өзгелердің арасынан.

Масқара-ау мәңгіде де таба алмаспын.

Түу, онда, ана-ау, мені тауып баста.

Не керек, шалқып және асып-таспа

Тимесін қасиетті жерге денем,

Басымды шауып таста!

Ойлағам жезді алтын деп жарқылдаған,
Аңқылдаған басым-ай, аңқылдаған.
Сынаптайын жылт ете қалған жанда
Қасиет бар деппін-ау сарқылмаған.

Болмаған ба менде ешбір түйсік, талғам?
Қас пен досты айырмай қалай қалғам?
Қу тірліктің бәрі әлде алдамшы ма?
Дүние жалған осы ма, дүние жалған?

КЕЛЕР КҮН

Табиғаттың ынтығы — дала таңын.
Қарсы алуды әманда жаратамын.
Қайырлы таң болғай деп қайран шеше
Отыр жайып кішкентай алақанын.

Кеудемде үміт отын лапылдатып,
Бақытты да қоямын жақындатып.
Мейлі сен боранмен кел, дауылмен кел,
Келер күн, кеудемді аштым аңқылдаты

Ағалардың сенімін ақтаймын деп,
Өзімді қайсарлыққа баптаймын көп.
Бір ерлік мені күтіп тұрған шығар,
Далама қалампыр боп қаптаймын кеп.

Тәңті ғып мұраттардың асқар шыңын,
Түрен боп қырдың жыртam мақпал шымын.
Мәңгілік арыма дақ түспесін деп,
Доп қаққан ала өкпе боп, қақпашымын.

ҚОРҚЫНЫШ

Өткел бермес өзеннен,

Өтуге бел буасың.

Жеме-жемде кезенген.

Бойыңды да жиясың.

Құлағың да шуылдап,

Қаның тасып кеткендей.

Жүрегің де суылдап,

Ажал қуып жеткендей.

Керек екен қорқыныш,

Жігерінді шақтауға.

Керек екен қорқыныш,

Кейде өзінді сақтауға.

АҚЫРҒЫ СӘТТЕ

Ақтық демін шығарарда ақ көгәршін секілді,
Аккудай шал туыстарын «келсінші» — деп өтінді.
Сезілмейді түйір түйткіл қыртысы мол қабақта,
Осынау шал жүретіндей басқа ауылға қонаққа.
Сарғыш жүзін сабырлықтың ақ иығы мекендеп,
Шыламайды жүзін жасқа, енді өлемін екен деп.
Солқылдап бір жыласа ет-ті, іштегі уын кетіріп,
Ей, сорлы шал, неге жатыр тас түйін боп бекініп.
Әлде артта қалса—дағы қызық дәурен, ел-мекен,
Басқалар да кетерінде жыламасын дей ме екен?

ҚАЖЫРЫН ШЫҢДАП

Шалғысын балға, төске сап,
Жетілтіп жүзін отыр шал.
Пішенге түсер Кешкі шақ,
Сыбанып тастап батырша ол.

Тер шықпаған маңдайға,
Тепсініп кінә артқандай.
Соңғы бір рет қайсар шал.
Қайратын шыңдап жатқандай.

ЖАСТЫҚ-АЙ

Жастық-ай! — десе шал кейде,
Өткенін еске алғаны-ау.

Күркіреп тұрған сал кеуде
Қаңырап, қаңсып қалған-ау.

Өшпеген бойда құмарлық —
Қозғауын жанды үзбейді.

Қария өзін шынар ғып.
Шыңдардан ғана іздейді.

Саушылықта — бақытың, байлығың да,
Білінбейді аз алған айлығың да.
Түк емес сау кездегі қайғы мұң да,
Жасаған біреулердің жаулығы да.
Денсаулықтың барында көңілің гүл,
Тарқалмайтын жәрменке өмірің бір.
Көкірегің күмбірлеп, көмейіңнен.
Ақтарылып ақу--ән, төгіліп жыр.

ЖҮРЕГІМ АУЫРҒАНДА

Жаралы иттей қыңсылап,
Жараннан қаның тамшылап.
Көкірегімде тулайсың.
Қалармысың қансырап.

Лапылдай жана каласың,
Долданып лаң саласың.
Жұлынып кетер ме екенсің
Кеудеме сыймай барасың.

Шокқа жаным қарылып
Тұрады-ау —дүние тарылып.
Шынырау күшқандай болам,
Қара жер қаққа жарылып.

Қаным шапшып шекеме,
Тамырын қыркып кете ме?
Ақтық демім таусылып,
Өмірден акын өте ме?

Сабыр-ет ақыл, ой, тілім,
Шарлатпа маған ой түнін.
Қажытты-ау ырғын тіршілік,
Жүрегіме бер тыным.

Табиғат бізге ғұмыр аз беріпті.
Анқылдап жүрек соны мәз көріпті.
Алдында уақыттың желдей желген.
Қыс, көктем, қоңыр күз бен жаз көрікті.

Күн мен түн алмасады қас қағымда,
Мән бермеппін уақытқа жас шағымда.
Туған күнгі тойымда-ақ толғанамын.
Сипалан шашты айналған ақ шағылға.

Бір аяғым көрде,
 Бір аяғым жерде.
 Өмір менен өлім,
 Тай—таласты демде.
 Аспанымды қаптап,
 Түн түнегі жаппақ.
 Дәрігер де ілезде,
 Инелерін саптап.
 Қас-қағым сәт күн шығып,
 Енді барам түншығып.
 Алма—кезек тартыс,
 Өлім менен тіршілік.
 Құлағымда—сақ—сақ,
 Күлкі мен шу қақсап,
 Төңірегім қалың өрт,
 Кетті-ау біреу от сап.
 —Саған түнек — әлем,
 Енді біттің, бәлем!
 Дауыс жетті қияннан,
 Тітірейді денем.
 Есім кірген шақта,
 Сыйынамын хаққа:
 Тұтам ғұмыр қи маған,
 Ажалыңнан сақта!
 Ажалыңнан сақта!

Сый--құрметті ешкімнен тілемеймен.
Атақ пенен дақты да керек етпес.
Бар ма менде, жоқ па әлде—сәлемеймін,
Денсаулықта сәен ғой кереметтер.
Саушылық боп шалқысам, сайраңдасам,
Кең даланы шпырлап, құба бәлді.
Өзгелердей күн кешсем, қайран досым,
Аялап туған елді, бұла жерді.

СЕН АМАН БОЛ, ҚОҢЫР БОТАМ.

Біржанға

Мен сен үшін қоңыр ботам,
Тау көтерем, сыздап жотам.
Шыдап берем бәріне де
Жердей болып, тастай қатам.

Мен сен үшін қоңыр ботам,
Таң боп атып, күн боп батам.
Түнектен де жол табамын.
Іркілместен у да татам.

Мен сен үшін қоңыр ботам,
Отқа түсіп, суға батам.
Окқа тосып омырауымды,
Аққа оранып, қырда жатам.
Сен аман бол, қоңыр ботам!

Қызылжар. 2 сәуір 1993 ж.

ДОСТАН ХАТ .

Суық жақтан
Келді ыстық сәлемің
Ойша көріп мәзбің.
Алмаз әлемін.
Ақ тұманнан
Сығалайды әнс, Күн
Сүйіп тұрмын Сені
Қатты құшақтап,
Сен арқылы
Сахалардың бар елін.
Солтүстіктен —
Бұғылардың өрінен,
Түтек боран,
Сырғыма — қар селінен,
Гундерменен
Түріктердің тегінен,
Шытыр аяз,
Шын батырлар жерінен.
Сен келіп тұр.
Деп сезіндім тегі мен.

.

ӘЙ, СОР МАҢДАЙ

Дәрігер қыз, ағанның халі қнын,
Кеудемнен шықпай қойды көрі құйын.
Төбесінен тұрғандай бар дүнне,
Ию-кню, даңғаза басым, мным.
Көкірск күркірінен жаңылғандай.
Дауасын айт, қарағым, емі қандай.
Сұрапылдың бәріне шыдай білген.
Жүрегімді аяймын, әй, сор маңдай.

НЕ ТҰР АЛДА?

Жалғыз келе жатқандай.

Болам түзде жаяулап.

Тыныштықты баққандай,

Бар дүние манаурап.

Не күтіп тұр мені алда,

Бел-белестер шыңдар ма?

Гүлге оранған көгал ма?

Табан қарыр құмдар ма?

Дұшпандар ма, достар ма,

Қарсы алдымнан шығатын?

Талантты ұрпақ — жастар ма.

Ел мақсатын ұғатын?

Қайғы тұр ма түнерген?

Бақ па?.. Басқа самсады ой.

Не тұр алда? Білер ме ем?

«Көріпкелім» болса ғой.

АВТОМОБИЛЬ АПАТЫНАН КЕЙІНГІ ОЙ

Өлім дегеннің аузына жетпей бір елі,
Тірі қалыппын. Масайрап жүрек күледі.
Сақтаған мені бақыты ма екен жарымның,
Балаларымның көз жасы ма екен киелі?
Әйтеуір, жаным жадырап, жайраң қағып бір,
Маңдайымда Шолпандай жұлдыз жанып тұр.
Уа, жарық дүние, қайтадан келдім мен саған,
Сусындайын деп тәттілігіңнен қанып бір.

НЕ КЕРЕК МАҒАН?

Не керек маған?
Сен барда дала
Алтын дөндермен қайысқан.
Не керек маған?
Сен барда аспан.
Шуакты күнмен қауышқан.
Саф саумал ауа,
Жаныма дауа
Бойма рахат дарытқан.
Не керек маған?
Саулығым барда.
Кедейлігіме де камықпан.
Не керек маған?
Сен барда үйім —
Түтіні түзу шаңырақ.
Нан, тұзы — дәулет,
Таусыла көрме,
Өріле берсін ән-ырғақ.
«Әй-әу!» деп жарым.
Шақырса істен.
оралғанымда қалжырап.
Дүркірей қарсы ап.
аталап шапса
Немерелерім жамырап!

ЕЙ, БАЛАМ-АЙ

Ей, балам-ай,
Әкең үшін кім екенінді білсең ғой.
Ұлыңмын,—деп күлесің бе?
Күлсең де...
Қияндарға қиял жетпес самғайтын.
Ғарыштарды ғарыштарға жалғайтын
өзіңсің ғой.
Қос қанатым, жез қанатым.
Қағудан бір талмайтын.
Сен болмасаң қайдан алам,
Құш-қуатты тасыған?
Көмейімнен төгілмес те,
Өмір жайлы асыл ән.
Тәттімбеттің күйіндей боп.
Көкірегім күмбірлеп,
Келер ме еді шабыт шалқып,
Құлагердей дүбірлеп.
Қуантқандай әкенді сен,
Елінді де қуантқын.
Жалғыз тілекті айтып күнде.
Жүрем бейуақ күбірлеп.

Жөпкіліп жүр ме мұң—батпанды бұлыты!

Кеудем менің күркірейді күні-түн.

Бір дауылым болатындай сұрапыл.

Нөсерден де үзілмейді үмітім.

Шалқыған шағым, шабытты сәтім керемет

Болар-ау осы! Айшықты күн да керек ед.

Әр күнде күткен, жарк еткен Бақыт
сынығын.

Ей, Сұңқар уақыт, презентіңе бере кет!

Кетіп бара жатырмыз шұбырынды ізбенен
Ей, ағайын айтсаңшы кайда бақыт іздеген?
Иегінің астында әр мықтының сілтеген
Үш жүз жылдай босыппыз, қыр шиырлап
біз деген.

Қиқуладық, ұрандап жағымыз да қарысын
«Басып оздық кеі елді, уақытпен
жарысып».

Сондағымыз осыма—дүкеніміз қаңырап
Жол бермейді тіленші стегіңе жабысып.

ЖАС ҚАЙЫҢ ЕДІМ

Жапырағы желмен сыр дескен,
Ақ қайың едім қырда өскен.
Сүмбілені даламмен
Малынып тұрып бір кешкен.

Топырағы торқа жерде өнген.
Жас қайың едім тербелген.
Бұркатып боран кеткенде,
Орманмен бірге тебіренгем.

Бикке қарап бұлқынған,
Сау қайың едім құлпырған.
Қорғасын бұлттар төнгенде,
Қызынып жарыққа ұмтылған.

Жапырағы желмен сыр дескен,
Ақ қайың едім қырда өскен.
Бұтақтарымды сындырды-ау,
Дарақы дауыл бір көшкен.

Бар қызуын көкте — күннің сарқып ап,
Мұз жүректерді жылытсам ба, ерітіп —
Алғаш, мүмкін — масайрап ел жарқырап
Тіршіліктің қызығынан елітіп.

Осы күнде Қызылжарда баяғыдай базар жоқ,
Сел-тасқындай сапырлысқан — қалың көпір—назар ^{көі}
Қызба жұртым қайда кеткен қызықты да көрікті.
Алақандар соғылысып, жерге ұратын бөрікті.
Жарқылдаған, жалындаған қызыл-жасыл киініп.
Қыз-бозбала жүрмейтін бе май гүліндей піліп.
Сары қымыздар сабаларда тасымай ма, төгіліп
Иісіне Қызылжарым қалмайтын ба көміліп.
Базар қызып-дүрлегендей, гүрдегендей бар ғалам,
Болмайтын ба? Дабырласқан үндер өшкен, таң қалам.
Сата білген — саудагер деп, топайынан қақтық та.
Сата да алмай, сауда білмей қалғанбыз ғой ақтықта.
Қарттарым жүр өткендерін қымбатырақ бағалап,
Болашағын жастар арзан алуды ойлап жағалап,

КӨҢІЛ ҚҰСЫ

Көңілдің құсы заулашы,
Жұлдыздарға төтелсіп.
Жабыркау жанымды аулашы,
Ізгілікке ығып жетелсіп.

Көңілдің құсы жарып ұш,
Қорғасын түнді мелшинген.
Үміттің гүлін барып құш,
Шырынын тат, ел сүйген.

Кернесін күлкі кеудемді,
Көмейден күміс төгіліп.
Көңілдің құсы «беу» де енді,
Даусымнан аспан сөгіліп.

Мұздамай жүрек балқысын,
Лүпілінен еш талмай.
Шаттықтан мас боп шалқысын,
Мүтәллапта да ес қалмай.

Мен осы осалмын ба, тексізбін бе?
Басымнан сөз асырам тепсінгенге.
Жусаннан аласарам, кішірейем.
Сес беріп, сұс байқатпай кексінгенге.
Қайрат пен жігер, қаннан қайнап тусам,
Мен содан кем де емеспін ойлап тұрсам
Шүйкелеп жіберсем деп оңтайлансам,
Кес-кестеп арым тұрар қол боп мың сан.
Наушамнан арға мені жүгіндірген,
Іргемді даңғойлықтап сөгілдірген.
Ол менің ауылым мен әкем-шешем
Арсыздан аулақтатқан, түңілдірген.

Ақыл—естен айырылардай күйге ендік
Имандылық, ибалықтап жирендік.
Ей, адамдар мал құлағы саңырау
Өлгендерді ғайбаттауды үйрендік.

Барлық қырсық тек солрада тұрғандай.
Жоқшылықты олар бізге бұрғандай.
Қара күйе жағып жүрміз баттыйтып,
Өткендердің етіп жүзін шимандай.

Көкірсігіме бұғып алды үрей-ок,
Осыларың қате дейтін біреу жоқ.
Тағылыққа тізгін салсақ деген ой.
Көңілімді қозғай берер тілеу боп.

УАҚЫТ—АЙ

Тұлпардай өскен жүген—құрық көрмей,
Уақыт—ай заулайсың ырық бермей.
Қанатыңа жармастым көзімді ашып,
—Арман-тауға жеткіз,—деп салып керней.

Керней шырқап тірліктің қызық әнін,
Мен өмірге сұқтанып, қызығамын.
Әр күнді өткен жүз жылдық тойға балап,
Қайтарсам деп қарымын қызынамын.

Уақыт—ай әр күнді ала қашып,
Бір қиырдан бір қиыр барады асып.
Сақал-шашты ақ қырау шалған сайын
Тәтті тірлік, өмірге болам ғашық.

Күнді өшірмек болғанмен күресіп ек,
Сөйтіп, біз қиындықты бір кешіп ек.
Таңымызды жыртамыз дай-дай болып,
Жаулықтыдай болдық па күндесі көп.

Өмірден күнде жылы еспейді леп,
Бәрімізді уақыт екшейді көп.
Қиналамын, аяймын жүргендерді,
—Шырағданым ешқашан өшпейді, — деп.

Ширек ғасыр көкірегіме қондырып,
Балапандай аялағам, оңдырып.
Партбилетім төс қалтамнан сусыды,
Жан жүректі қалтыратып, тоңдырып.

Өмірге бұл партбилеттен карағам,
Тұмардайын қасиетті оны санағам.
Асыл құстай алақанға қондырып,
Келістіріп, кекіл, шашын тарағам.

Партбилетім жүрегімді саялап,
Желге, күнге тигізбеп ем аялап.
Іштен шыққан сұр жыландай, қайтейін,
Толғандырып кетті-ау жанды жаралап.

Туған жердің түлетем деп өңірін,
Ата-ананың өсірем деп көңілін,
Партбилетпен отқа түсті, оқ кешті,
Нар қасқалар сарп етіп өмірін.

Бәрі шындық, жасырары жоқ, тіпті,
Партбилетпен биіктеттім шоқтықты.
Уақыт па, заман ба, әлде өз кінәм?
Енді отырмын партбилетпен боп күпті.

ЗООПАРКТЕГІ МАЙМЫЛ МЕН АҚЫН

Бейшарадай арқалаған мың айып,
Сен қарайсың темір тордан мұңайып.
Мүмкін, мені торда тұр деп аяйсың
Енді, міне, жата қалдың тырайып.
Саналы ойдан қалайда сен шалғайсың,
Екі көзді маған қадап талмайсың.
Сені аясам торға түскен, ал мені
Торда тұр деп боз ойыңды жалғайсың.

АШИДЫ ЖАНЫМ...

Әрі-сәрі мінезі, ала-құйып бір жігіт,
«Сендерге ме, сендерге!»
Сұмдықтарын жүр жиып.

Ұнатпайды, байқаймын,
Тіпті ол сені, мені де,
Қашан көрсең жүреді-ау,
Нан пісіріп деміне,

Қарыс жауып қабағын,
Түсірердей көгінді
Мәмілге кел десең,
Жақтырмайды оныңды.

Сол мінезі үшін де
Қөп аяймын байғұсты,
Ықыласты түсінсе,
Жаудырар ем алғысты.

ШАБЫТ

Сезімнің серуендеп пернесінде,
Көңілдің күйге орайды домбырасын.
Қалықтап кең кеудемнің кермесінде
Өр шабыт бірде қыран, бірде лашын!

Шабытта—шалқар теңіз толқындары,
Құмды илеп, тас қайраңдар жастанғаны.
Шабытта — нажағайдың жарқылдары
Бұлттарды осқылайтын аспандағы.

Шабытта—құрыш қанат қыран құс бар,
Топшысын түлсі ұшқан алыстарға.
Шабытта—үдей соққан дүлей күш бар,
Шақырған күрестерге, жарыстарға.

Шабытта — «құралайдың салқыны» бар,
Қысатын құрыстатып дауылмен.
Шабытта—қырық күн шілде жалқыны бар,
Аптығын басатұғын жауынымен.

АЛДЫМ ЖАЗ

Қайғының кара тасы түссе басқа
Сандалған кетем мен бір ұсап масқа.
Дүние төңкеріліп көз алдыма.
Қып-қызыл от ойнайды, лаулап баста,
Мұндайда ашу деген бір сұр жылан,
Алқымнан буады кеп уылжыған.
Ес ауып, құлдилаймын шыңырауға.
Асаудай жалын желге жұлқындырған.
Қашаннан қайғы, уайым ұялас ит,
Есіңнен жаңылтады ырылдасып.
Сол шақта тар кеудеде тайталасып.
Қайсарлық ақылға жол тұрады ашып.
Көңілден қалың тұман тарқап алыс,
Қанымнан байқалады дарқан ағыс.
Өмірдің кетем тағы жоғын жоқтап
Алдым жаз!
Мені ер намыс өрге алып ұш!

БУРА ТАУ

Бүк түсіп жатыр бура тас боп қатқан,
Қанды қол дүлей мерген көзден атқан.
Шырғалып жоғасында жел гулейді,
Өкініп қазасына жоқтап жатқан.

Көзінде түйір тамшы тұнып анық,
Ақ бура шөккен жүрек тына калып,
Айналып бұлт та өтеді төбесінен,
Мөп-мөлдір жасқа жүзін шылап алып.

Қашаннан ақ бураға Арқа мекен,
Мұң-зарын кеудедегі сарқа ма екен?
Япырай, өзін атқан сұр мергенге.
Әлі де наәлет, қарғыс айта ма екен?

АҚ КӨҢІЛ

Ақ көңілім секілді қылау түсіп көрмеген,
Қарлы дала көсіле көкжиекке өрлеген.
Жеткізбейді қиыры Тайбуырылмен шапсаң да,
Жеткізбейді жалт етіп, жұлдыз болып ақсаң да.
Арманыңды ақсандақ таңға қарай жетелеп,
Уақыттың шиырын баспай, тынмен төтелеп.
Бауырынан-ақ күміс, тұяғынан от өріп,
Самғап бара жатыр ол ғасырымды көтеріп.

А:САУ

Асауды арбады, алдады,
Ұмтылды жас жігіт жалына...
Қанша асау,
Қолда ойнап самғады.

Бәйек боп
Адамның бағына.
Не жүйрік өтпеген даладан,
Тайпалып жорғаның табаны.
Жұлдызға жымыңдап караған
Жігітті тартады жамалы.

Аялап арқаның самалы,
Тарайды жүйріктің кекілін.
Жұмсартқан ақылдың амалы,
Дауылпаз асаудың екпінін.

Бас-асау әлі бар әлемде.
Беймаза, бейсауат лепірген.
Кім салмас ұлылық әніне
Өмірге еркелеп серт ілген!

Бөріктей дөңгелек адыр, тау,
Созылып кейінде қалады.
Ақылдың несі осынау,
Бақытқа жол тартып барады,

ӨТЕДІ КҮНДЕР

Өтеді күндер жылды айдап,
Түрленер жылда нұрлы аймақ.
Сарғайып, қайта шешегін.
Жарады жасыл сырнай — бақ.

Тырналар жылы жаққа ұшып,
Жапырақтар күзде жатты ұшып.
Қапқара қолаң шашыңа.
Қалыпты-ау сәулем, ақ түсіп.

Жүрек пен көңіл баяғы —
Құшағын бақыт жаяды.
Ақ түскен көріп шашынды
Өзінді тұңғыш аядым.

ӨРЛІГІНДІ БЕР, МАҒАН!

Аспан да, жер де тұтасып,
Ойнаған жындай күші асып.
Боранда келем, жапанда.
Боз кырауменен ұстасып.
Ұйтқиды боран долданып,
Соңынла қардан дөң калып.
Зарлайды орман домбығып.
Лажсыз, байғұс, қорланып.
Есігі жабық шам сөнген,
Жұлдыздар көкте жоқ өрген.
Сойылы тиіп дауылдың.
Аспанның беті көгерген.
Жағамнан алсаң жармасып,
Қаламын мен де қармасып.
Шыңырау түбін шарлаймын.
Үміт пен үрей арбасып.
Сабаулап қардың ақ шаңын.
Пәрмендей дауыл соқса мың,
Қасқиып қарсы келем мен,
Өрлегендей асқақ шың.
Қайтесің жөнсіз кектеніп,
Жүрекке жылпос кек теліп...
Бұрқыра дауыл, кең далам.
Ізімді бақсын от беріп...
Қыраның болып сайғаған.
Арманға жетем ойлаған.
Ожарлығың өзіңе,
Өрлігіңді бер, маған.

ҚЫС КЕЛГЕНДЕ АУЫЛҒА

Ақ бауыр бұлт түледі --
Ақ қауырсын — ақша қар
Биіктен сонау гүледі,
Жер оранды ақ шапан.

Қайда күңгірт, сүренсіз,
Кешегі күздің шақтары?
Дала еді — кілем түрі өңсіз,
Қураған гүлдің шоқтары.

Беймаза жол қаңғырлап,
Арбалар ойбай салатын.
Жүргінші біткен даңғырлап,
Ән десе мүлде жанатып.

Ал бүгін дүние жаңарған,
Жер де ашпақ, аспанда ақ.
Ауылдар қайта жаралған.
Үйлер де барады аспандап.

ЖОЛАУШЫМЫН...

Жолаушымын, жол—ғалым,
Өмір салты сөзімде,
Жеңіл емес салмағым,
Жеңілсінбе өзің де.

Сәлемімді, жол—ғалым,
Жолдап тұрмын толғанып
Ойларымның орманын.
Ұшып келем таңға алып.

Төзімімді мың сынап,
Ойнат мені арнаңда.
Буырқанып, бусанып.
Айналайын қайнарға.

Жолдар, жолдар, сендерді
Іздеп келем дауыстап.
Әлем тегіс шеңберлі
Қім торабын тауыспақ.

Мен жас шынар, еменмін,
Иілмеймін, сынбаймын.
Өмірімнің өлеңмен
Уықтарын сырлаймын.

Қайда қандай ғажап бар,
Сонда менің жаһатым.
Қашпаймын не азаптан —
Зейнет болып жанатын.

Жармасайын жалыңа,
Алғашқы адым, албырт жаң,
Соқпакты өмір жолында.
Табанымды алдыртпан.

Әркімдерді-ақ ойлатқан,
Анау қия, анау шың.
Бақыт көксеп таң баққан.
Мен де сыршыл жолаушың.

Жүрегімдей тулаған.
Толқыныңа жолықтыр,
Жан жорықсыз тумаған.
Өмір—Ұлы жорық бұл.

Жан иесі баспаған.
Жанар шыңға бастандар!
Мен несіне жасқанам,
Самғап ұшар аспан бар.

ҚИЯЛШЫЛ—АҚ...

Аппақ мамық жаңа жауған қар қандай,
Ақ бүлдіршін сәби құшақ жайғандай.
Күміс сауыт құрсаныпты үй-орман.
Сапқа тұрған торғауытты қолдардай.
Сүттей аппақ көңілдердей жер үсті,
Ақтығымен жанарыңды ұялтқан.
Неткен нәзік, неткен сурет келісті.
Шашқан қарда құдірет бар бір күшті.
Үкілі орман — ауыл көркі тамаша.
Пай-пай шіркін, қызықтаймын балаша.
Ойнар едім сырғанақтап, қарға аунап,
Әттең олар менен ілкім аласа.
Біраз күннен болған ұлын «үйкүшік»
Енді шешей келтіре алмайд үйге ұрысып.
Ақ қаладан батыр тұлға тұрғызған.
Қиялшыл-ақ, бүлдіршіндер тым пысық.

БҰЛАҚ

Астында қардың ақ бұлақ,
Бұрала, сыңсып, шапқылап.
Төңірекке жолшыбай.
Інжу—маржан шашқылап.

Кеселі қолым тосылып,
Ағынға жатқан жосылып.
Татыпшын алғаш шәрбатын,
Арманға арман қосылып.

Әлемге күнде жар салып,
Сімірсем, қанбай, тамсанып,
Көздерін тауып қайнардың
Жадырар едім жанса үміт.

Өмір бойы еңбектің,
Кәусәрін татып ер жеттім,
Келем-ау әлі, бірақ та.
Мейірім қанбай, шөлден тым.

БҰЛТ

Аспанның көкпеңбек
Күмбезін көлкелеп,
Созылып келеді
Қара бұлт ентелеп.

Ысқырып, ышқынып.
Қуады, жер көлбеп,
Көк долы дауыл да
Байғұсты желкелеп.

Жер сызып бауыры,
Жия алмай қанатын,
Жаралы бүркіттей,
Құлап-ақ қалатын.

Сарқып-ап ақырғы
Қуатын бойына,
Шартылдап от шашад
Даланың жолына

Тілгілеп аспанды
Найзағай қамшысы,
Көзінен мөлтілдеп,
Ызаның тамшысы,

Отансыз бейшара!..
Қона алмай көкалға,
Жөнкілді дауылмен.
Қуырылып апшысы.

КӨКТЕМЕДЕ САҰЫҚ КЕШІ

Алуан нәзік күйлер құйып,
Құстар келді көктемді алып,
Сыбызғы әуен бозторғайлар
Шырқатады естен тынып:

Құз-қияға, қырға келді,
Құс мәз-майрам ұя басып,
Тәтті әуенге мүлгіп енді.
Тұр табиғат құлақ асып,
Нажағайын, желін жұмсап,
Көктем өзі жарлық берді,
Жер түледі, жан шақырып,
Тірілті бар жәндіктерді...

Бас асаусып арындады,
Кемерінен «Балықты» асып,
Сай-саланы аралады.
Ақ толқындар зайыптасып.

Сыбызғы әуен торғай әні.
Төңкеріліп тез оралды,
Бетховеннің асау күйі —
Еңбек күйі кезек алды.

Жолдыөзектің жағасында
Ән көктемі қолтығына ап,
Көңілімді алуан күйге
Тастады ғой толтырып-ақ.

Құстар, анау, сыңсып өткен,
Келді ме екен теңіз асып,
Көңіл күйін қозғайды бір
Жанға жайлы лебіз шашып.

Ойдан қағыс еткен емес,
Үміт шіркін әкемді әсте,
Жылы хабар көктем сайын.
Құстар маған әкелмес пе!?

Табиғатқа жан бітірген.
Күшті-ау, көктем құдіретін,
Тынған жүрек қайта соғып,
Жағар ма әттең ғұмыр отын!

Нажағайың, жеңіл жұмсап,
Көктем ару, жарлық берші,
Бар еді әкем өткеретін,
Көктемеде сауық кеші.

ДОСТАРЫМ МЕНІҢ

Көбелек қусақ бірге біз,
Жазылмаушы еді-ау, іргеміз.
Есілдің қайрақ құмында
Жатқан да шығар жүрген із.

Балалық думан тәтті кез,
Базары тарқап кетті-ау, тез.
Соғыстан соқыр келді әке,
Жанар боп жанды біздің көз.

Сөнген отты ошақта.
Тұтаттық титтей болсақ та.
Әке боп бүгін отырмыз,
Әкесіз мәңгі қалсақ та.

Ағаны ойлап аулақта,
Мұңаюшы едік кей уақта.
Шалғысын алдық пішенге.
Ілулі қалған шарбақта.

Арманым менің, құштарым,
Ұдайы бірлік ұштарым.
Қырандар қонған биікке.
Бауырым жазып ұшпадым.

ҰМЫТЫП КЕТТІМ ӨЗІМДІ

Көктемде

Күлімдеді қыр-қырат
Қыстың тоны жыртылып,
Құлайды ойға шұрқырап
Су сайлардан бұлқынып.

Көл ортасы көкшіл сен
Шар айнадан аумаған.
Қамыс — күйші кешкісін.
Сырнай, қобыз ойнаған.

Жотасы жердің бұрқырап.
Шашына ормап шолпы ілді.
Тай-құлын дөңде шұрқырап.
Тіршілік күйі шертілді.

Тугандай ғажап жаңа аңыз,
Кемесін тоқып камыстан,
«Теңізші» бопты баламыз.
Толқынмен ойнап жарысқан.

Көңілі бұлтсыз аспандай.
Қуанса құс боп самғайды.
Жаңа бір дүние ашқандай.
Лепіріп жүрек лаулайды.

Базарлы көктем гу-гулеп,
Алды ғой жеңіп төзімді.
Жыр арумен би билеп.
Ұмытып кеттім өзімді.

БОРАН

Қар көрпесін қаққанда
Бұрқылдатып кең дала,
Аспан жерге түскендей,
Тарыла қалды айнала.
Арыстандар ақырып,
Жекпе-жекке шықандай,
Алай-дүлей бораннан
Ай қорғалап бұққандай.
Көк теңіздің көктемде
Көк сеңіндей сөгілген,
Қиыршық қар дүрмекпен.
Тентек желге жегілген.
Ішін тартып ышқынып,
Тырналайды тұз қарын,
Жап-жалаңаш қайыңға.
Көрсетеді ызбарын.
Ел ұйқыда.
Даланы боран кезді айналып,
Терезеге төніпті.
Ақын жігіт ойланып.

Төбемде ойнап тұр жасын,
Омырауымда кеппей жүр жасым.
Қоркатыным да бір басым.
Қорғайтыным да бұл басым,
Дәрігер, айтшы турасын,
Ажал да келіп тұрмасын?!
Көзімде өмір тұнбасын?!
Өлу де керек туған соң,
Өмір ғой менің қимасым.
Қимаймын рас, құрдасым,
Сыңсып та ұшқан тырнасын,
Балбырап піскен хұрмасын.
Қатпарлы таудың құлжасын
Белгілі, қайта тумасым,
Сонарлап түлкі кумасым,
Дөңбекшіп ойлар шуласын,
Ақтарар менде сыр басым.
Жырласын жүрек, жырласын,
Толтырып дуға қыр басын.
Туған жер мені тындасын,
Сондықтан жаным тынбасын,
Жүрегім тайдай туласын,
Кең кеудеме сыймасын,
Жетелей берсін ақ таңға,
Мәуелі мауыт бақтарға,
Мамырыстан бір шақтарға.

Соқшы боран, түтетіп аласұрып.
 Жын-ойнақ сал! Көнеді, дала-сұлық.
 Момын дала шыдайды өлуге бар,
 Қыңқ етпейді, қойғандай таң асырып.

Үдете түс, үдеі түс боран салып,
 Аспан да бір көрсінші аласарып.
 Ай мен Күннің көзін де қармен шелдеп.
 Бар түнекті қамап қой тамаша ғып.

Ұнатпаймын түнекті тас қараңғы,
 (Япырай, осыны кім басқарады?)
 Жауыздық, дұшпандық пен не бір бәле,
 Түнектерден өрбиді! Масқара да.

Қарсылық пен сесіне қарамай да,
 Түнектерді ышқыntyп қорама айда!
 Мал кетсе де ішінен, тұрқы мықты,
 Түнек — дию болса да қоралайды.

Жүзінді, қас пен көзінді
 Бояп сен сұлу болмайсың,
 Тек алдайсың өзіңді,
 Раушан гүлдей толмайсың,

Көктемдей кезің өтіпті,
 Желкенімен бақыттың
 Сарғайған күзің жетіпті.
 Зырылдап тасы уақыттың.

Өмірдің соқпақ жолымен
 Қол ұстасып барамыз.
 Арманды бетке ап сонымен,
 Ашылмай әсте арамыз.

Махабаттыңды мен сенің
 Аялап келем бөбектей.
 Сен еккен жанға нұр сенім,
 Жайқала бермек желектей.

Қаламай жаным басқаны,
 Өзіңді өмір сыйлаған.
 Сырылып кейін бас камы,
 Бақ гүлін саған жинағам.

Қыз бердің, маған ұл бердің.
 Тұяғыңды бассын деп
 Өзіне сай боп ұлы елдің.
 Қырандай шыңдар ассын деп.

Ұлдарымның жанына
 Ұрығын септің ерліктің
 Дүбірлі дарқан қанына
 Рухын бердің елдіктің.

Ақ сүтіңнің дәмінен
 Нан, тұз дәмін татыпты.
 Туған жердің әнімен
 Ұлдарым шырқап бақытты.

Ақ бесікті тербеткен,
 Бөбектерімді уантып,
 Қолыңды сүйем тебіrentкен
 Жүрегімді қуантып.

КОМАРОВО

Комарово дегенде өзім,
Елең етіп қалыппын,
Жеткенімше қалмай төзім.
Көруге әбден жанықтым.

Комарово қалың жыныс,
Қайың, талдар тізілген.
Кеуде кере алсаң тыныс,
Бал жұтқандай сезінген.

Комарово, Комарово.
Көгімде осы ән қалықтап.
Желпіндірді Комарово,
Көңілімді шабыт нақ.

Арыстан жал толқындарын,
Кәрі Балтық бағады аулақ
Сезінбейді жойқын кәрін,
Комарово жағалауда.

Саяжайлар, Жібек самал
Суырылып теңіз жақтан
Тапқандай-ақ жүрекке амал,
Желпіп, сипап, шымырлатқан.

Жүрегімді тебіrentкен,
Сұлулыққа табынамын.
Қыз—қайындар сіміrentкен,
Қылығынды сағынамын.

Комарово, Комарово,
Қош болып тұр жер жәннаты
Талмасыншы, Комарово,
Көгінде ұшқан ән қанаты.

ӨСЕК

Құлақтан құлаққа жүгіріп,
Аңқаудың ішіне үңіліп,
Шындықтан жесе де көп таяқ.
Қалмайды бір рет түңіліп.
Жазықсыз жандарды жаралап
Улайды ел ішін аралап.
Періштең болса да ол сенің
Кетеді табанда қаралап.

ЖОЛҒҰТ

(итіме)

Жылмандап, еркелеп қарайсың,

Искелеп, қолымды жалайсың.

Асылып мойыныма, өзінді

Үміткер бір жанға санайсың.

Болмаса арманың көздеген,

Түспесе аузыңа іздеген,

Өңінді суытып, сырт беріп,

Кетесің бұралқы ізбенен.

ҚАЙҒЫНЫ МАҒАН СЫЙЛАҒДАР

Өздерің ғана жимандар
Қайғыдан маған сыйлаңдар.
Бөлісіндер де ақынмен
Жүрегін де қинаңдар.
Торламаса мұң-тұман,
Жарыққа неғып ұмтылам.
Шуағын күннің жібектей,
Өрнектеп қалай жыр қылам?
Аяма мені, сөкпеймін,
Қиыныңмен -ақ көктсеймін.
Алаңсыз жүріп ортаңда,
Адамдар, мұңсыз өтпеймін.

Сол жақ көзім тартады қайта-қайта қоймастан,
Әдемі жыр тізіліп, төгіле ме ой бастан?
Бір мұратым самғай ма ракетадай Айға асқан
Орала ма жастық шак көктем көркін жоймастан,
Бақыт құсы қона ма пығыма бір келіп?
Келін түсер ме скен-ау шаңырағым түрленіп?
Сезіне ме жылылық ақ қайыңдар бүрленіп?
Сейіле ме қацқу сөз қара қаптал түнге еніп?

КІРПІГІНДІ САЯЛАЙМЫН

Дала дауыл ойнатқанда,
Шілде мыйды қайнатқанда,
Қаңтар кәрін қаулатқанда,
Толысып барып ай батқанда,
Сенің бір тал кірпігіңді,
Кірпігіңді саялаймын.

Көкірегіме сыр тұнғанда,
Асқарға арман ұмтылғанда.
Үміт жібі қырқылғанда,
Асау жүрек бұлқынғанда,
Сенің бір тал кірпігіңді,
Кірпігіңді саялаймын.

Дұшпандыққа ашынғанда,
Достан көңіл басылғанда,
Шаттық нұры шашылғанда,
Гүл Хауазы ашылғанда,
Сенің бір тал кірпігіңді,
Кірпігіңді саялаймын.

БЕЙІТ

Тірісінен де өлгенін құрметтейтін қазақтың
Даласында бейіттер салттанатты сарайдай.
Өріктейтін қабырға — өнерлі қол қашапты.
— Өмір, — депті, — қанбазар, нұр шуақты арайдай.

Тәттілігін тірліктің ұқтырмақ па бізге айтып,
Түрлі - түсті сурет толғантады-ау көргенде.
Жарқ-жұрқ етіп күмбезде бір жоғалып, бір қайтып,
Үміт пе деп қаласың шок жұлдыздар өргенде.

Жетпеді ме, жетті ме қиялдаған арманға?
Қожасы енді айтпайды бұл бейіттің жалғанда
Кешкен ғұмыр жырдай боп, кестеленіп қалған да,
Танысамыз тағдырмен біз бейітке барғанда.

ТОПЫРАҚПЫН

Топырақтап жаралдым, топырақпын, анам—жер,
Топырақсың өзінде деп шулайды анау жел.
Қақтадым ба қап-қара емшегіңді, аяулы?
Ер жетсем де еркелеп, ұлым деші, балам де.

Топырақпын, ал сонда, сүюді кім үйреткен?
Отан, ана, сүйген жер, елжірсеймін үйі деп мен.
Ұл—қызыма жанымды жайып салам мамықтай,
Дұшпандығы жақынның көкірсігінді күйреткен.

Қайдан білгем қайғыны қара бұлттай қаптаған?
Әділдік пен шаттықты өмірді осы сақтаған?
Жер түбіне лақтырып жауыздықты, Топырақ
Бола тұрып, неге мен тұншықтырып жаппағам?!

ҚЫРДА ҚАУЛАП КЕЛЕ ЖАТҚАН КӨКТЕМДЕЙ

Алғаш қырға шығуым-ау жайрандап,
Туған үйдің төңірегін сайрандап.
Тамашалап табиғаттың суретін.
Ұзақ күнге татылмай сүт, айран қап.

Есімде жоқ көктемде ме, жазда ма,
Дала гүлі жүз түрменен маздаған.
Ілінген күн ақ қайыңның ұшына.
Екіндіде құлап қала жаздаған.

Қайран қалып қатып қалғам, тосылып,
Жүрек сыздап, жүзімнен жас жосылып,
Қолдан түскен кеседейін күл-күл боп,
Дөңгелек күн сына ма деп шошынып.

Кекілімнен самал сыйпап өткендей.
Маңдайымнан жып-жылы леп өпкендей —
Жұбатты кім? нәзік жанды бөбекті.
Қырда қаулап келе жатқан көктемдей.

ҚЫЗҒАНЫШ

Мінездердің ішіндегі сорақысы, жаманы
Әй, қызғаныш, сенсің осы қаулататын жаланы.
Сен көтерген ту астында өшпенділік жанданып,
Өсек пенен сатқындықтың шамшырағы жанады.

Сен біреудің қайғысына рахаттанып, шаттанып,
Жотаңды да күдірейтіп, ажарланып мақтанып,
Басқалардың бақытсыздығымен күн көріп,
Бұл өмірде көп мінезбен келесің бір сапта нық

Қеудемде сыймай тұрсың-ау, жүрегім тулап бұлқынып,
Күйрейді-ау қабырғаларым толғасаң қайта жұлқынып.
Сабыр ет деуге тіл қысқа, қайрат—күшің тұр басым.
Жанымда дарқан жүгірген, жаркылдап, ойнап жүр жасың.
Көкірегімде күркіреп, толқындай толғап тұрасың.
Жап-жаңа құрған арнаңды, көсілтіп қайда бұрасың?
Арманға бұрсаң арнаңды, еркімен шапсын аршындап.
Табаныңның астында таулар жатсын қалшылдап.
Көлеңдеп қалсын көңілдер, елендеп тұрсын ел біткен,
Қол соқсын саған бар әлем, жігер мен күшті өрбіткен.
Жылынып тоңы сібірдің, қаршагүл күлсін ақпанда,
Қиылып түссін топшыдан, дауыл да қанат қаққанда.
Ал ұшсаң, шырқау биікке ұш, көз жаза көрме далаңнан.
Далаң—космодромың, солмасын әсте, санаңнан.

ДОСҚА

Салық еттің бетіме, жалғыз ғана мінімді,
Дені қалды ішінде — жеңілтедің жүгімді.
Селсоқ жүрген дос па едің, жалған ба еді достығың?
Қөңіл мұздай суынып, жүрек мүлде түңілді.

Бір басымда жүз түрлі болса, тіпті, кемшілік.
Сен арылтсаң солардан болмас еді-ау ерсілік.
Кесіп айтар шындықты ақ аспаһан болсаңшы,
Дос алдында қысылсам — өмір бойы кеңшілік.

ТҮН

Қара түнде кайнаған қара жындар,
Қара жындар қайдан бұл жаралдыңдар?
—Шырмауында қалушы ем үрейлі ойдың,
Қой күзете барғанда анау жылдар.

Қара жынды көргем жоқ өзім бірақ.
Атын естіп қорқушы ем көзім булап.
Келіп қалды дегенде бой қалтырап,
Әлі есімде, жататын кезім құлап.

Қара түнде үрейлер қанаттанып,
Құбыжықтар тұрғандай қамап та алып.
Табиғат—ай түнді де жараттың-ау,
Жатпасын деп жүректер тағат тауып.

.

■ ■ ■

Қайда кетіп барамыз, қайда кетіп,
Жалаң аяқ, жалаң бас дір-дір етіп.
Тәуелсіздік алғанмен, ағайындар,
Аңғалмыз-ау, сайламай бір-бір етік.

Жөн білетін бауырлар, жолға жетік,
Қайда кетіп барамыз, қайда кетіп?
Нарық деген қамытты киіп алып,
Ырғандайды мойнымыз қажар өтіп.

АРКАДИЙ ПАТША

Патшалық еткен екен о заманда,
Аркадий Римде — ырғын обалаңда.
Дұшпан елдің кетіріп есін мүлде.
Қандатып, үрейлі боп обадан да.

Аналар көздің жасын көлдетіпті,
Ертеңіне Римнің ер боп күпті.
Тауық құту патшаға бакыт екен.
Ісі болмай қайғылы елде тіпті.

Патша тастап Римді жау қамаған,
Равенноға қашып бас сауғалаған.
Сонғы мың қол аттанған қанды ұрысқа
Үміті, қорғаушысы қаумалаған.

Қырылғанын әскердің, жеңілгенін,
Патшаға айтты хабаршы егілген ұн.
—Тауықтарды құтқарып қалдыңдар ма?
Деді Аркадий: —Көрсем-ау семіргенін.

Равенно — қала

АҚ ҚҰРЫМДЫ ҚИЯЛДАП.

Сарғайып түскен жапырақ,
Сыйдиып тал мен қайың да.
Күздегі дала калтырап
Тоңазыды бойым да.

Думандап кеше қырды осы,
Шалкытқан дәулет арнасын.
«Қыр кемелер!» — қыр досы.
Көрінбей қазір қайдасың?

Туган жерге мұң артып,
Мұнарға сіңген аққулар.
Күз қызығын құмартып.
Ақ қайында отыр ақ құрлар.

Балауса шағым ба скен бұл?
Ақ құр боп ұшқан қияндап.
Сағындым сені көктем—гүл,
Ақ құрымды да қиялдап.

Кейде жылап жатамын түсімде мен,
Бір ғаламат ісім бұл түсінбеген.
Өлген әкем төрімде отырады,
Теріс қарап, жасырып түсін менен.

Сағындым ғой әке жан, сенсіз өстім...
Өмірдің бел-белесті жолын кештім.
Мен құдайдан тілеймін жетілсін деп,
Әкесіздің бір күнін көрмей ешкім.

Қолыңды бер, әке жан, сүйейін де,
Көкірегіме басайын, түлейін де.
Бұдан артық бақыт жоқ ұлын үшін,
Құшағыңда құлпырып, күйейін де.

Сырт бердің де, әке жан, тіл қатпадың,
Тіл қатпадың — балаңды ұнатпадың.
Жазығым не? Білмеймін. Кеше өзіңсіз.
Шайқалған шаңырағыңды құлатпадым.

Құлатпадым. Теңселіп, сүрінсем де,
Жалғыздыққа жан жылап, күйінсем де.
Шаңырағыңды думандап жатыр бүгін,
Ұрпақтарың өзіңнің, сүйін, сен де.

ШАЛҚЫҒАН ӘН

Жүректің кұйтымдай-ақ қуысынан
Сан түрлі ағындайды қуысып әң, —
Шалқыған ән-тамырда жүгірген қан
Шыға алмай тіршіліктің уысынан.

Тербеліп тіршіліктің әніменен,
Па шіркін, арман қуып әлі келсем.
Тоқтап қап асқақ әуен жүректегі
Гүл өмір қала ма екен тағы менен.

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Ақ түсіпті шашыма аракідік,
Сипап қоям, көңілге ала күдік.
Көз алдымнан көлбеңдеп өткен қыздай,
Барамысың дулы шақ—ала бүлік.

Барамысың қызған бақ, базарымды ап,
Көктемдегі гүлдей бір ажарымды ап.
Жастық шақ-ай, — деп мен де отырам-ау.
Қаламысың жырым боп, жазарым боп.

ЖАРЫҚ ДҮНИЕ РИЗАМЫН!

Күндерім үшін базарлы,
Өткізген мынау тірлікте.
Жастығым үшін ажарлы,
Шабытты шақпен бірлікте.
Жарық дүние, ризамын.
Сүрініп, кейде құлаған,
Қуанып, кейде жылаған.
Күндер көп соған қуанам,
Баладай мәз боп жұбанам.
Жарық дүние, ризамын.
Арман көп, мақсат жоғары,
Тындырған істер жоқ әлі.
Шолпандай үміт жанады,
Нұрлантип алыс жағаны.
Жарық дүние, ризамын.
Кей-кейде көңіл беу, шалқып,
Көгімде тұрар ән қалқып.
Көктемнің нісі де аңқып,
Төбемде жанып, күн балқып,
Жарық дүние, ризамын.
Жайдақ шауып құнанмен,
Жарысып кетем қиялмен.
Мысқылға қалып мұнан мен.
Өзімді деймін ұрар ма ем.
Ел десе еркін көсіліп,
Құрмеулі тіл де шешіліп,

Мәртебесін өсіріп,
Жырласам деймін көсіліп,
Жоқшылықты іргемнен.
Ертерек қуып үлгергем.
Бақытым болып дүрлеген.
Еліммен мәңгі біргемін.
Жарық дүние, ризамын.
Бұла күш бойын кернеген,
Көктемдерде терлеген
Дән жинап күзде ерлеген.
Даладаймын кейде мен
Жарық дүние ризамын.

ОҚУДАН ҚАЙТҚАНДА

Арба толы баламыз,
Арба толы көп арман
Ауылды ансап барамыз,
Ойнаймыз деп көгалда.
Сағынышы өршіген,
Жас жүректер дауылдай.
Қасқа бие тершіген.
Аяңнан жаңылмай.
Асықпайды ол тауысып,
Балалардың төзімін.
Олар ойша қауышып,
Ауылымен өзінің.
Кең жиһанға түр беріп, '1
Гүлді шөптер жайқалып.
Арба артында жүр еріп,
Бөрібасар найқалып.
Бос жіберіп делбені,
Шу-шулеуді қойды атам.
Мас қылғандай жер демі —
Көкіректе қоздап ән.
Шырқаймыз-ай тербетіп,
Сары даланың күмбезін,
Сазымызды өрлетіп,
Қызықтырып күн көзін.
Қыстауына Ешкейдің
Иек артып қалыппыз.
Орындары ескі үйдің
Орманымен таныспыз.
Ауылымның түтіні,
Танауына келді ме?
Шымырланып бітімі,
Күрп-күрп басып, желді де,
Құлақтарын қайшылап,
Қасқа бие пыскырып,
Құйрығын да шаншып ап,
Кісінеді-ау ышқынып.

МЕН ҚАНДАЙМЫН

Мен қандаймын? қандаймын?
Айтындаршы, жарандар
Ғашық болған жандаймын,
Өмірге құштар жаным бар.
Өмірдің мәні не сонда,
Туу мен өлу — сол-ақ па?
—Жо... жок. Күрес қашанда.
Тірлікті күйкі жолатпан.
Өмірдің мәні — жеңісте,
Тынымсыз күрес әкелген.
Еңбекшілдік—әр істе,
Мұра боп қалған әкемнен.
Тірліктің батпан жүгін де.
Жотама салып көтерем.
Екі өмір берсе — бүгіндей,
Шындықты ту ғып өтер ем!
Бермеймін жанға тынымды,
Қанатты кеңге қармаймын.
Еңбегім мен жырымды
Отаным, саған арнаймын.

~

ӨМІР СУРЕТТЕРІ

Мөлдіреген қасиетті көздерім
Мені өмірде жетелейтін өздерің.
Құртымдай-ақ құшағында әлемді.
Сығызғанды қалайша мен сезбедім?

* * *

Шіркін, көңіл,—кең жазира даласың,
Бірде, солған дәндей болып қаласың.
Теңіз бетін қара дауыл қаптаса,
Бүлк етпейтін тұңғиғы боласың,

* * *

Жүрегің соқыр болса егер,
Жайнаған көзің не керек,
Көңілің кірлі болса егер,
Сайраған тілің не керек.

* * *

Көңілі кірбің туыстан,
Көңілі көлдей дос артық,
Қиналып берген уыстан.
Алақанның босы артық.

* * *

Өлең—от, жағушы мен ақын,
Отынын үрледім жанатын.
Сөнбесе, шіркін-ай, мәңгіге.
Жүректер жылылық алатын!

* * *

Өтірік пен өсек мүлде жоғалсын,
Бар адамдар шындық туын қолға алсын.
Бос қанырап барлық жерде сот үйі,
Судьялар бұдан былай дем алсын!

* * *


Балын ішпе, арамдықтың,
Адалдықтың уын іш.
Торын пішпе жамандықтың,
Адамдықтың туын піш.

* * *

Шырылдап туғаннан шешеден
«Жер басып жүрміз ғой» — деседі.
Көр-жерді қорек қып көшеден,
Иттағы тіршілік етеді.



Ажын балын тукнасан,
Азамат балын
туғайсын,



ӨРЛІГІНДІ БЕР, МАҒАН!

Аспанда, жер де тұтасып,
Ойнаған жындай күші асып.
Боранда келем, жапанда.
Боз қыраумен ұстасып.

Ұйтқиды боран долданып,
Соңында қардан дөң қалып.
Зарлайды орман домбығып.
Лажсыз, байғұс, қорланып.

Есігі жабық, шам сөнген,
Жұлдыздар көкте жоқ өрген.
Сойылы тиіп дауылдың.
Аспанның беті көгергені.

Жағамнан алсаң жармасып,
Қаламын мен де қармасып.
Шыңырау түбін шарлаймын.
Үміт пен үрей арбасып.

Сабаулап қардың ақ шаңын.
Пәрмендей дауыл соқса мың,
Қасқайып қарсы келем мен,
Өрлегендей асқақ шың.

Қайтесің жөнсіз кектеніп.
Жүрекке жылпыс кек теліп...
Бұрқыра дауыл, кең далам.
Ізімді бақсын от беріп...

Қыраның болып самғаған.
Арманға жетем ойлаған.
Ожарлығың өзіңе,
Өрлігіңді бер, маған.

СЕЛ БОЛЫП АҒЫП КЕЛЕМІН

Сел болып ағып келемін ақ толқындарымды арқалап,
Үйіріп ұрып соғамын қара тастарды жаңқалап..
Төгіліп келем, төгіліп, тасқын боп, аққан сел болып,
Көкорай шалғын жағамыз қызығы асқан ел қонып..
Сыбызғы ойнап балқұрақ, базарын ашып жыл құсы,
Шұқырап шүйгін шалғында, шалқыған жұрттың
жылқысы,
Шыға қап алып даланың, кеудесін тесіп күркіреп,
Заводтар ұзын мұржалы аспанды асқақ тұр, тіреп.
Арнамның нұрлы мөлдірін алдыға тосам, егіндер,
Егіндер, сендер, елімнің қоймасына алтын төгіндер!
Ертістей жомарт Арқаға шәрбатын шашқан, беу шалқып,
Дүниеге дүйім жанымның жалынын құйсам ба сарқып?!

ОРДАБАСЫ

Ордабасы: армысын,
Ата жұртым — арман тау,
Көкірегіме, көңіліме,
Күміс күндей конған тау.

Нұрын құйып жаныма,
Қазақсың деп қам жеген.
От қайнатып қаныма,
Сен де азатшыл жан деген.

Ел болғансың әйгілі —
Ұлы тұран, ер түрік,
Азап, түнскі өлтіріп.
Күліп шыққан ай, күні,

Осы таудың басында,
Би бабалар қауышқан.
Ордабасы қасында,
Үш жүз ел боп табысқан.

Елдік пенен бірлікті,
Намыспенен байлаған,
Жігерлілік, ірілікті,
Қан майданда қайраған.

Би бабалар, көсемдер,
Таусылмас жырым, әнімсің.
Қамқоры болған алаштың,
Әр қайсың бір-бір тәңірсін.

Сендерді Мағжан жыр еткен.
Даналықтарыңды сағынып.
Ұрпақтарыңды үйреткен.
Ұлылықтарыңа табынып.

Ұлы Мағжан елінің
Сәлемін ал, ағайын.
Жолдыөзектей жерінің
Омырауыңа гүлін тағайын!

ЕРІНДЕР МАҒАН ӨЖЕТТЕР

Еріндер маған өжеттер,
Өзекке тепсе өрге ұмтылар тұлданып,
Құласа да аспан үстіне,
Тоқтамас бір сәт шаттанғанша, шыңды алып,
Тулаған таскын, қау өртте,
Суарылған ақ семсердей шыңдалып,
Еріндер маған батырлар,
Дауылға тосар құс кеудесін өрленіп.
Алапат күшті аждаһа,
Тұра алмайтын алдында оның зәрленіп,
Қабағын түйсе ол—бұлт қаптап,
Түнеріп әлем тұратын әсте кәрленіп.
Еріндер маған қайсарлар,
Қажуды білмес, қауіпті қойған бұқытырып,
Ажалды да қарсы алар,
Туған жер үшін, Отаны үшін тік тұрып.
Уралап шыкса «оқытар иман»
Дұшпандарға қайсарлықты ұқтырып.
Еріндер маған бәрің де,
Жанында жалын маздағандар дүрілдеп.
Бұрғылайық алау Күнді
Құйылып тұрсын апақ нұры дірілдеп.
Сарыарқаға
Енді ғана үйреніп жүрген күлімдеп.

БИІКТІК

Дүрліксе жүрегінің салқын қаны,
Теңіздің тулайды екен толқындары.
Тауменен таласа ма көкке атылып,
Тереңнен қопарылған жойқындары.
Екпіндеп соғып толқын тау сағасын,
Құлайды қайта ылдиға қаусағасын.
Биіктік жеткізе ме елдің бәрін,
Армандап...
Өкінесің...
Сан соғасың.

ТЫНЫШТЫҚ БЕР, ТЫНЫШТЫҚ

Ей, өмірім, тыныштық бер, тыныштық,
Мына дүние бір сәт жатсын тыныс қып,
Ысқырмасын зеңгір аспан, көк аспан,
Жердегілер сезінсінші тыныс — құт.
Шуламасын аң мен құстар қосылып,
Бірі аспанда, бірі жерде жосылып.
Өмір—тәңір, қан тамшысын көрсетпе,
Көзін жұмып қалмасын Күн шошынып!

Жанымды жайлау етейін,
Адамдар, сайран салыңдар.
Көк ала толқын көлдер мен
Қыпша бел, кербез қайың бар.
Көлдер — көздің жасы емес,
Қуанышымның айдыны,
Дауылпаздары қуатын
Бұлт болып келген қайғыны.
Төбеге күнді қойсам ба,
Қазыққа байлап, тұйықтап?...
Адамдар жарты ғұмырын.
Бермесін түнге ұйықтап!

Ағызып қанды жасымды.
Қос қолдан қысам басымды.
Күтірлеп сынып сүйектер,
Үйірілтіп жасымды.
Тегеуірінімен саусақтың,
Ми, шекемді қаусаттым.
Он қолымның жігінен.
Мөлдір тамшы самсаттым.
Паракқа түскен үзіліп,
Мөп-мөлдір тамшы сүзіліп.
Өртеген өзекті өмірім —
Өлең боп тұрған тізіліп!

Ақ сорпа болып сабылып,
 Ащы тер көмген жотасын,
 Аңырап келем інгендей.
 Ансаған іздеп ботасын.

Ағындар керіп кеудемді,
 Түнде де ұйқы көрмеймін.
 Тыныштық баққан сақшыдай.
 Жаныма тыным бермеймін.

Не іздеп келем, өмір-ау,
 Неге мен мұндай боп туғам?
 Қосылып кеткім келеді,
 Балаларға да доп қуған.

Гүлден шоқ-шоқ лаулаған.
 Жаныма жалын аламын.
 Тулаған теңіз — егіннің
 Масағы болып қаламын.

Ақ таңның аппақ мандайын.
 Сипаймын алақаныммен.
 Төсінді дүбірлетсем, Жер —
 Тентегің, балақаның мен.

Еркелік етем бәріңе,
 Еркіндік құшқан жанымды.
 Ырзамын саған, Жер—ана,
 Қызулы еткен қанымды!

Қап-қара бұлт емеспін шақпақ шаққан
Көк тілгілеп, бауырынан жасын аққан.
Тұтанған жанарында от сөнбейтін.
Тау бүркіті емеспін қызыл бакқан.
Жантаятын ақ бұлтты жастап алып,
Тау шыңы да емеспін асқақ алып.
Буырқанған, бұлқынған, толқын емен,
Құз шатқалды сүзгілер шатақ салып.
Келер күн, келер дәуір белес-белден,
Көзімде, көңілімде слес берген
Жүрегінің арман толы, қуат толы,
Жаралған мәңгі бітпес күрестерден.

Ей, кең өмір,
Адамдарға бақыт бер.
Бұрын - сонды дүниеде болмаған.
Өр екпін бер,
Желдей жүйрік уақыт бер,
Жарыстарға қажымаған, тоймаған.
Адамдардың тамырында от шапқылап,
Жанартаудың жалынындай жайнасын.
Қабырғаны,
Кең кеудені сокқылап,
Қияндарға жетелеуін қоймасын.

БІР ШӨКІМ ТОПЫРАҚ

Бір шөкім топырақты қолыма алып,
Қараймын, қызықтаймын ойға қалып.
Тер сіңген алақанда сансыз жұлдыз.
Бергендей мөлдір аспан сыйға салып.
Түрлі ой—су жүйріктей сылаң ағып,
Басымнан өтіп жатыр бұраң қағып.
Осынау қара қошқыл топырақта
Миллион тіршілік тұр шырақ жағып.
Япыр-ай, алып па едің шүйкедей қол,
Көтерген тіршілікті салмағы мол.
Қалайша сыйып кетті осынша өмір,
Алақан шұқырына ноқаттай сол.

ӨМІР

Өмір — мәңгі тарқамайтын жәрменке
Жалғасатын қызық — дәурен таңға ерте,
Алыс—беріс, сапырылыс, жанталас,
Намыс — жарыс, дүние farkы, жан еркі.

Өмір — тасқын, заңғар таудың қайнары,
Бірде асау, бірде бәсең — жайдары.
Батыл болсаң бауырына тартады,
Шертілмеген сырын шертіп қайдағы.

Бірде ызғар боп ширатады тоңдырып,
Ұшырады шындарына қондырып.
Өмір—сусын, өмір — өшпес махаббат
Тар кеудемде
Таң боп қалған орнығып.

О, өмірім, көп қой ғибрат мән — сырың,
Әр тапыңнан күтемін мен таңсық үн.
Қызығыңа қойдың өзің құштар ғып,
Ой—санамның аралап бар талшығып.

Пәк кеудеңнен қанша миуа төкпедің,
Арбап, толғап ынтызарлық көктемін.
Сенің сәулең жанарлардың жарқылы
Тұрған жалғап нұрын дәйім көкте күн.

Сенің үнің сыбызғылар әуені,
Алуан сазбен аймалайтын әуені.
Жаңғырықтар биіктікті жалғаған
Кең еңселі ұлылықтың әлемі.

Күнмен жалғас бар тіршілік сабағын,
Күнмен жалғас көңіл күй, қас, қабағың.
Жыр соғайып көкейіңе қонымды
Ұштала түс жас қауырсын қаламым.

Шыққан сайын биігіне тырбанып,
Көзге келер жас тамшысы ұрланып.
Қарай берем өз ізіме бұрылып,
Алдыма шық ақ армандар ырғалып.

Келемін мен ауырыңды арқалап,
Алдым—заңғар жақындатып жол табад,
Сезінемін ащылығын терімнің
Түбінде бір
Тәтті рахат —
Мархабат.

ӨЗ ТІЛІМ

Тілім бар, менің ақыл, ожданым бар,
Тілім бар—жүрек жылытқан өз қаным бар.
Өз тілім тербетеді, тебірентеді,
Тіліме тіл
Тигізеңдер,
Қорладындар.

Өшпейді, тілім менің қартаймайды,
Жарысып уақытпен жайтаңдайды.
Арнасы айдын шалқар асқаралы —
Қайнардың көзін ешкім Сарқа алмайды.

АРМАН — АҚҚУ

Өмірдің мынау жылдарын қуып таң жақта,
Арманым менің Құлагер—сынды шаңдатқан.
Бауырының астында өріп құс жолы
Күнің бе, мейлі, түнің бе, мейлі, жол қатқан.

Дауылдың долы екпінін құйып алатын,
Алысқа жайған қырандай қайсар қанатын.
Арманым менің төгілген күй ғой...

Дала ғой...

Кеудесі күзде маржанға тұнып қалатын.

Арманым әлде көкте ұшып анау баратқан,
Аққулар ма екен, көркіне жұртты қаратқан.
Қызықтап оны көз жазбай тұрмын мен неге?
Кеудемде мынау өзім емес пе жаратқан?!

ШЫНДЫҚ

Ақ жапымды ақтарып,
Ақ күмістей төгілем,
Илана біл, ақталып
Көрген емен тегі мен.

Шын күлсемін күлсем де,
Шын жылаймын жыласам,
Шындық үшін күйсем де.
Өкінбеймін құласам.

Шындық менің желкенім,
Сапарға алыс ол шыдар.
Әлемнің де жер-көгін.
Ұстап тұрған сол шығар.

ҚАЙРАН БОЛЫП КЕЛЕМІН

Бұлбұлдардың үніне,
Сарыарқаның гүліне,
Аспанымның Күніне,
Қайран болып келемін.

Боталардың көзіне,
Сұлулардың өзіне,
Даналардың сөзіне,
Қайран болып келемін.

Сылдырына құрақтың,
Сыңғырына бұлақтың,
Сәулесіне шырақтың,
Қайран болып келемін.

Сәулетіне қаламның.
Дәулетіне даламның,
Өнеріне адамның,
Қайран болып келемін.

Қайран ете алам ба,
Туған елді, халқымды?
Осы ойменеп алаң ба,
«Жүрек шіркін» алқынды.

ҚЫРАНДАР

Қыран боп келгендер,
Құмармен өрлендер.
Қиялдың шыңына,
Қанатты сермендер.

Топшылар ашылып,
Ұлпа жүн шашылып.
Қалайы қауырсын,
Суылдап, басылып.

Жасындай жарқылдап,
Кейде бір саңқылдап,
Күнес көк өрінде,
Дүние төрінде аңқылдап.

Сайраңда, сапырып,
Бұлттарды жапырып.
Тіркескендердің сол
Қарасын батырып.

Төменде түн ұйып,
Төменде — тұңғиық.
Құласаң — ажал-ақ.
Көзіңе кетеді құм құйып.

Миың түк ұқпайды.
Дыбысың шықпайды.
Жүрегің тыныштық құшақтап,
Мәңгіге ұйықтайды.

Жарық етіп ақ табан,
Күміспен аптаған.
Ілініп іздерің,
Көгімді таптаған.

Қырандар самғаңдар,
Қиналып, талмаңдар.

Алыста армандар,
Асығыс қармандар.

Тек құлай көрмендер —
Үрейді көмгендер.
Сапардың ызғарын,
Аптабын көргендер.

Сондарың қым-қуыт,
Шұбырған із қуып.
Балапан қырандар,
Жүрісі тым суыт.

Олар да жарысып,
Намысқа барысып.
Қайратын сынамақ,
Мәреде табысып.

Қыран боп ұшқандар,
Көкшіл көк құшқандар.
Балапан қырандар,
Қолынан ұстаңдар.

Жас қыран — дарындар,
Сөнбейтін жалындар.
Бәрі бар кейінде,
Шұбырған қалында.

О, ұлы қырандар,
Бәрің де сынаңдар.
Оларда — күй жаңа,
Жанында жыр — ән бар.

Жайнаған сыландар,
Кіл ерке бұландар.
Әлемнің ажары,
Жұлдыздар — ұландар.

ТУ ҰСТАУШЫ

Аспандай туды лепіртiп көкке,
Ойнатып бара жатырсың.
Қызыға қарап құмартқан көпке,
Сен бүгiн нағыз батырсың.
Көзiңнен ұшқын, жүзiңнен жайнап.
Нұр тамып, бойды балқытып.
Жiгерiң, күшiң қазандай қайнап,
Көңiлiңдi асқак шалқытып.
Соңында лек-лек толқындай халық
Қернеген көше ағылып.
Астына тудың топтала қалып,
Шырқалды ән, дабыл қағылып.
Бақыттың жырын төгiлген тыңдап,
Шаңқан аспан, жарық Күн.
Көтердiң туды, бұлқынған, тулап,
Ары деп дана халықтың.

Айқайың ащы шықты, қорқақ па едің?
Қиқулап алмақ па ең сен атақ—сенім.
Дала да жатыр тыныш моп-момақан.
Кенелткен мол дәулетке байтақ елін.

Шықпайды күннің үні көкте жүзген,
Биіктен жерге аппақ маржан тізген.
Айдың да, жұлдыздың да дыбысы жоқ.
Жымындап кең жиғанға көзін сүзген.

Нан піскен кеудесінің буын атып.
Елді қояр ақымақ шуылдатып.
Тау қопарсын еңбеккер елп етпейді.
Даңқын халқы көтерер дуылдатып.

МЕН АҚЫН БОП ТУМАС ЕМ

Күн күлімдеп інжу, сәуле төкпесе,
Гүл үлбіреп хош иісін сеппесе,
Боран бұрқап, тентек желін жекпесе,
Жібек самал сар даланы өппесе,
Мен ақын боп тумас ем.

Қара қанат түн аспанды жаппаса,
Ерке қыздай жұлдыз жымың қақпаса,
Назды өзендер сылқ-сылық күліп ақпаса,
Ақ қайыңдар шашқа шолпы тақпаса,
Мен ақын боп тумас ем.

Жолаушылар жол азабын көрмесе,
Көктемеде қаздар қайтып келмесе.
Жер ырысын көл-көсір ғып бермесе,
Ел ұлының жүрегіне сенбесе,
Мен ақын боп тумас ем.

Қырағы көз қыран түлкі ілмесе,
Заманына шалқып жастар күлмесе,
Шындық-қылыш жауыздықты тілмесе,
Ащылығын тердің адам білмесе,
Мен ақын боп тумас ем.

ТАҢ КЕЛЕДІ

Жұмысшылар,
Сенің таңың бұл атқан,
Мейірімін,
Шапағатын құлатқан!
Толқынымен тіршіліктің аралап
Шаттық күйі кетпей жүрсін құлақтап!

Дикан қауым,
Сенің таңың бұл атқан,
Өршіл әнін бозторғайға жырлатқан!
Тында, тында!
Нанның әнін даладан,
Бозторғайдан, құрақтар мен бұлақтан!

Малшы қауым,
Сенің таңың бұл атқан,
Жайлауынды шапағына боятқан.
Қалың малды шығар шүйгін өріске,
Дүбірімен паң даланы оятқан.

Таң келеді, таң келеді түн түріп,
Нарттай нұрын желбіретіп,
Құлпырып!
Ей, адамдар,
Бейбіт күннің әр таңын,
Қарсы алыңдар қолтықтаса бір тұрып!



ПЕТЕРГОФ

Жанымда түлеп көп арман,
Санамда шалқып сағыныш.
Алдымда жатқан көгалдан
Басталған — толқын ағылыс.

Ағылған халық анталап,
Ақ нист, үлкен жүрекпен.
Ізгілік теңдеп арқалап.
Нәзіктік, шіркін, дір еткен.

Сұлулық таңдай қақтырып,
Толқытып көңіл терсең.
Үміттің шамын жақтырып.
Ақ сәуле құшып келемін.

Сыңғырап, бірі сылдырап,
Ұмтылған көкке фонтандар, —
Шөлмектің ауызын ұрғылап.
Атылып жатқан шампандар.

«Құдайлар» алтынға оранған
Бақша ішінде жүр жосып.
«Бикештер» керім жаралған.
Ұзақ күн кімді тұр тосып?»

Әр мүсінге жан салып.
Қойған-ау дейсің шеберлер,
Салтанатына тамсанып
Өтті ме Петр кеменгер?

Мұнда келген жас — кәрі
Бұл күндер рахат кешеді.
Зұлымдық ойдың бастарын,
Періште пиғыл кеседі.

ВЫБОРГ ЖОТАЛАРЫ

Выборг жоталары
Тұтасқан қарағайлар,
Топырлап боталары,
Шұбырып барады ойлар.
Ойлардың жетегінде.
Келемін орман кезіп.
Кей-кейде кетемін де
Шығындап жөннен безіп.
Блиндаж, окоп жатыр,
Алдымда — майдан ізі.
Кім екен? Қандай батыр?

Білсем-ау, қайдан өзі?
Қатты ұрыс, қайнаған қан.
Жылғаға жылап аққан,
Көк түтін, айнала шаң,
Қайындар құлап жатқан.
Жау ғана батыр жаңға.
Көрінген кегі қайнап
Жандәрмен атылды алға,
Қызыл ту көгінде ойнап,

...Өзіммен бірге өскен.
Қарағай арсындар ма?
Сындарлы ғұмыр кешкен,
Қайындар барсындар ма?
Қызылжар орманынан
Құс болып келдіңдер ме?
Жарасып ордалы маң,
Қалуға көндіңдер ме?

Қайындар батыл жандай,
Тек Жеңіс тілегі боп,
Қайындар батырлардай,
Кеудемен тіредің оқ.
Көп-ті ерлер Қызылжардан,
Елімнің атпалдары,
Жау шебін бұзып-жарған,
Выборг ақтангері,
Выборг ақ таңдары.

ПЕТРОПАВЛ ҚОРҒАНЫ

Ізгілік отын жаққандар
Жана алмай кеткен өздері.
Қоңырауын таңның қаққандар.
Аша алмай кеткен көздерін.

Салауат салып зор үнмен
Орыстың бұлтын айырып.
Жаңа бір лектің көрінген,
Қанатын апты қайырып.

Талай ер, боздақ — жазғандар
Сандалған осы қорғанда.
Күркіреп, күліп азбаңдар,
Езулеп қанды сорғанда.

Патшалар неге тас жүрек?
Патшалар неге аң болған?
Қорғандай іші тас түнек.
Жанарға неге қан толған?

Мұнара биік басында
«Періште» бұлтты жұлмалап,
Жауыздық деген осында
Өрбіді ме екен жыл санап?

Патшалар жасап сұмдықты,
Ұлдарын елдің жойыпты,
Бостандық, бақыт, шындықты,
Қорғанға қамап қойыпты.

НЕВА

Толқыған Нева,
Шалқыған Нева — көк айдын,
Бауырында ойнап,
Қойнында мүлгіп тоғайдың,
Есілдей ерке
Көсіліп аққан сылаңдап.
Арнасы лықсып,
Жөңкіледі екен бұлаңдап.
Толқиды тулап,
Толқиды демде сайран сап,
Кетеді зулап,
Адамдар тосын қайран қап.
«Метеор» ма әлде,
Толқын ба желдей ұшыртып,
Көк мұнарларды алады екен қусыртып.
Кеудені кере,
Жұтып ап салқын самалды,
Шырқайсың, бұрын
Айтып көрмеген жаңа әнді!



АЙНАЛАЙЫН ЖАРЫҚ КҮН

Қырым күні шығады екеп алаулап,
Нарт қызыл боп желбіреген жалау нақ.
Тау да шөгіп, бас игендей бола ма,
Қызыл тацга, қызыл күнге баяулап.

Бар тіршілік арнап жатқан алғысын,
Уа, күн — Ана, күдіреттім, армысың!
Қара түннен, қара бұлттың ішінен
Адаспастан жеттің бе өзін, бармысың?

Адастырып кеттің қанша ізінді,
Қанша уақыт көре алмадық жүзінді.
Қара тас та қалтырауға айналды,
Теңіздің де «мінезі» сәл бұзылды.

Жел де тулап әнін салып сызылған,
Долы толқын жар соғады қызынған,
Қасиеттім-ау, күліп келген сәтінде
Жайнады жер, күлді көңіл бұзылған.

...Солай бізді адаспай-ақ тапты Күн
Бұйра толқын баса алмады аптығын...
Тау мен теңіз жарық күнді мадақтап, .
Жырлап жатыр тіршіліктің шаттығын.

Ой мен қыры тұнып қалған гүл баққа,
Жатыр Қырым жүзін беріп күн жаққа.
Нұрлы қолы нулы тауды аялап,
Күн жарықтық, жылжымайды аулаққа.

ЯЛТА ТҮНІ

Аспаннан түсті ме,
Ялтаның үстіне.

Жұлдыздар,
Маржандар
Теңізден көшті ме?
Ялтаның үстіне?

Қызылды-жасылды,
Инжулер шашылды,
Түндегі қаланың
Көркі де ашылды.

Порттағы маяк та
Жағаны бояпты.
Қалғыған теңізді,
Ұйқыдан оятты.

Ыңыранып, күркүреп,
Жағаға дүркіреп,
Толқындар жүгірді
Жауырыны бүлкілдеп.

Жұлдыздар арқалап,
Кемелер, бар қала.
Тылсым түн сиқырын,
Көресің Ялтада.

ҚАРЛЫҒАШТЫҢ ҰЯСЫ»

Құзар тас көкке 'өрлеген,
Төменде теңіз тұңғық.
Өмірі өзім көрмеген,
Көрініске жан тұрды ұйып.

Найзадай таудың басында,
Жарқырап тұрды бір сәулет.
Қамал ма дейсің расында,
Өткізген ғұмыр көп әулет?!

Қым-қуыт өмір шуынан
Безініп тауға шықты ма?
Тасыған дәулет буынан
Салдырған мұра мықты ма,

Қнязь ба, бай ма, барон ба?
Білмедім, анық онысын,
Әйтеуір, бір сыр бар онда.
Салдырған шыңға қонысын.

Көкірек көзі қияннан,
Көретін жан ба, кім білсін?
Өнерлі қолы қиялдан,
Жасапты дүние бір тылсым.

«Қарлығаштың ұясы»
Дейді екен мұны көбі елдің.
Мисхордың қиын қиясы.
Көрмесі қазір өнердің!

ЧУФУТ ҚАЛА

Чуфут қала — қорған қала, тас, қала,
Тас босаға, тас үй кілең тас қана...
Тас еден мен тас жолдарда тұрған қақ
Тас қаланың көз жасы ма, масқара!

Тау басында тәңірменен тілдескен,
Тас қалада қай кермет күн кешкен?
Тас мешіттің көкшіл күмбезі астында.
Аузын ашқан тас азаншы үні өшкен.

Кеше ғана қой — ешкісін қайырып,
Жүрген шал жоқ, қойлар жатыр жайылып.
Шыңыраудан су әперген шығырдың
Найзағай ғой діңін кеткен айырып.

Жетіп кеткен, жетпей кеткен ғұмырлар,
Тастақ та бар, шомбал тасты тұғыр бар.
Шеберлер жоқ,
Шебер қолдың таңбасы —
Таудың суын сарқып жатыр құбырлар!

ТЕРЕҢ СОҚПАК

Терең соқпак, мені де тауга асырдың,
Қай заманның ізі едің, қай ғасырдың?!
Шатқалды да, шынды да аралапсың,
Міне, тағы найзадай күзға асылдың.

Жымға түскен аңшыдай елендегіш,
Айналаны қараумен келсем тегіс.
Мәңгі жасыл ағаштар, мәңгі жасыл,
Жасыл торғын жамылған селен де еңіс...

Шайқалмаған тыныштық, ұйып тұрған.
Тамылжиды үңгір, тау ұйып тынған.
Тау үнсіз, үңгір үнсіз құжынаған,
Қанша елді құшағына сыйыстырған.

Қанша сұрақ миымды қамалаған,
Кімдер екен үңгірді паналаған?!
Қабат-қабат бөлмелер таудан ойған
Шын өнер! Таңданып та қалам оған!

Соңына қалдырмаған қағаз, хаттап,
Белгі жоқ қай заманнан кеткен тастап?!
Әр ошақтың өзіндік тарихы бар,
Соқпағы бар шығатын көшін бастап.

Сол соқпақтың бірімен мен де келем,
Өз-өзімнен асығам, желдсі желем...
Терең соқпак апарған дәл осындай.
Ғажайып үй-үңгірді көрмеген ем...

САПУН ТАУЫ

Ассақ деп таудан, белестен,
Адамдар талай кеңескен.
Тіршілік жолы оңай ма,
Шалдығып, кейде егескен.

Егескен, намыс жүректер,
Жеткізбей тәтті тілектер.
Сабылып жорға тұлпарлар
Қалтырап қолтық дір еткен.

Не пайда кейіп, жасудан
Асу да керек асудан.
Несі бар таудың сыртында,
Адамның әлі жасырған?!

Қазанаттарды қамшылап,
Тері оның ащы тамшылап,
Өр асып бара жатыр ел
Өрлеген шыңға жолға ұстап.

Кәрісі және жасы да,
Жетті әрең таудың басына.
Сабылтқан атты сабындай,
Сабын тау деген осы ма?!

Сапун — сабын деген сөз.

ҚИПАРИС

Бойың сұңғақ аспанменен таласқан,
Мекенің тау, тал нұсқана жарасқан.
Сенен барын аямай-ақ табиғат.
Сұлулықты сыйлапты гой о бастан.

Күннен күнге жасарасың, өсесің,
Кеуденде ашып нұр мен гүлдің көшесін.
Ғажайыпқа толтырарсың сен нелер,
Сұлу сырлы көңілдердің кесесін.

КИПАРИСТЕР АЛЛЕЯСЫ

Тізілс қап өрлеген тау басына,

Кипаристер аллеясы осы ма?!

—Осы, — дейді бармақтай қыз білімпаз.

Ғұламадай, қарамастан жасына.

Жиналғандар зейін қойып тыңдап ең,

Сұлу қыздың сөз саптасы тым бөлек.

—Мисхор мынау, Қырымдағы керім жер,

Дегендей ол: ақын аға, жырла деп.

Жасыл мисхор тұнып тұрған бау-баққа,

Аллеямен өрлеп келем тау жаққа.

Қасиетті орын, Сауық құрған үш алып—

Толстой мен Чехов, Горький бір уақта.

Сулар ақты, өтті уақыт керуен көң,

Сезінемін: жүр-ау олар серуендеп...

Көре қалса сұрап қалар қапелім:

—Әй, жігітім қай ауылдан келдің, —деп.

Көрніске әр елең ете беремін,

Көкірегімде күмбірлейді өлеңім.

Көз алдыма сұхбаттасқан аяңдап.

Үш ұлыны елестетіп келемін.

БАҚША САРАЙ

Жиһангерлер шұбырған қаптап бәрі,
Даңқы асқан соң Қырымнан, Қаптап да әрі.
Бақша сарай. Алтын тақ. Таққұмардың
Кеудесінде өршіді-ау аптаптары.

Қайқы қылыш, алдаспан, өткір болат,
Қабырғада ілулі өттім қарап.
Талай басты секірткен иықтардан,
Уақыт, семсерлерді кеттің қамап...

Бәз-баяғы қалпында өзгермеген,
Алтын бөлме бұрын еш көз көрмеген.
Хауыз бар әсем осы кең бөлмеде
Мүшәйрада қыз-жігіт сөз зерлеген.

Ғашық жанның көзінсн өксіп тамған:
—Арманға жеткізбеген өшсін жалған, —
Деп мұздай тасқа тамшы домалайды,
Махаббат мәңгілік боп өстіп қалған.

ҚҰЛПЫТАС

Ғасырларды, тереңдерді жаңғыртқан,
Қырым—Гирей белгілі есім бар жұртқа.
Өр теңіздің толқынымен алысып,
Қанды қолы талай елді қаңғыртқан.

Жер жастанып жатыр, міне, мәңгілік,
Тұрар ма ол кеудесіне жан кіріп?!

Алмас қылыш ұстаған қол қозғалса,
Тұла бойы күшке толып, жаңғырып.

Өлі жанды атақ пен даңқ жылытпас,
Қаусаған бас қарғысты да, сыр ұқпас.

Соны айтып жел өтінде тұр, әне,
Тірісінде өзі ойдырған құлпытас.

**БАЯН КӨЛ,
БАЯН АУЫЛ,
БАЯН СҰЛУ.**

Сыр тыңдаймын желден де,
Кәусерлі айдын көлден де,
Қыз емшекті белден де,
Сүмбіле төккен селден де,
Шөптен де, гүлден, жерден де
Кәрі құлақ елден де.

Айтады бәрі жасырмай,
Шындықты, шектен асырмай.
Шындықты жақұт тасындай.
Көздің ыстық жасындай.

Өксіген елдің мұң-зарын,
Өкпемен өткен қыздарын,
Өктемдіктің ызбарын,
Заманының ызғарын,
Ерімнің кешкен мұз-қарын.

Табанынан өткен сыздарын
Жалықпай айтып тұр маған,
Орман да әсем жырлаған,
Елік те оқтай зырлаған,
Бозторғай көкте шырлаған.
Тыңдадым ұйып, тыңдадым.
Ұнап тұр осы сыр маған.

* * *

Есілдің өрінде ойнақтап,
Өсіпті сұлу бой баптап.
—Адамдық мейір—тілектен
Жаралған, — десіп, ел мактап.

Қарлығаш қанат — қастары,
Торғындай қара шаштары.
Ақ жүзі — әппақ сәуледей,
Сұқтанып көрген жас кәрі.

Тісі — мерусерт тізілген,
Тал шыбық—белі үзілген.
Баян қыз көркі ауылдың,
Сұлуға көздер сүзілген.

Әсsem ғой бұл жер ежелден,
Қырмызы гүлмен безенген.
Жап-жасыл орман шілдеде
Сұлулыққа бір кезі енген.

Көл тұнып жатыр, көл тұнып,
Інжуге құшақ толтырып,
Ырғайлы қамыс -шерулі.
Келе жатқандай қол тұрып.

Базары құстың, думаны,
Айна көлдің шу маңы.
Қызық-ау аққу ойыны,
Шүрегей үйрек суманы.

Жасыл торқа жамылған,
Далада сағым сабылған.
Астында күннің сыңғырлап.
Бозторғай — қоңырау тағылған.

Астына мініп боз атын,
Қыз Баян қырға шығатын.
Қызықтап керім даланы,
Жарысып желден озатын.

Ата-ана келмей бетіне,
Жібсрген бастан еркіне.
Сөйлесседі ол тең тұрып,
Қарамай жанның бөркіне.

Ақылды Баян, нұр Баян,
Сандуғаш Баян, жыр Баян.
Бұлбұлы елдің сайраған,
Сыр сандық еді сыр Баян.

Жаралған жауын суыпан,
Күміс көлдің буынан.
Ол жаралған, — дейді ел
Күдіретті әннің дуынан.

Ақ мәрмәрден құйылған,
Күн нұрымен жуылған.
Әңгіме Баян болады,
Тойларда жұрт жиылған.

Сұлудың ауылына аттар да.
Шабатын тойлы шақтарда.

Баянжан, шырқа, тыңдайық.
Әнінді, — дейтін қарттар да.

Шырқайтын Баян жай күліп,
Ән сазын сонау Айға іліп,
Көңілді, бірде мұнды әндер.
Аралас еді қайғы, үміт.

Бұлбұлша ол сайрап далада,
—Тыңдайды карт та, бала да
«Елімнің бағы бола көр!» —
Деген ой бар әр санада.

«Күні боп кімнің жанасың?
Жыры боп кімнің қаласың?
Көреміз бе екен өзінді,
Жар еткен қазақ баласын?!»

Армандап жүрді жастар да,
Сұлуды ауыздан тастар ма?
Бетіне қарап тіл қатса ол,
Мәз болып қызба бастар да.

* * *

Кеше осы үйден ән шалқып,
Тыңдап еді ел балқып.
Бүгін — жылау, жабырқау,
Боздағандар көз сарқып.

Атақты бай Шойынбай,
Түрі де сұсты шойындай.
Даңқына қанық Баянды
Жар ету бар-ды ойында.

Жер таянып келгенде,
Бақыт! — деп қызық көргенде!
Обал менен ұятты,
Қуанды, сезбей шерменде.

Ата-анасын байлатып,
Күл-көмішке аунатып.
Тұтқындады ол сұлуды
Бойда қанын қайнатып.

Сұлуды атқа өңгеріп,
Сонысын сумдар жөн көріп,
Қара күш, зорлық болмаса,
Барар ма шалға ол көніп.

Кім сұрар одан көнбессе,
Заманды соған көн!» — десе.
Үстемдік шоғын көрік боп
Көп күштілер демдесе.

Шойынбайдікі жер — мен көк,
Қара құс та ұшқан желбеңдеп.
Балаң гүл — сұлу сонікі,
Қайын да тұрған ербеңдеп.

Астында аты мойылдай,
Сақ-сақ күліп Шойынбай.
Мастанады, масайрап,
Құмарлыққа тойынбай.

Күздің түні ызбарлы,
Жел шулайды ызғарлы.
Күңіренгендей көр дала.
Сыртына шашып ызғарды.

Орман шулап, азынап,
Күз қойған ба жазын ап?
Көкірегінде сайраған.
Алуан сырлы сазын ап?

Сазынап ап кетті Баяндай,
Бір декірлік ой алдай!
Өнерді сүйген көп жұрттың
Омырауы жасқа боялды-ай.

Далада дауыл шулайды,
Көлде толқын тулайды:
«Енді қайтып Баяндай.
Бұл жерде сұлу тумайды!».

Туар-ау, туар даналар,
Тұрғысынан даралар.
Өктемдіктің өртінен
Олар кімді паналар.

Пана болар ер қайда?
Қорған болар жер қайда?
Алтын ұя-ақ орда,
Түтіні түзу ел қайда?

Бұлттан шығып Ай да тұр
Лапаста көк ат ойнап құр.
Дөңбекшіп, аунап, тыншымай.
Ақ төсекте бай жатыр.

Аждаба жатыр төсекте
Құлаған дөңбек, кесек пе?
Кебеже қарын бұл хайуан.
Адам боп, жүр-ау есепте?

Ару әбден ызалы,
Тулайды каны, қызады.
—Ұйыған сүттей тірлікті
Сұм тағдыр қалай бұзады?

Тағдырын ол қарғайды,
Заманын да қарғайды.
Қарғағаннан не өнер? —
Қапа болып сарғайды.

Күмістей сақал, шашына,
Қарамай 70 жасына
Қыз құшам дейді-ау, мен сонда,
Қалай барам қасына?!

Кез қылған шалды бағына
Боздады ару тағы да.
Жылағанмен кім барар
Істің адал, ағына.

— Көпілім де жасарып,
Қуанам десем жас алып.
Ши ішінен шықпайсың
Неғып тұрсың, қасарып?! —

Деп Шойынбай тепсінді,
Тепсінді қызға кексінді —
Өңменіне Баянның
Қадалғандай көк сүңгі.

Өлсемде бермен еркімді,
Жұтпаған дейсің көр кімді.
Жүрмеймін деп қорлықта
Бір ойға ару бекінді.

Төсекке келді ол, кашпады,
Ашумен сырын ашпады.

Жеңіне тыққан пышақпен.
Шалды жарып тастады.

Қорқырап шал бір аунап,
Өңменіне қан саулап.
Тынды, өшті шырағы!
Тұрмайды енді жан даулап.

Орындалса да тілегі,
Қалтырап кетті жүрегі.
Баян тұр қақан қазықтай.
Ақ шүберектей іреңі.

Пышағын қолдан босатып,
Көзінен мөлт-мөлт жас атып.
Оятқандай ұйқыдан.
Әлде кім оған тас атып.

Бойы мұздап терледі,
Өзін-өзі жерледі.
Аққан қаннан басқаны
Баян қыз еш зат көрмеді.

Ыңғайланды ол қашуға,
Шама жоқ есік ашуға.
Байланған есік тастүйін
Айналды ол шын-ақ сасуға.

Әйтеуір, ашты-ау есікті,
Бой жнып, жібін шешіпті,
Жаяу қайда барамын?...
Ат барын Баян кеш ұқты.

Құлап - сүрініп, асығып,
Атқа да жетті ол, асылып.
Жандәрмен мініп жөнелді
Қою түн алды жасырып.

* * *

Ел қайда, тәңірім, ел қайда?
Шалқыған шалқар көл қайда?
Шалқалап басқан бел қайда?
Сарғайып, жүдеп келгенде
Қарсы алып тұрар ер қайда?

Ата-ана қайда, бармысың?
Бауыр мен кұрбы армысың?

Зарлатқан мені жылатқан,
Дұшпанға болсын қарғысың!

Байларды қарға туғандар,
Жас пен жүзін жуғандар.
Көргенше тепкі малдыдан
Анадан қыз боп тумандар!

Аспан құлап үстіне,
Апат келсін күштіге!
Боздасын мендей, боздасын
Сия алмай жердің үстіне!

Шойынбайды өлтіріп,
Ордасын қанға толтырып.
Келгенде мені дұшпаннан
Қорғайды қандай қол тұрып?

Жылатпайын елімді,
Таптатпайын жерімді:
Жау іздесе, тапсын-ақ
Тұңғыықтан көрімді

Кегін ап жаудан Баян қыз,
Жүйрікпен шапты алаңсыз.
«Өскен ел, өне, өскен көл,
Өтіпті гұмыр баянсыз!»

Баян қыз көлге заулады,
Атқан оқтан аумады.
«Қош бол елім!» — деген үн.
Толқынмен бірге аунады.

Тып-тыныш толқын тулады,
Тулады, сыңсып шулады.
Баян көлдің үстіне,
Бір жұлдыз көктен зулады.

* * *

Баян көлдің басында,
Жиналған кәрі жасың да,
Салтанат мұндай болған жоқ,
Қеремет деген асында.

Көңілдер кілті ашылған,
Құлкілер күміс шашылған.
Әзіл мен қалжың түлейді,
Кешегі жұрттан басылған.

Жазғы гүлдей түрленіп,
Қыз-боз бала түрге еніп.
Жүрегінде елдің қуаныш,
Арманды өмір бір келіп.

Біріксін енді іргеміз,
Қоғамға түгел кіреміз.
Бостандықтың нұрымен.
Түнекті түнді түреміз.

Деп адамдар дуылдап,
Даланы кере шуылдап.
Өскен сезім, ұшқан бақ,
Көңіл де қалай суынбақ?!

Ауылдың атын Баян деп,
Қояйық деді тамам көп.
Жаңа тұрмыс қырдағы.
Осылай жатты аян боп.

Сәби келді өмірге,
Шексіз шаттық көңілге.
Көңілді әке Сансызбай.
Той айтты бар өңірге.

Ауыл үйдің іші де,
Келіпті үлкен кіші де.
Тост алынды бөбектің.
Тез өсу үшін де.

Қыз— бөбектің құлдырап,
Құнтаңдауы үшін де
Моншақтары сылдырап.
Кеселер жатты сыңғырап.

Шешесі отыр гүлім деп,
Бөбегіне күнім деп.
Сәбиге ат қояйық —
Деді Сексе күлім деп.

Ісі менен сөзі сай,
Сексенбай да сөзге бай.
Баян қыздың тарихын.
Төгілтті, қалып өзге жай.

Түнек түнде қарманып,
Талпынған ол таңға анық.
Біздер қазір отырмыз,
Өрлігіне таң қалып.

Басын тұман торлаған,
Махаббатын қорғаған.
Баяндай болсын бұл бөбек.
Осы есім, әсте зор маған.

Бөбек Баян іңгәлап,
Жатыр ма екен жыр қалап?
Ақ мамасына ұмтылды ол
Анасына бір қарап.

Күн нұрымен шағылып,
Үйлер желек жамылып.
Қоңырау үнді балалар
Мектеп жаққа ағылып.

Күй қалықтап жөнелді,
Аспаннан қарап төменді.
Төменде ауыл, мектеп тұр,
Қайнатып өсер өнерді.

Серікбай қолға домбыра ап,
Астыңғы шегін мол бұрап.
Қол соқты шекке — асау күй.
Жөнелді желмен жол кұрап.

Мектеп толы халыққа,
Қызықтан ел қалып па?
Өнерпазға қол соғып:
Тағы тарт! — деді жалықпа!

Әншіге кезек берілді,
Ән жібектей өрілді.
Балғын Баян бұлбұл боп.
Сайрап, елге көрінді.

Түлетті жанды, түлетті,
Қытықтап әуен жүректі.
Баян қыздың сіндісі,
Елден алды ақ тілекті.

Әнші бол, Баян әнші бол,
Елде өнерге жаршы бол.
Апаң Баян аңсаған,
Бақ жұлдызын алшы сол.

Апаң Баян аңсаған,
Әннен мүсін салшы оған.
Қайран болсын бар адам.
Көкте жұлдыз самсаған.

Дала — отаны қазақтың!
Дала — наны қазақтың!
Дала — бағы қазақтың!
Дала — қаны қазақтың!

Бір жаңалық келер деп,
Дала жатқан елендеп.
Құрманғали шықты эне,
Трактормен көлендеп!

Ән төгіліп жер-көктен,
Түледі қыр еңбекпен,
Толқиды сгін теңіздей —
Күткен байлық ел көптен.

Шырқаса Баян еркіндеп,
Көк күмбезі желпілдеп.
Қировецте барады ол.
Тұлым шашы желкілдеп.

Баян төккен тер қырга
Арқау болып жүр жырға.
Алтын таулар тілдесіп.
Күнмен қанып тұр сырға.

Нағыз ерлер — диқандар,
Диқандар да ду қан бар.
Дала даңқын самғатқан.
Диқандар да сұңқарлар.

Баян — диқан белгілі,
Ауыл ері, ел гүлі.
Баяндармен шығады.
Күлімдеген ел күні.

ЖАРҚЫРАТЫП ТҰРСЫНШЫ АСПАНЫҢДЫ

Мейлі мен болайыншы бақытсыз-ақ
Ешкімге бармас едім бақыт сұрап.
Көкте күн, жерде жусан таныр мені,
Маңдайда жылтыраған жақұтсыз-ақ.

Жо-жо-жоқ, бас имеймін мың жығылып,
Алдында мықтылардың құлдық ұрып.
Қиындық қорысынан қыңқылдасам.
Аузыма қойыңдаршы құмды құйып.

Түк емес, ұсынамын бас бағымды,
Керексіңсе қиямын жас жанымды.
Жарқыратып тұрсыншы бақ шолпаны
О адамдар, көгілдір аспаныңды.

МАЗМҰНЫ

	бет
Ақынның өлеңі — өмірі	3
Сарыарқам — ордам	7
Сарыарқам — ордам	9
Ей, туган жер ✓	10
Отаным	11
Әлемде орны бар бірі алыптың	12
Мен туган жер	18
Төрекелді	14
Жолдыөзектің ақ таңы	15
Нөгербек	16
Балықтым, менің Балықтым	17
Қараағаш	18
Үйіме	19
Ақ қайыңдар аралы.	20
Есіл бойында ✓	22
Әуілдек	23
«Өрнек» ауылындағы жартасты көргенде	24
Қараағашқа	25
Ауылды сағыну	26
Өскен жер	27
Ауылды еске түсірдің	28
Азат батыр	30
Жалғыз тау баурайында	31
Зауал	36
Оқжетпес	41
Арагундер — Арғындар	43
Қырық жылғы қалпында	41
Домбыра	46
Балбал	47
Биші ат	48
Құдалықта	49
Жілік ұру	50
Қызылжарым ✓	52
Қызылжардың медресесі ✓	54
Жолдыөзек	56

Тың игеруші	57
Қарлы түн	59
Жаңа жыл келді	60
Қар кеткенде	61
Көктем үні	62
Көктем, көктем	63
Көктем келді	64
Ауылдастарыма	65
Ауыл таңы	66
Экспромт	68
Орман әні	67
Құйын	69
Аптап	71
Найзағайлар	72
Қариялар	73
Қиып өттім алдынан	74
Бәйге	76
Асауды ұстау	77
Көкпар	78
Дода	79
Күй	80
Бөрібай	82
Тіршілік — маздақ	83
Нәубет жылдар	85
Ғұмырын ұлы елді басқаруға арнаған	87
Аштық	88
Ауыл аман, үй де аман	90
1930—31 жылдары	92
Салық	93
Соңғы қазақ мен болам ба?	94
Қырық жыл қырғын біткелі	96
Соғыстың зар-мұңынан уана алмай	95
Соғыс десе, дір етсіді жүрегім	97
Соғыс жылы болатын жалындаған	98
Сарғыш хат	100
Сағыныш	102
Қос қарлығаш	104

Бір үзім нан туралы баллада	105
Қол диірмен	106
Боранда	107
Үзілмеген үміт (Баллада)	108
Іздеу	111
Біз көрмейік соғысты	112
Қара жол бұққан шаңдағын	113
Келші, аға	114
Солдат кабірі	115
Он жетіде едін	116
Қаралы хабарды шешеме естірту	117
Өгіз бағып жүруші ек	121
Он бесім	120
Жетімек	122
Интернаттың қара наны	123
Нап не деген дәм еді?!	124
Түсімде көрген өгіз	125
Әке	127
Әке өсиеті	128
Дала перзенттері	129
Ардағым	131
Даланың шаңқанбозы	132
Дикан тураты жыр	134
Тіршілік тынысы	136
Қария ажалы (Баллада)	137
Ұлан (Баллада)	193
Жаралы жауынгер (Баллада)	144
Ақан сері	150
Қасқа бұлақ басында	151
Байқадам ауылында	152
Қара торғай	154
Абайға	156
Бөгенбай батырдың тойында оқылған өлең	157
Есiлдiң өзiң өскен атырабы	158
Аға туралы сыр	159
Бәйтерек	160

Мұхтар ескерткіші	161
Мағжан — жыр	163
Өзіндей қайта тұса Мағжан ақын	164
Есілге жанын жайып Қызылжардан	165
Таланттыға тағдыр өш	166
Мағжанға кім өшігіп, кектенді екен?	
Ұлылығына бас ұрып	169
Күлеке батырдың соңғы сөзі	170
Тынгердің толғауы	173
Айқас	178
Адамның кейбір кездері	181
Тәңірімбісің	183
Жалыны қызыл—жасыл серпіле атқан	184
Сен күлші, жаным	185
Сүй, жаным, сүйсең—күйдіріп	186
Туған күніңмен	187
Тілек	188
Тұтқындайды сені әйел	189
Ақтоқаш қыз	190
Жаспын деп өзімді айта алман	191
Бозбала шақ	192
Сұлулық	193
Көңіл	194
Ән айтсақ, кеуіп кетер алқымымыз	195
Арманға асқар	196
Дүние тынысын тыңдаймын	197
Ала бергің келеді	198
Ұқсастық	199
Мен даланың ұлымын	200
Журналист	201
Бауырым Қизатқа	202
Жарқырап тұрсын аспаның	203
Ұмтыламын	204
Еркежаным	205
Кездесіп жүрмін бәріңмен	206
Қысқы орман	207
Жұлдыздар	208

Қызығына құлпырып жыр—өмірдің	209
Жақұт	210
Бабалардың айтуынша нағыз дос	211
Тұу, апа-ау-	212
Ойлаған жезді алтын деп	213
Келер күн	214
Ағалардың сенімін ақтаймын деп	215
Қорқыныш	216
Ақырғы сәтте	217
Қажырын шыңдап	218
Жастық-ай	219
Саушылықта —бақытың, байлығың да	220
Жүрегім ауырғанда	221
Табиғат ғұмыр бізге аз беріпті	222
Бір аяғым көрде, бір аяғым жерде	223
Сый құрметті ешкімнен тілемеймін	224
Сен аман бол, қоңыр ботам	225
Достан хат	226
Әй, сор маңдай	227
Не тұр алда?	228
Автомобиль апатынан кейінгі ой	229
Не керек маған?	230
Ей, балам-ай	231
Жөңкіліп жүр ме мұң — батпаңды бұлыты	232
Кетіп бара жатырмыз	233
Жас қайың едім	234
Бар қызуын көкте күннің сарқып ап	235
Осы күнде Қызылжарда баяғыдай ✓ базар жоқ	236
Көңіл құсы	237
Мен осы осалмын ба.	238
Ақыл естен айырылардай	239
Уақыт-ай	240
Күнді өшірмек болғанмен	241
Ширек ғасыр көкірегіме қондырып	242
Зоопарктегі маймыл мен ақын	243
Ашиды жаным	244

Шабыт	245
Алдым жаз	246
Бура тау	247
Ақ көңіл	248
Асау	249
Өтеді күндер	250
Қыс келгенде ауылға	251
Өрлігінді бер маған	252
Жолаушымын	253
Қиялшыл-ақ	255
Бұлақ	256
Бұлт	257
Көктемде сауық кеші	258
Достарым менің	260
Ұмытып кеттім өзімді	261
Боран	261
Төбемде ойнап тұр жасын	263
Соқшы боран түтетіп, аласұрып	264
Жүзінді, қас пен көзінді	265
Комарово	266
Өсек	267
Жолгұт	218
Қайғыны маған сыйландар	260
Сол жақ көзім тартады	20
Кірпігінді саялаймын	271
Бейіт	272
Топырақпын	273
Қырға қаулап келе жатқан	274
Қызғаныш	275
Қеудеме сыймай тұрсың-ау	276
Досқа	277
Түн	278

Қайда кетіп барамыз	279
Аркадий Патша	280
Ақ құрымды қиялдап	281
Кейде жылап жатамын түсімде мен	282
Шалқыған ән	283
Өзім туралы	284
Жарық дүние, ризамын	285
Оқудан қайтқанда	287
Мең қандаймын	288
Өмір суреттері	289
Ақын болып тумасаң	291
Өрлігіңді бер маған	293
Сел болып ағып келемін	294
Ордабасы	295
Еріңдер маған өжеттер	296
Биіктік	297
Тыныштық бер, тыныштық	298
Жанымды жайлау естейін	299
Ағызып қанды жасымды	300
Ақ сорпа болып, сабылып	301
Қап—қара бұлт емеспін	302
Ей, кең өмір	303
Бір шөкім топырақ	304
Өмір	305
Өз тілім	307
Арман—аққу	308
Шындық	309
Қайран болып келемін	310
Қырандар	311
Ту ұстаушы	313
Айқайың аңы шықаты	314
Мен ақын боп тумас ем	315

Таң келеді	316
Петергоф	319
Выборг жоталары	320
Петропавл қорғаны ✓	321
Нева	322
Қырым шумақтары	323
Айналайын жарық күн	325
Ялта түні	326
Қарлығаштың ұясы	327
Чуфут қала	328
Терең соқпақ	329
Сапун тау	330
Кипарис	331
Кипаристер аллеясы	332
Бақша сарай	333
Құлпытас	334
Баян көл, Баян ауыл	335
Жарқыратып тұрсыншы аспаныңды	345

Суретші Г. Осиик

Фотосуретші А. Королков

Тех. редактор Ю. Стрюков

Метранпаж Л. Разумова

Линотипист Т. Кулибекова.

«Полиграфенд» өндірістік бірлестігінің № 6 облыстық баспахана-
нда басылды. 1996 жылдың желтоқсаны. 642026. Солтүстік Қа-
зған облысы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 11 үй. Таралымы
100 дана. Тапсырыс № 5637. Қаріп гарнитурасы «Әдеби» шартты
табағы.